Register your product and get support at
www.philips.com/TVsupport

**6581 series**

# Нұсқаулық

49PUS6581
55PUS6581

PHILIPS

# Мазмұны


**1 Жаңалықтар 4**

1.1 Негізгі және арналар *4*
1.2 Қолданбалар және Philips TV Collection *4*

**2 Орнату 5**

2.1 Қауіпсіздік туралы нұсқауларды оқу *5*
2.2 ТД тірегі мен қабырғаға бекіту жақтауы *5*
2.3 Орналастыру бойынша кеңестер *5*
2.4 Қуат кабелі *5*
2.5 Антенна кабелі *6*
2.6 Жерсерік тарелкасы *6*

**3 Қашықтан басқару құралы 7**

3.1 Түймелерге шолу *7*
3.2 Қашықтан басқару құралы, жұптау *8*
3.3 Дауыспен іздеу *8*
3.4 Touch Pad (Сенсорлы панель) *9*
3.5 Пернетақта *9*
3.6 Қашықтан басқару құралының сенсоры *10*
3.7 Батареялар *10*
3.8 Тазалау *11*

**4 Қосу және өшіру 12**

4.1 Қосу немесе күту режимі *12*
4.2 Теледидардағы түймелер *12*

**5 Арналар 13**

5.1 Жерсерікті орнату *13*
5.2 Антеннаны/Кабельді орнату *16*
5.3 Арналар тізімін көшіру *18*
5.4 Арналар туралы *19*
5.5 Арналар тізімін сүзу *24*

**6 Құрылғыларды жалғау 26**

6.1 Байланыстар туралы ақпарат *26*
6.2 HDMI порттары *26*
6.3 Y Pb Pr - Компоненттік *28*
6.4 Scart *28*
6.5 Дыбыс шығысы - оптикалық *28*
6.6 Смарт карталы CAM - CI+ *28*
6.7 Қабылдағыш - теледидардың абоненттік қосымшасы *29*
6.8 Үй кинотеатры жүйесі — HTS *30*
6.9 Смартфондар және планшеттер *31*
6.10 Blu-ray диск ойнатқышы *31*
6.11 DVD ойнатқышы *31*
6.12 Bluetooth - динамиктер және джойстиктер *31*
6.13 Құлақаспап *32*
6.14 Ойын консолі *33*
6.15 Джойстик *33*
6.16 USB қатты дискісі *34*
6.17 USB пернетақтасы *35*
6.18 USB жад құрылғысы *35*
6.19 Фотокамера *36*
6.20 Бейне камера *36*
6.21 Компьютер *36*

**7 Android теледидарын жалғау 38**

7.1 Желі және интернет *38*
7.2 Google тіркелгісі *41*
7.3 Philips TV Collection қолданбасы *41*
7.4 Android параметрлері *42*
7.5 Негізгі экран *42*

**8 Қолданбалар 44**

8.1 Қолданбалар туралы *44*
8.2 Google Play *44*
8.3 Қолданбаны іске қосу немесе тоқтату *45*
8.4 Қолданбаларды құлыптау *45*
8.5 Қолданба, қолжетімді жад *47*
8.6 Сақтау орны *47*

**9 Интернет 48**

9.1 Интернетті ашу *48*
9.2 Интернеттегі опциялар *48*

**10 Теледидар мәзірі 49**

10.1 Теледидар мәзірі туралы ақпарат *49*
10.2 Теледидар мәзірін ашу *49*

**11 Көздер 50**

11.1 Құрылғыға ауысу *50*
11.2 Теледидар кірісі опциялары *50*
11.3 Құрылғы атауы және түрі *50*
11.4 Компьютер *50*

**12 Орнатулар 52**

12.1 Жиі пайдаланылатын параметрлер *52*
12.2 Сурет *52*
12.3 Дыбыс *57*
12.4 Ambilight параметрлері *60*
12.5 Эко параметрлері *63*
12.6 Жалпы параметрлер *63*
12.7 Сағат, аймақ және тіл *66*
12.8 Әмбебап қол жеткізу *69*
12.9 Балалардан қорғау құлпы *70*

**13 Бейнелер, фотосуреттер және музыка 71**

13.1 USB қосылымынан *71*
13.2 Компьютерден немесе NAS қоймасынан *71*
13.3 Бұлтқа сақтау қызметінен *71*
13.4 Таңдаулылар, Танымал, Соңғы рет ойнатылған мәзірі *71*
13.5 Бейнелерді ойнату *72*
13.6 Фотосуреттерді көру *72*
13.7 Музыка ойнату *72*

**14 Теледидар нұсқаулығы 74**

14.1 Сізге не қажет *74*
14.2 Теледидар нұсқаулығының деректері *74*
14.3 Теледидар нұсқаулығын пайдалану *74*

**15 Теледидарды жазу және кідірту 76**

15.1 Жазу *76*
15.2 Теледидарды кідірту *77*

**16 Смартфондар және планшеттер 79**

16.1 Теледидарды қашықтан басқару қолданбасы *79*
16.2 Google Cast *79*
16.3 AirPlay *79*
16.4 MHL *79*

**17 Games (Ойындар) 80**

17.1 Сізге не қажет *80*
17.2 Ойын ойнау *80*

**18 Ambilight 81**

18.1 Ambilight мәнері 81
18.2 Ambilight өшірулі 81
18.3 Ambilight параметрлері 82
18.4 «Бөлме жарығы» режимі 82

**19 Жоғарғы таңдаулар 83**

19.1 Жоғарғы таңдаулар туралы ақпарат 83
19.2 Бағдарламалар, ұсыныстар 83
19.3 TV on Demand 83
19.4 Тапсырыс бойынша бейне 84

**20 Netflix 85**

**21 Бірнеше көрініс 86**

21.1 Мәтін және теледидар 86
21.2 HDMI және теледидар 86
21.3 Nettv және ТД 86
21.4 Nettv және HDMI 86

**22 Бағдарламалық құрал 87**

22.1 Бағдарламалық құралды жаңарту 87
22.2 Бағдарламалық құрал нұсқасы 87
22.3 Бағдарламалық құралдардың автоматты түрде жаңартуы 88
22.4 Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал 88
22.5 Бастапқы коды ашық лицензия 88
22.6 Хабарландырулар 88

**23 Ерекшеліктер 89**

23.1 Қоршаған ортаға қауіпсіз 89
23.2 Қуат 89
23.3 Операциялық жүйе 89
23.4 Қабылдау 90
23.5 Дисплей түрі 90
23.6 Дисплейдің кіріс ажыратымдылығы 90
23.7 Өлшемдері және салмақтары 90
23.8 Байланыс мүмкіндігі 90
23.9 Дыбыс 90
23.10 Мультимедиа 91

**24 Анықтама және қолдау 92**

24.1 Теледидарды тіркеңіз 92
24.2 Анықтаманы пайдалану 92
24.3 Ақаулықтарды жою 92
24.4 Онлайндық анықтама 94
24.5 Қолдау көрсету және жөндеу 95

**25 Қауіпсіздік және қызмет көрсету 96**

25.1 Қауіпсіздік 96
25.2 Экран күтімі 97

**26 Пайдалану шарттары 98**

26.1 Пайдалану шарттары - Теледидар 98
26.2 Пайдалану шарттары - Philips TV Collection 98

**27 Авторлық құқықтар 99**

27.1 MHL 99
27.2 HDMI 99
27.3 Dolby Digital Plus 99
27.4 DTS Premium Sound ™ 99
27.5 Microsoft 99
27.6 Wi-Fi Alliance 99
27.7 Kensington 99
27.8 Басқа сауда белгілері 100

**28 Үшінші тараптар ұсынатын қызметтерден және/немесе бағдарламалық құралдан бас тарту 101**

**Индекс 102**

1

# Жаңалықтар

1.1

## Негізгі және арналар

**Жаңа негізгі іске қосқыш**

Жаңа Android негізгі экранын алу үшін қашықтан басқару құралындағы ⌂ **HOME** пернесін басыңыз. Қолданбадан және тікелей теледидардан көңіл көтеру опцияларын шолу арқылы көру қажет параметрлерді осы жерден шешуге болады. Негізгі экранда таңдаулы қолданбалардан тамаша контенттерді ашуға мүмкіндік беретін арналар бар. Сондай-ақ қосымша контенттерді алу үшін қосымша арналарды қосуға немесе жаңа қолданбаларды табуға болады.




**«Келесіні ойнату» арнасы**

Негізгі экрандағы **Келесіні ойнату** арнасынан келесі көрсетілетін контентті әрқашан білуге болады. **Келесіні ойнату** арнасында тоқтаған жерден көруді бастап, жаңа эпизодтар туралы хабарландыруларды алыңыз. Оны тікелей **Келесіні ойнату** арнасына қосу үшін фильмдегі немесе теледидар шоуындағы «Таңдау» түймесін басып тұрыңыз.

**Негізгі экраннан параметрлерге кіру**

Жоғарғы оң жақ бұрыштағы белгіше арқылы «Барлық параметрлер» мәзіріне кіруге болады. Сондай-ақ қашықтан басқару құралынан шақыруға болатын Philips TV мәзірінде «Жиі пайдаланылатын параметрлер» мәзірін және жалпы мәзір элементтерін табуға болады.

**Негізгі экрандағы жүйе тақтасы**

Негізгі экранның жоғарғы жағындағы жүйе тақтасында келесі мүмкіндіктер бар.
- Іздеу түймесі: дауыспен немесе мәтін енгізу арқылы Google іздеу қызметін іске қосу
- Кіріс көзі: кіріс көздерінің тізімін іске қосу және жалғанған құрылғылардың кез келгенін іске қосу.
- Хабарландырулар: Smart TV жүйесі туралы хабарларды беру.
- Параметрлер: барлық параметр мәзіріне кіру және TV параметрлерін реттеу.
- Сағат: жүйе сағатын көрсетеді.

1.2

## Қолданбалар және Philips TV Collection

**Бірінші жолдағы таңдаулы қолданбалар**

«Таңдаулы қолданбалар» жолының сол жоқ шетіндегі «Қолданбалар» белгішесін басу арқылы ашуға болатын «Қолданбалар» бетінде қосымша қолданбаларды табуға болады. Сондай-ақ «Қолданбалар» бетінен қосымша қолданбаларды таңдаулы ретінде қосуға болады.




**Philips TV Collection**

Барлық үздік қолданбаларыңыз Philips TV Collection қолданбасында қолжетімді. Оны «Таңдаулы қолданбалар» жолындағы баннер арқылы іске қосыңыз. Сондай-ақ Philips TV Collection қолданбасында жаңа қолданбалар мен басқа мүмкіндіктерге арналған ұсыныстар болады.



2

# Орнату

2.1

## Қауіпсіздік туралы нұсқауларды оқу

Теледидарды бірінші рет пайдаланбай тұрып қауіпсіздік туралы нұсқауларды оқып шығыңыз.

Қосымша ақпарат үшін **Анықтама** ішінен **Кілтсөздер** опциясын таңдап, **Қауіпсіздік нұсқаулары** деп іздеңіз.

2.2

## ТД тірегі мен қабырғаға бекіту жақтауы

### Теледидар тірегі

Теледидар тірегін орнату туралы нұсқауларды теледидармен бірге берілген Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығынан табуға болады. Осы нұсқаулықты жоғалтып алсаңыз, оны www.philips.com сайтынан жүктеп алуға болады.

Жүктеп алынатын **Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығын** теледидардың үлгі нөмірі арқылы іздеңіз.

### Қабырғаға орнату

Бұл теледидар VESA үйлесімді қабырғаға орнату кронштейні үшін де дайындалған (жинаққа кірмейді). Қабырға кронштейнін сатып алған кезде келесі VESA кодын пайдаланыңыз. . .




• 43PUS6501

**VESA MIS-F 200x200, M6**
• 49PUS6501, 49PUS6551, 49PUS6561
**VESA MIS-F 400x200, M6**
• 55PUS6501, 55PUS6551, 55PUS6561, 55PUS6581
**VESA MIS-F 400x200, M6**
• 65PUS6521
**VESA MIS-F 400x200, M6**

**Дайындау**

Алдымен, теледидардың артындағы бұранды тығындарынан 4 пластикалық бұранда қақпағын алып тастаңыз.
VESA үйлесімді қабырғаға орнату кронштейнін бекітуге арналған металл бұрандалардың теледидар бұранды тығындарының ішіне шамамен 10 мм кіргенін тексеріңіз.

**Абайлаңыз**

Теледидарды қабырғаға орнату үшін, арнайы тәжірибе қажет және оны тек білікті мамандар орындауы керек. Теледидарды қабырғаға орнату олардың салмағына сәйкес қауіпсіздік стандарттарына сай болуы керек. Сонымен қатар теледидарды орналастырмас бұрын, сақтық шараларын да оқып шығыңыз.
TP Vision Europe B.V. компаниясы қате орнатылғанына немесе апатқа не жарақаттануға әкелген қандай да бір орнатуға жауапты болмайды.

2.3

## Орналастыру бойынша кеңестер

• Теледидарды экранына жарық тікелей түспейтін жерге орналастырыңыз.
• Теледидарды қабырғадан 15 см қашығырақ орналастырыңыз.
• Теледидарды көрудің ең қолайлы қашықтығы экран диагоналінің 3 еселік өлшеміне тең. Отырған кезде көз экранның орта тұсымен бір деңгейде болуы тиіс.




2.4

## Қуат кабелі

• Қуат кабелін теледидардың артындағы **POWER** коннекторына жалғаңыз.
• Қуат кабелінің коннекторға мықтап кіргізілгенін тексеріңіз.
• Розеткадағы қуат ашасына кез келген уақытта қол жеткізуге болатынын тексеріңіз.
• Қуат кабелін суырғанда әрқашан ашаны тартыңыз,

ешқашан кабельді тартпаңыз.




Бұл теледидар күту режимінде электр қуатын өте аз пайдаланғанымен, теледидарды ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, қуат үнемдеу үшін электр сымын ажыратып қойыңыз.

2.5

# Антенна кабелі

Антенна ашасын теледидардың артындағы **Antenna** ұясына мықтап қосыңыз.

Жеке антеннаңызды жалғауға немесе антенна сигналына антенна тарату жүйесінен қосылуға болады. IEC Coax 75 Ohm RF антенна қосқышын пайдаланыңыз.

Бұл антенна байланысын DVB-T және DVB-C кіріс сигналдары үшін пайдаланыңыз.




2.6

# Жерсерік тарелкасы

Теледидардың артындағы **SAT** жерсерік қосылымына жерсеріктің F түріне жататын қосқышты бекітіңіз.



3

# Қашықтан басқару құралы

3.1

## Түймелерге шолу

### Үсті




**1** - **Күту режимі / Қосу**
Теледидарды қосады немесе қайтадан күту режиміне қайтарады.

**2** - **VOICE** микрофоны

**3** - **LIST**
Арналар тізімін ашады немесе жабады.

**4** - **AMBILIGHT**
Ambilight мәнерінің бірін таңдауға болады.

**5** - **TV GUIDE**
Теледидар нұсқаулығын ашады немесе жабады.

**6** - **SETTINGS**
**Жиі пайдаланылатын параметрлер** мәзірін ашады.

**7** - **TOP PICKS**
Ұсынылған бағдарламалары, талап бойынша бейнесі (жалға берілетін бейнелер) немесе онлайн теледидары (эфирден кейінгі теледидар) бар мәзірді ашады. Қолжетімді болса.

**8** - **VOICE**
Дауыспен іздеуді айтуды бастайды.

### Ортасы

**1** - **ТД мәзірі**
Теледидар мәзірін әдеттегі теледидар функцияларымен ашады.

**2** - **SOURCES**
Ресурстар мәзірін ашу немесе жабу.

3 - **INFO**
Бағдарлама туралы ақпаратты ашады немесе жабады.

**4** - **BACK**
Алдыңғы таңдалған арнаға қайта ауыстырады.
Алдыңғы мәзірге қайтарады.
Алдыңғы қолданба/интернет бетіне қайтарады.

**5** - Түсті пернелер
Опцияларды тікелей таңдайды.

**6** - **EXIT**
Теледидар көру режиміне кері қайтарады. Интерактивті теледидар қолданбасынан шығады.

**7** - **OPTIONS**
«Опциялар» мәзірін ашады немесе жабады.

**8** - **OK** пернесі
Таңдауды немесе параметрді растайды.

**9** - **Көрсеткі / шарлау** пернелері
Жоғары, төмен, сол жаққа немесе оң жаққа жылжиды.

**10** - **HOME**
Бастапқы мәзірді ашады.

### Асты

**1** - NETFLIX
Netflix қолданбасын тікелей ашады. Қосулы немесе күту режиміндегі теледидар.

**2** - **Дыбыс деңгейі**
Дыбыс деңгейін реттейді.

**3** - Сан пернелері
Арнаны тікелей таңдайды.

**4** - **SUBTITLE**
Субтитрлерді қосады, өшіреді немесе автоматты түрде көрсетеді.

**5** - **Ойнату және жазу**
• Ойнату ▶ ойнатады.
• Кідірту ⏸ ойнатуды кідіртеді
• Тоқтату ■ ойнатуды тоқтатады
• Кері айналдыру ◀◀ кері айналдырады
• Алға айналдыру ▶▶ алға айналдырады
• Жазу ● жазуды бастайды

**6** - **Арна**
Арналар тізіміндегі келесі немесе алдыңғы арнаға ауыстырады. Мәтінде/телемәтінде келесі немесе алдыңғы бетті ашады. Дискіде келесі немесе алдыңғы тарауды бастайды.

**7** - **Дыбысты өшіру**
Дыбысты өшіреді немесе қалпына келтіреді.

**8** - **TEXT**
Мәтінді/телемәтінді ашады немесе жабады.

---

3.2

# Қашықтан басқару құралы, жұптау

Қашықтан басқару құралы теледидармен байланысуы үшін теледидар мен қашықтан басқару құралын бір-бірімен жұптау (байланыстыру) қажет.

**Жұптау**

Теледидарды алғаш орнатқан кезде теледидар сізді **OK** пернесін басуға шақырады, оны басқан кезде жұптау орындалады. Егер ТД қашықтан басқару құралы пернесіне жауап бермесе, жұптастыру сәтсіз болған.

**Қайта жұптастыру**

Егер қашықтан басқару құралымен жұптастыру жоғалса, теледидарды қашықтан басқару құралымен қайта жұптастыруға болады.

Жұптауды бастау үшін...

**1 -** Теледидардың алдыңғы жағында тұрып, оң жақтан теледидардың артқы жағындағы джойстик қуат пернесін ⏻ 3 секунд басыңыз. Теледидар жұптастыруға дайын екендігін көрсететін хабар көрсетіледі.
**2 -** Түрлі түсті ▬ (қызыл) және ▬ (көк) пернелерін бір уақытта 1 секунд басыңыз. Жұптастыру сәтті болса, хабар пайда болады.

---

3.3

# Дауыспен іздеу

Дауысыңызды қолдану арқылы интернеттен бейнелерді, музыканы немесе тағы да басқа нәрселерді іздеуге болады. Қашықтықтан басқару құралындағы микрофонға сөйлей аласыз. Болмаса, мәтінді енгізуге қашықтан басқару пернетақтасын пайдалануға болады.

Voice (Дауыс) мүмкіндігін қолдану…

**1 -** **VOICE** түймесін басыңыз. Қашықтан басқару құралындағы көк түс жанған кезде іздеу өрісі ашылады. белгішесі экранда қызыл болып жанып тұрғанда, микрофон қосулы болады.
**2 -** Іздеп жатқан затты анық айтыңыз. Микрофон өшкенге дейін 10 секунд сөйлей аласыз. Нәтижелер көрсетілуі үшін бірнеше уақыт кетуі мүмкін.
**3 -** Іздеу нәтижелерінің тізімінде қажетті элементті таңдауға болады.
**4 -** Іздеу нәтижелерін жабу қажет болса, ← **BACK** түймесін басыңыз.

Іздеу үшін қашықтан басқару құралы пернетақтасын қолдану…

**1 -** Іздеу өрісін ашу үшін **VOICE** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәтін өрісін белгілеу үшін › (оңға) түймесін басыңыз.
**3 -** Қашықтан басқару құралының пернетақтасын жоғары қаратып, іздеп жатқан затты теріңіз.
**4 -** Экран пернетақтасын жасыру үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.
**5 -** Іздеу нәтижелерінің тізімінде қажетті элементті таңдауға болады.
**6 -** Іздеу нәтижелерін жабу қажет болса, ← **BACK** түймесін басыңыз.

Сондай-ақ, www.support.google.com/androidtv веб-сайтын қараңыз

**Дауыс параметрлері**

Voice (Дауыс) мүмкіндігімен пайдаланғыңыз келген тілді орнатуға болады.

Дауыспен іздеуге арналған тілді орнату…

**1 -** ⚙ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Android параметрлері** бөлімін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 - Preferences** (Параметрлер) > 🎤 **Speech** (Сөйлесу) бөлімін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Пайдаланғыңыз келген тілді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 -** Бір қадам артқа қайту үшін ← **BACK** түймесін басыңыз не мәзірді жабу үшін TV **EXIT** түймесін басыңыз.

3.4

# Touch Pad (Сенсорлы панель)

Қашықтан басқару құралындағы навигациялық кілттердің алмас пішіндес аймағы - жоғарыға, төменге, солға, оңға арналған кілттер - шағын сенсорлы панель. Ұзын тізімдер бойымен жылжыту үшін немесе асықпай тізімді қарау үшін осы сенсорлы панельді қолдануыңызға болады.

Сенсорлы панельді қалай қолдану керек…

**1 -** Тізімі бар кез келген теледидар мәзірін ашыңыз, мысалы, Home menu (Негізгі мәзір) немесе Channel list (Арналар тізімі).
**2 -** Сенсорлы панельде жылжыту үшін бас бармағыңызды қолданып, жылжуы қажет тізімге қарай бағыттаңыз. Жоғары немесе төмен, солға немесе оңға. Егер сенсорлы панельді жылжытсаңыз, белгілеу 1 қадамға қозғалады. Егер жылжытып, бас бармағыңызды сенсорлы панель бетінде ұстап тұрсаңыз (басудың қажеті жоқ), белгілеу тізім бойы сіз сенсорлы панельден бас бармағыңызды алмайынша жылжиды.

Осы жылжыту немеме жылжыту және ұстау ишараты туралы толық ақпарат алу үшін уақыт қажет. Ұзын тізімдерді қарауда бұл өте пайдалы.

**Сенсорлы панель функциясын қосу/ажырату**

Қашықтан басқару құралында сенсорлы панельді ажырату үшін...

**1 -** Қашықтан басқару құралындағы **8**, **6**, **8**, **7**, сандық пернелерін және 🔇× **Өшіру** пернесін бірінен кейін бірін басыңыз.




**2 -** Қашықтан басқару құралының жарық диодты индикаторы көк болып жанып, қашықтан басқару құралының сенсорлы панель функциясы сәтті өшеді.




**3 -** Сенсорлы панель функциясын қайта қосу үшін жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.

**Ескертпе**: Параметр (қосу/ажырату) батареяларды қайта салсаңыз да, қашықтан басқару құралында сақталады.

3.5

# Пернетақта

## Шолу

**Qwerty және Azerty**

Qwerty/Azerty пернетақтасына шолу.*




**1** - **Azerty таңбалары**
Пернетақта орналасуы Azerty деп орнатылған кездегі таңбаның орны.

**2** - ⬆Aa **Shift**
Жоғары регистрдегі таңбаларды тереді.

**3** - **Fn** пернесі
Санды немесе тыныс белгісін тереді.

**4** - ␣ **Бос орын**

**5** - **Жылжу** және **OK**

**6** - **Осыны бөлісу**
Қазір көріп жатқанда онлайн бөліседі.

* Аймаққа байланысты қашықтан басқару құралында Qwerty / Azerty немесе Qwerty / кириллица пернетақтасы болады.

**Qwerty және кириллица**

Qwerty/кириллица пернетақтасын шолу.*

**1** - **Кириллица таңбалары**

Пернетақта кириллицаға ауыстырылғандағы қол жетімді таңбалар.

**2** - **Кириллица пернетақтасының қосқышы**
Пернетақтаны кириллица таңбаларына немесе қайтадан Qwerty орналасуына ауыстырады.

**3** - ⬆Aa **Shift**
Жоғары регистрдегі таңбаларды береді.

**4** - **Fn** пернесі
Санды немесе тыныс белгісін береді

**5** - ␣ **Бос орын**

**6** - **Осыны бөлісу**
Қазір көріп жатқанда онлайн бөліседі.

**7** - **Жылжу** және **OK**

* Аймаққа байланысты қашықтан басқару құралында Qwerty / Azerty немесе Qwerty / кириллица пернетақтасы болады.

## Мәтінді жазу

Қашықтан басқару құралының артқы жағындағы пернетақтамен экрандағы кез келген мәтін жолағына мәтін жазуға болады.

Мәтін жазу…

**1 -** Егер мәтін өрісі таңдалмаса, оны таңдаңыз.
**2 -** Пернетақта пернелерін іске қосу үшін қашықтан басқару құралының пернетақтасын жоғары қаратыңыз. Қашықтан басқару құралын екі қолыңызбен ұстап, бас бармақтарыңызбен теріңіз.
**3 -** Экрандық пернетақтаны жасыру үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.
Мәтінді растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

**Экрандағы пернетақта**

Егер мәтін енгізу үшін экрандық пернетақтаны пайдалансаңыз, ыңғайлы орынға пернетақта орналасуын конфигурациялауға болады.

Осы параметрлерді ашу үшін…

⌂ **HOME** түймесін басып, **All Settings** (Барлық орнатулар) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 - Android параметрлері** бөлімін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**6 - Preferences** (Параметрлер) > ⌨ **Keyboard** (Пернетақта) бөлімін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**7 - Конфигурациялау** > **Тіл** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Осы жерде тілдің пернетақта орналасуын орнатуға болады.
**8 -** Бір қадамға артқа өту үшін ← **BACK** түймесін басып, мәзірді жабыңыз.
• Теледидарды қашықтан басқару құралымен басқарудың ең жақсы ара қашықтығы 5 метрден аз болады.
• Қашықтан басқару құралының пернетақтасын қолданған кезде, қашықтан басқару құралын 50 градустан аз бұрышта ұстаған жөн.
• Қашықтан басқару құралының инфрақызыл сәулесін бітемеңіз.

## Qwerty, Azerty және кириллица пернетақтасы

Қашықтан басқару құралы пернетақтасының стандартты орналасуы – Qwerty.

**Azerty пернетақтасы**

Аймаққа байланысты қашықтан басқару құралын Azerty пернетақтасына қоюға болады. Azerty таңбалары қатысты пернелердің жоғарғы оң жағында көрсетіледі.

Пернетақта орналасуын Azerty пернетақтасына реттеу үшін…

**1 -** ⚙ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Аймақ және тіл** опциясын таңдап, > (оң жақ) түймесін басыңыз.
**3 - Қашықтан басқару құралының пернетақтасы** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - AZERTY** немесе **QWERTY** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (солға) түймесін қайталап басыңыз.

**Кириллица пернетақтасы**

Аймаққа байланысты қашықтан басқару құралының пернетақтасын кириллица таңбаларына ауыстыруға болады.
Кириллица таңбалары пернетақта пернелерінің жоғарғы оң жағында көрсетіледі.

Кириллица таңбаларын жазу үшін…

**1 -** Қашықтан басқару құралындағы ⌨ түймесін басыңыз.
**2 -** Qwerty пернетақтасына қайта ауысу үшін ⌨ түймесін қайта басыңыз.

3.6

# Қашықтан басқару құралының сенсоры

Теледидардың қашықтан басқару құралы теледидарға пәрмен жіберу үшін Bluetooth мүмкіндігін пайдаланады. Bluetooth мүмкіндігі арқылы қашықтан басқару құралын теледидарға бағыттаудың қажеті жоқ.

Дегенмен, теледидар пәрмен жіберу үшін ИҚ (инфрақызыл) сәулелерін қолданатын қашықтан басқару құралдарынан пәрмен алады. Мұндай қашықтан басқару құралын пайдалансаңыз, қашықтан басқару құралын теледидардың алдыңғы жағындағы инфрақызыл сенсорға бағыттаңыз.

3.7

# Батареялар

Қашықтан басқару құралындағы батареялардың қуаты азайғанда теледидар сізді ескертеді.

Батареяларды ауыстыру үшін қашықтан басқару құралының пернетақта бүйіріндегі батареялар бөлімін ашыңыз.

**1 -** Батарея қақпағын ашу үшін шағын тиынмен немесе басқа шағын, өтпес затпен тікбұрышты босату түймесін басыңыз.
**2 -** Батареяны металл серіппе бағытында жылжытып, батарея шығысын кері шетінен тартыңыз.
**3 -** Ескі батареяларды 2 **AA-LR6-1,5 В** түріндегі батареялармен алмастырыңыз. Батареялардың + және - жақтары дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
**4 -** Батарея есігінің орнын өзгертіңіз және шырт еткенше төмен басыңыз.

Қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт бойы пайдаланбағанда батареяларды шығарып алыңыз.

Ескі батареяларды пайдаланып болған соң, оларды нұсқауларға сай қоқысқа қауіпсіз тастаңыз.
Қосымша ақпарат алу үшін **Анықтама** бөлімінде **Кілтсөздер** параметрін таңдап, **Пайдалану соңында** деп іздеңіз.

3.8

# Тазалау

Қашықтан басқару құралы сырылмайтын бетке қойылады.

Қашықтан басқару құралын тазалау үшін жұмсақ әрі дымқыл шүберекті қолданыңыз. Теледидар мен қашықтан басқару құралына спирт, химиялық заттар немесе тұрмыстық тазалағыштар сияқты заттарды қолданбаңыз.

4

# Қосу және өшіру

4.1

## Қосу немесе күту режимі

Теледидардың айнымалы ток көзіне қосылғанын тексеріңіз. Берілген қуат сымын теледидардың артындағы **айнымалы ток кірісі** қосқышына жалғаңыз. Теледидардың төменгі жағындағы индикатор шамы жанады.

### Қосу

Теледидарды қосу үшін қашықтан басқару құралындағы ⏻ түймесін басыңыз. Не болмаса, ⌂ **HOME** түймесін басыңыз. Сонымен қатар қашықтан басқару құралын таппаған немесе батареяларының заряды біткен жағдайда, теледидарды қосу үшін теледидар артындағы кішкентай джойстик пернесін басуға болады.

### Күту режиміне ауыстыру

Теледидарды күту режиміне ауыстыру үшін қашықтан басқару құралындағы ⏻ түймесін басыңыз. Сонымен қатар теледидардың артындағы кішкентай джойстик пернесін басуға болады.

Күту режимінде теледидар ток көзіне қосылып тұр, бірақ өте аз қуат тұтынады.

Теледидарды толығымен өшіру үшін қуат ашасын ажыратыңыз.
Қуат ашасын ажыратқан кезде әрқашан сымнан емес, қуат ашасынан тартыңыз. Ашаға, қуат кабеліне және розеткаға әрдайым қолыңыз жететініне көз жеткізіңіз.

4.2

## Теледидардағы түймелер

Қашықтан басқару құралын жоғалтып алсаңыз немесе батареялары бос болса, кейбір негізгі теледидар операцияларын әлі де орындауға болады.

Негізгі мәзірді ашу үшін…

**1 -** Теледидар қосулы кезде, негізгі мәзірді ашу үшін теледидардың артқы жағындағы джойстик түймесін басыңыз.
**2 -** Volume (Дыбыс деңгейі), Channel (Арна) немесе Sources (Көздер) опцияларын таңдау үшін сол немесе оң жақтарын басыңыз. Demo фильмін бастау үшін Демо опциясын таңдаңыз.
**3 -** Дыбыс деңгейін реттеу немесе келесі не алдыңғы арнаға өту үшін жоғары немесе төмен басыңыз. Көздер тізімі, оның ішінде тюнер таңдауы ішінде ауысу үшін жоғары немесе төмен басыңыз. Демо-фильмді бастау үшін джойстик түймесін басыңыз.
**4 -** Мәзір автоматты түрде жоғалады.

Теледидарды күту режиміне ауыстыру үшін ⏻ опциясын таңдап, джойстик түймесін басыңыз.

5

# Арналар

5.1

## Жерсерікті орнату

### Жерсеріктерді орнату туралы

4 жерсерікке дейін

Бұл теледидарға 4 жерсерікке (4 LNB) дейін орнатуға болады. Орнатудың басында орнатқыңыз келетін жерсеріктердің нақты санын таңдаңыз. Бұл орнатуды жылдамдатады.

**Жерсерік, Бір кабель**

Антенна тарелкасын теледидарға жалғау үшін бір кабель жүйесін пайдалануға болады. Орнатуды бастаған кезде 1 немесе 2 жерсерік үшін бір кабель жүйесін таңдауға болады.

### Орнатуды бастау

Жерсерік тарелкасының дұрыс жалғанғанын және орнатуды бастамас бұрын дұрыс тураланғанын тексеріңіз.

Жерсерікті орнатуды бастау үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) > **Satellite Installation** (Жерсерікті орнату) опциясын таңдаңыз. Қажет болған жағдайда PIN кодын енгізіңіз.
**3 - Search for Satellite** (Жерсерік іздеу) опциясын таңдаңыз.
**4 - Search** (Іздеу) опциясын таңдаңыз. Теледидар жерсерік арналарын іздейді.
**5 - Configure** (Конфигурациялау) опциясын таңдаңыз.
Телелдидар ағымдағы жерсерікті орнату кестесін көрсетеді.
Осы кестені өзгерткіңіз келсе, **Параметрлер** опциясын таңдаңыз.
Кестені өзгерткіңіз келмесе, **Іздеу** опциясын таңдаңыз. **7** -қадамға өтіңіз.

**6 - Орнату жүйесі** бөлімінде орнату қажет жерсеріктер санын таңдап, «Бір кабель» жүйелерінің бірін таңдаңыз. Бір кабельді жүйені таңдаған кезде, пайдаланушы жолағының нөмірін таңдап, әр тюнер үшін пайдаланушы жолағының жиіліктерін енгізуге болады. Бір кабельді маршрутизаторда пайдаланушы жолағын табуға болады. Кейбір елдерде **Қосымша параметрлер** тармағында әр LNB үшін кейбір сарапшылық параметрлерді реттеуге болады.
**7 -** Теледидар антенна тарелкасының тураланууында қол жетімді жерсеріктерді іздейді. Бұған бірнеше минут кетуі мүмкін. Жерсерік табылса, оның атауы мен қабылдау күші экранда көрсетіледі.
**8 -** Теледидар қажетті спутниктерді тапқан кезде, **Орнату** опциясын таңдаңыз.
**9 -** Жерсерік **Арна бумалары** параметрін ұсынса, теледидар сол жерсерік үшін қолжетімді бумаларды көрсетеді. Қажетті буманы таңдаңыз.
**10 -** Спутник орнатуын және орнатылған арналар мен радио станцияларды сақтау үшін **Done** (Дайын) опциясын таңдаңыз.

### Жерсерікті орнату параметрлері

Жерсерікті орнату параметрлері елге сәйкес алдын ала орнатылады. Осы параметрлер теледидарда жерсеріктер мен оның арналарын іздеу және орнату әдісін анықтайды. Осы параметрлерді өзгертуге болады.

Жерсерікті орнату параметрлерін өзгерту үшін…

**1 -** Жерсерікті орнатуды іске қосыңыз.
**2 -** Жерсеріктерді іске қосу экранында **Параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Орнату қажет жерсеріктер санын таңдап, бір кабель жүйелерінің бірін таңдаңыз. Бір кабельді жүйені таңдаған кезде, пайдаланушы жолағының нөмірін таңдап, әр тюнер үшін пайдаланушы жолағының жиіліктерін енгізуге болады.
**4 -** Орындалған кезде **Келесі** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 -** Орнатулар мәзірінде жерсеріктерді іздеуді бастау мақсатында экранға қайту үшін **OK** түймесін басыңыз.

**Жетекті транспондер және LNB**

Кейбір елдерде бастапқы транспондер мен әрбір LNB параметрлерін реттеуге болады. Қалыпты орнату сәтсіз болған кезде, осы параметрлерді ғана пайдаланыңыз немесе өзгертіңіз. Егер стандартты емес жерсерік жабдық болса, стандартты параметрлерді қабылдамау үшін осы параметрлерді пайдалануға болады. Кейбір провайдерлер осында енгізуге болатын кейбір транспондерді немесе LNB мәндерін беруі мүмкін.

### Жерсерік CAM модульдері

Жерсерік арналарын көру үшін CAM – смарт картасы бар шартты кіру модулін – пайдалансаңыз, теледидарға енгізілген CAM арқылы жерсерікті орнатуға кеңес береміз.

Кейбір CAM модульдері арналардың шифрын алу үшін пайдаланылады.

CAM модульдерінің (CI+ 1.3 оператор профилімен) ең жаңа модульдері теледидардағы барлық жерсерік арналарын өздері орната алады. CAM сізді оның жерсеріктері мен арналарын орнатуға шақырады. Бұл CAM модульдері арналарды орнатып және шифрын ашып қана қоймай, арнаны тұрақты жаңартып отырады.

## Арна бумалары

Жерсерік операторлары тегін арналарды (ашық) жинақтайтын арна бумаларын және елге сәйкес сұрыптауды ұсына алады. Кейбір жерсеріктер жазылым бумаларын ұсынады - ақша төленетін арналар жиыны.

## Бір кабельді реттеу

**Бір кабель жүйесі**

Антенна тарелкасын теледидарға жалғау үшін Бір кабель жүйесін, MDU немесе Unicable жүйесін пайдалануға болады. Жерсерік тарелкасын оның жүйесіндегі барлық жерсерік тюнерлеріне жалғау үшін Бір кабель жүйесі бір кабельді пайдаланады. Бір кабель жүйесі әдетте көп қабатты үйлерде пайдаланылады. Unicable жүйесін қолдансаңыз, орнату кезінде теледидар пайдаланушы жолағының саны мен сәйкес жиілігі тағайындауды сұрайды. 1 немесе 2 жерсерікті осы теледидардағы Unicable арқылы орнатуға болады.

Бір кабель орнатуынан кейін кейбір арналардың жоқ екенін байқасаңыз, бір кабель жүйесінде бірдей уақытта басқа орнату орындалған болуы мүмкін. Жоқ арналарды орнату үшін орнатуды қайтадан орындаңыз.

**Пайдаланушы диапазонының нөмірі**

Unicable жүйесінде әр қосылған жерсерік тюнері нөмірленуі (мысалы, 0, 1, 2 немесе 3, т.б.) керек.

Қол жетімді пайдаланушы диапазондары мен олардың нөмірін Unicable қорабынан алуға болады. Пайдаланушы жолағы кейде UB түрінде қысқартылады. 4 немесе 8 пайдаланушы диапазонын ұсынатын Unicable қосқыш қораптары бар. Параметрлерде Unicable (Бір кабель) тармағын таңдасаңыз, теледидар өзінің бекітілген жерсерік тюнері үшін бірегей пайдаланушы диапазонының нөмірін тағайындауды сұрайды. Жерсерік тюнерінде Unicable жүйесіндегі басқа жерсерік қабылдағышымен бірдей пайдаланушы диапазонының нөмірі болмауы керек.

**Пайдаланушы диапазонындағы жиілік**

Бірегей пайдаланушы жолағының нөмірінен кейін бекітілген жерсерік қабылдағышы таңдалған пайдаланушы жолағы нөмірінің жиілігін қажет етеді. Бұл жиіліктер көбіне Бір кабель қосқыш қорабындағы пайдаланушы жолағының нөмірінен кейін көрсетіледі.

## Арнаны қолмен жаңарту

Арнаны жаңартуды әрқашан өзіңіз бастай аласыз.

Арнаны жаңартуды қолмен бастау үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) > **Satellite Installation** (Жерсерікті орнату) опциясын таңдаңыз.
**3 - Search for Channels** (Арналарды іздеу) опциясын таңдаңыз.
**4 - Update Channels** (Арналарды жаңарту) опциясын таңдаңыз. Теледидар жаңарта басталады. Жаңарту бірнеше минут алуы мүмкін.
**5 -** Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Жаңарту бірнеше минут алуы мүмкін.
**6 - Finish** (Аяқтау) пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

## Жерсерікті қосу

Ағымдағы жерсерік орнатуына қосымша жерсерікті қосуға болады. Орнатылған жерсеріктер мен олардың арналары сол күйінде қалады. Кейбір операторлар жерсерік қосуға рұқсат етпейді.

Қосымша жерсерік қосымша ретінде көрінуі керек, ол сіздің негізгі жерсерік жазылымыңыз немесе арна бумасы пайдаланылатын негізгі жерсерік болып табылмайды. Әдетте, 3 жерсерік орнатылып қойғанда, 4-жерсерікті қосар едіңіз. 4 жерсерік орнатылып қойған болса, жаңа жерсерік қоса алу үшін алдымен біреуін жоюды ұйғаруыңыз мүмкін.

**Орнату**

Қазір тек 1 немесе 2 жерсерік орнатылған болса, ағымдағы орнату параметрлері қосымша жерсерік қосуға рұқсат етпеуі мүмкін. Орнату параметрлерін өзгертуіңіз керек болса, толық жерсерік орнатуын қайта орындауыңыз керек. Параметрлерді өзгерту қажет болса, **Жерсерік қосу** параметрін пайдалану мүмкін емес.

Жерсерік қосу үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) > **Satellite Installation** (Жерсерікті орнату) опциясын таңдаңыз.
**3 - Search for satellite** (Жерсерік іздеу) опциясын таңдаңыз.
**4 - Add Satellite** (Жерсерік қосу) опциясын таңдаңыз. Ағымдағы жерсеріктер көрсетіледі.
**5 - Search** (Іздеу) опциясын таңдаңыз. Теледидар жаңа жерсеріктерді іздейді.
**6 -** Теледидар бір немесе бірнеше жерсерікті тапса, **Install** (Орнату) опциясын таңдаңыз. Теледидар табылған жерсеріктердің арналарын орнатады.
**7 - Finish** (Аяқтау) опциясын таңдап, арналар мен радио стансаларды сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.

## Жерсерікті жою

Ағымдағы жерсерік орнатуынан бір немесе бірнеше жерсерікті жоюға болады. Жерсерік пен оның арналарын жоясыз. Кейбір жерсерік операторлары жерсерікті жоюға рұқсат етпейді.

Жерсеріктерді жою үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық**

**параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) > **Satellite Installation** (Жерсерікті орнату) опциясын таңдаңыз.
**3 - Search for satellite** (Жерсерік іздеу) опциясын таңдаңыз.
**4 - Remove Satellite** (Жерсерікті жою) опциясын таңдаңыз. Ағымдағы жерсеріктер көрсетіледі.
**5 -** Жою белгісін қою немесе алу үшін жерсерікті таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**6 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

## Қолмен орнату

Manual Installation (Қолмен орнату) эксперт пайдаланушыларға арналған.

Қолмен орнату мүмкіндігін жерсерік транспондерінен жаңа арналарды жылдам қосу үшін пайдалануға болады. Транспондердің жиілігі мен поляризациясын білуіңіз керек. Теледидар транспондердің барлық арналарын орнатады. Егер транспондер бұрын орнатылған болса, оның барлық арналары — алдыңғы және жаңалары арна тізімінің соңына жылжытылады.
Жерсерік санын өзгерту қажет болғанда, қолмен орнатуды пайдалану мүмкін емес. Егер бұл қажет болса, Install Satellites (Жерсеріктерді орнату) арқылы толық орнатуды орындауыңыз керек.

Транспондерді орнату үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) > **Satellite Installation** (Жерсерікті орнату) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Мәзірге кіру үшін **Қолмен орнату** параметрін таңдап, › (оң) түймесін басыңыз.
**4 -** Егер 1-ден көп жерсерік орнатылса, арналар қосылатын **LNB** таңдаңыз.
**5 -** Қажетті **Поляризация** орнатыңыз. **Таңбалық жылдамдық режимі Қолмен** мәніне орнатсаңыз, таңба жиілігін **Таңбалық жылдамдық** өрісіне қолмен енгізуге болады.
**6 -** Жиілікті реттеу үшін ^ (жоғары) немесе ˅ (төмен) көрсеткілерді басып, **Done** опциясын таңдаңыз.
**7 - Іздеу** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Сигнал күші экранда көрсетіледі.
**8 -** Егер жаңа транспондер арналарын сақтағыңыз келсе, **Сақтау** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**9 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

## Жетекті транспондер және LNB

Кейбір елдерде бастапқы транспондер мен әрбір LNB параметрлерін реттеуге болады. Қалыпты орнату сәтсіз болған кезде, осы параметрлерді ғана пайдаланыңыз немесе өзгертіңіз. Егер стандартты емес жерсерік жабдық болса, стандартты параметрлерді қабылдамау үшін осы параметрлерді пайдалануға болады. Кейбір провайдерлер осында енгізуге болатын кейбір транспондерді немесе LNB мәндерін беруі мүмкін.

**Жерсеріктік түрлендіргіш қуаты**

Әдепкі бойынша, Жерсеріктік түрлендіргіш қуаты On (Қосулы) болады.

**22 кГц үні**

Әдепкі бойынша, үн Auto (Автоматты) күйіне реттеледі.

**Төмен жергілікті жиілік генераторы / Жоғары жергілікті жиілік генераторы**

Жергілікті жиілік генераторы стандартты мәндерге орнатылған. Басқа мәндерді қажет ететін ерекше жабдықты пайдаланған жағдайда ғана мәндерді реттеңіз.

## Мәселелер

**Теледидар маған қажетті жерсеріктерді таба алмайды немесе теледидар бір жерсерікті екі рет орнатады**

• Орнату басында Settings (Параметрлер) терезесінде жерсеріктердің дұрыс саны орнатылғанын тексеріңіз. Теледидарды бір, екі немесе 3/4 жерсерікті іздейтін етіп орнатуға болады.

**Екі басты LNB екінші жерсерікті таба алмайды**

• Теледидар бір жерсерікті тауып, екіншісін таба алмаса, тарелканы бірнеше градусқа бұрыңыз. Тарелканы бірінші жерсерікте ең күшті сигналды алатын етіп туралаңыз. Экрандағы бірінші жерсеріктің сигнал күші көрсеткішін тексеріңіз. Күшті сигнал бірінші жерсерік орнатылғанда, екінші жерсерікті табу үшін «Қайта іздеу» опциясын таңдаңыз.
• Параметрлердің Екі жерсерік мәніне орнатылғанын тексеріңіз.

**Орнату параметрлерін өзгерту проблемамды шешпеді**

• Барлық параметрлер, жерсеріктер және арналар аяқтаған кезде тек орнату соңында сақталады.

**Барлық жерсерік арналары дайын**

Unicable жүйесін пайдалансаңыз, Unicable параметрлерінде ендірілген тюнерлердің екеуіне де екі бірегей пайдаланушы жолағының нөмірін тағайындағаныңызды тексеріңіз. Unicable жүйесіндегі басқа жерсерік қабылдағышы бірдей пайдаланушы жолағының нөмірін пайдалануы мүмкін.

**Кейбір жерсерік арналары тізімнен жоғалып кеткен сияқты**

• Кейбір арналар жоғалған немесе дұрыс орналаспаған болса, таратушы бұл арналардың транспондер орнын өзгерткен болуы мүмкін. Арналар тізіміндегі арна орындарын қалпына келтіру үшін арна бумасын жаңартып көруіңізге болады.

**Жерсерікті жоя алмаймын**

• Жазылым бумалары жерсерікті жоюға рұқсат етпейді. Жерсерікті жою үшін толық орнатуды қайта орындап, басқа буманы таңдауыңыз керек.

**Кейде қабылдау сигналы нашар болады**

• Жерсерік тарелкасы берік орнатылғанын тексеріңіз. Қатты желдер тарелканы жылжытуы мүмкін.
• Қар мен жаңбыр қабылдауды нашарлатуы мүмкін.

5.2

# Антеннаны/Кабельді орнату

## Жаңарту немесе қайта орнату

**Цифрлық арналарды жаңарту**

Арнаны жаңартуды әрқашан өзіңіз бастай аласыз.

Арнаны жаңартуды қолмен бастау үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) > **Antenna/Cable Installation** (Антеннаны/кабельді орнату) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Қажет болған жағдайда PIN кодын енгізіңіз.
**4 - Search for Channels** (Арналарды іздеу) опциясын таңдаңыз.
**5 - Іске қосу** опциясын таңдаңыз.
**6 - Цифрлық арналарды жаңарту** опциясын таңдаңыз.
**7 -** Цифрлық арналарды жаңарту үшін **OK** түймесін басыңыз. Бұл бірнеше минут алуы мүмкін.
**8 -** Мәзірді жабу үшін ←**BACK** түймесін басыңыз.

**Жылдам қайта орнату**

Барлық арналарды қайтадан әдепкі мәндермен орнату үшін Жылдам қайта орнату опциясын таңдаңыз.

Жылдам қайта орнатуды бастау…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) > **Antenna/Cable Installation** (Антеннаны/кабельді орнату) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Қажет болған жағдайда PIN кодын енгізіңіз.
**4 - Search for Channels** (Арналарды іздеу) опциясын таңдаңыз.
**5 - Іске қосу** опциясын таңдаңыз.
**6 - Жылдам қайта орнату** параметрін таңдаңыз.
**7 -** Цифрлық арналарды жаңарту үшін **OK** түймесін басыңыз. Бұл бірнеше минут алуы мүмкін.
**8 -** Мәзірді жабу үшін ←**BACK** түймесін басыңыз.

**Күрделі қайта орнату**

Барлық арналарды қайта орнатуға және барлық басқа теледидар параметрлерін сол күйінде қалдыруға болады.

Егер PIN коды орнатылса, арналарды қайта орнатпастан бұрын осы кодты енгізуіңіз керек.

Арналарды қайта орнату үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) > **Antenna/Cable Installation** (Антеннаны/кабельді орнату) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Қажет болған жағдайда PIN кодын енгізіңіз.
**4 - Search for Channels** (Арналарды іздеу) опциясын таңдаңыз.
**5 - Бастау** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**6 - Кеңейтілген қайта орнату** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**7 -** Ағымдағы елді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**8 -** Қажетті орнату түрін таңдап, **Антенна (DVB-T)** немесе **Кабель (DVB-C)** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**9 -** Қажетті арналар түрін таңдап, **Digital and Analogue Channels** (Сандық және аналогтық арналар) немесе **Only Digital Channels** (Тек сандық арналар) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**10 -** Цифрлық арналарды жаңарту үшін **OK** түймесін басыңыз. Бұл бірнеше минут алуы мүмкін.
**11 -** Мәзірді жабу үшін ← BACK түймесін басыңыз.

**Арнаны автоматты түрде жаңарту**

Сандық арналар қабылданған жағдайда, теледидарды осы арналарды автоматты түрде жаңартатын етіп орнатуға болады.

Бір күні таңғы сағат 6-да теледидар арналарды жаңартып, жаңа арналарды сақтайды. Жаңа арналар арналар тізіміне сақталып, ✸ деп белгіленеді. Сигналы жоқ арналар жойылады. Арналарды автоматты жаңарту үшін теледидар күту режимінде болуы керек. Automatic Channel Update (Арнаны автоматты жаңарту) параметрін өшіруге болады.

Автоматты жаңартуды өшіру үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) > **Antenna/Cable Installation** (Антеннаны/кабельді орнату) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Қажет болған жағдайда PIN кодын енгізіңіз.
**4 - Automatic Channel Update** (Арнаны автоматты түрде жаңарту) тармағын таңдаңыз.
**5 - Өшіру** опциясын таңдаңыз.
**6 -** Бір қадам артқа қайту үшін ❮ (сол) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← BACK түймесін басыңыз.

Жаңа арналар табылған кезде немесе арналар жаңартылса немесе жойылса, теледидар қосылған кезде хабар көрсетіледі. Әр арна жаңартылған соң осы хабардың пайда болуын болдырмау үшін оны өшіруге болады.

Хабарды өшіру үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) > **Antenna/Cable Installation** (Антеннаны/кабельді орнату) опциясын таңдаңыз.

**3 -** Қажет болған жағдайда PIN кодын енгізіңіз.
**4 - Channel Update Message** (Арнаны жаңарту хабары) тармағын таңдаңыз.
**5 - Өшіру** опциясын таңдаңыз.
**6 -** Бір қадам артқа қайту үшін ‹ (сол) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← BACK түймесін басыңыз.

Кейбір елдерде арнаны автоматты түрде жаңарту теледидар көру кезінде немесе теледидар күту режимінде болған кезде орындалады.

## DVB-T немесе DVB-C

### DVB параметрлері

#### Желі жиілігі режимі

Арналарды іздеу үшін **Frequency Scan (Жиілікті тексеру)** ішінде тез **Quick Scan (Жылдам тексеру)** әдісін пайдаланғыңыз келсе, **Automatic (Автоматты)** опциясын таңдаңыз. Теледидар еліңізде көптеген кабельдік операторлар пайдаланатындай алдын ала анықталған желі жиіліктерінің біреуін (немесе HC - үй арнасын) пайдаланады.

Арналарды іздеу үшін нақты желі жиілігінің мәнін алсаңыз, **Manual (Қолмен)** опциясын таңдаңыз.

#### Желі жиілігі

**Network Frequency Mode (Желі жиілігі режимі)Manual (Қолмен)** мәніне орнатылғанда, осы жерге кабельдік оператордан алынған желі жиілігінің мәнін енгізуге болады. Мәнді енгізу үшін сан пернелерін пайдаланыңыз.

#### Жиіліктерді сканерлеу

Арналарды іздеу әдісін таңдаңыз. Тезірек **Quick Scan (Жылдам іздеу)** әдісін таңдауға және еліңізде көптеген кабельдік операторлар пайдаланатын алдын ала анықталған параметрлерді қолдануға болады.

Соның салдарынан ешқандай арналар орнатылмаса немесе кейбір арналардың жоқ болса, кеңейтілген **Full Scan (Толық сканерлеу)** әдісін таңдауға болады. Бұл әдіс арналарды іздеп, орнату үшін шамалы уақыт алады.

#### Жиілік қадамының өлшемі

Теледидар арналарды **8 МГц** қадаммен іздейді.

Соның салдарынан ешқандай арна орнатылмаса немесе кейбір арналар жоқ болса, **1 МГц** шағын қадаммен іздеуге болады. 1 МГц қадамдарды пайдалану арналарды іздеп, орнатуға біраз уақыт алады.

#### Сандық арналар

Егер кабельдік операторыңыз сандық арналарды ұсынбайтынын білсеңіз, сандық арналарды іздеу қадамын өткізіп жіберуге болады.

#### Аналогтық арналар

Егер кабельдік операторыңыз аналогтық арналарды ұсынбайтынын білсеңіз, аналогты арналарды іздеу қадамын өткізіп жіберуге болады.

#### Шектеусіз/шифрланған

Теледидар қызметтерін төлеу үшін жазылымыңыз және CAM - шартты кіру модулі болса, **Free + Scrambled (Тегін + шифрланған)** опциясын таңдаңыз. Теледидар арналарына немесе қызметтеріне төлеу үшін жазылмасаңыз, **Free Channels Only (Тек тегін арналар)** опциясын таңдауға болады.

#### Сигнал қабылдау сапасы

Сандық арнаның сапасы мен сигнал күшін тексеруге болады. Жеке антеннаңыз болса, қабылдауды жақсарту үшін антеннаны басқа жерге қоюыңызға болады.

Сандық арнаның қабылдау сапасын тексеру үшін…

**1 -** Арнаға бұрыңыз.
**2 -** ⚙ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 - Channels** (Арналар) > **Antenna/Cable Installation** (Антеннаны/кабельді орнату) опциясын таңдаңыз. Қажет болған жағдайда PIN кодын енгізіңіз.
**4 - Digital: Reception Test** (Цифрлық: қабылдауды тексеру) опциясын таңдаңыз.
**5 - Search** (Іздеу) опциясын таңдаңыз. Осы арнаға сандық жиілік көрсетіледі.
**6 - Search** (Іздеу) опциясын қайта таңдап, осы жиілік сигналы сапасын тексеру үшін **OK** түймесін басыңыз. Сынақ нәтижесі экранда көрсетіледі. Антеннаны қайта орналастыруға немесе қабылдауды жетілдіретін байланыстарды тексеруге болады.
**7 -** Сонымен қатар, жиілікті өзгертуге болады. Жиілік нөмірін бір-бірден таңдап, мәнді өзгерту үшін ^ (жоғары) немесе ⌄ (төмен) пернелерін пайдаланыңыз. **Search** (Іздеу) опциясын таңдап, қабылдауды қайта тексеру үшін **OK** түймесін басыңыз.
**8 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

#### Қолмен орнату

Аналогтық телеарналарды бір-бірлеп қолмен орнатуға болады.

Аналогтық арналарды қолмен орнату үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) > **Antenna/Cable Installation** (Антеннаны/кабельді орнату) опциясын таңдаңыз. Қажет болған жағдайда PIN кодын енгізіңіз.
**3 - Analogue: Manual Installation** (Аналогтық: қолмен орнату) опциясын таңдаңыз.

**• Жүйе**
Теледидар жүйесін орнату үшін **Жүйе** опциясын таңдаңыз. Еліңізді немесе өзіңіз тұратын дүние бөлігін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

**• Арнаны іздеу**
Арнаны табу үшін **Арнаны іздеу** опциясын таңдаңыз. Арнаны табу үшін жиілікті енгізуге немесе теледидарда арнаны іздеуге болады. > (Оңға) түймесін басу арқылы **Search** (Іздеу) опциясын таңдап, арнаны автоматты түрде іздеңіз. Табылған арна экранда көрсетіледі және қабылдау нашар болса, **Search** (Іздеу) түймесін қайта басыңыз. Арнаны сақтағыңыз келсе, **Done** (Дайын) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

**• Сақтау**
Арнаны ағымдағы арна нөміріне немесе жаңа арна нөмірі етіп сақтауға болады.
**Ағымдағы арнаны сақтау** немесе **Жаңа арна етіп сақтау** опциясын таңдаңыз. Жаңа арна нөмірі қысқаша түрде көрсетіледі.

Қол жетімді аналогтық телеарналардың барлығын тапқанша осы қадамдарды қайталай беруге болады.

---

5.3

# Арналар тізімін көшіру

## Арналар тізімін көшіру

Арналар тізімін көшіру үшін...

**1 -** Теледидарды қосыңыз. Бұл теледидарда арналар орнатылуы қажет.
**2 -** USB флэш-жадын жалғаңыз.
**3 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Channels** (Арналар) > **Channel List Copy** (Арналар тізімін көшіру) опциясын таңдаңыз.
**5 - Copy to USB** (USB құрылғысына көшіру) опциясын таңдаңыз. Арналар тізімін көшіру үшін Child Lock (Балалардан қорғау құлпы) PIN кодын енгізу сұралуы мүмкін.
**6 -** Көшіріп болғаннан кейін USB флэш-жадын ажыратыңыз.
**7 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

Енді көшірілген арналар тізімін басқа Philips теледидарына жүктеуге болады.

## Арналар тізімінің нұсқасы

Арналар тізімінің ағымдағы нұсқасын тексеру...

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Channels** (Арналар) тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін > (оң жақ) түймесін басыңыз.
**3 - Channel List Copy** (Арналар тізімін көшіру) және **Current Version** (Ағымдағы нұсқа) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (солға) түймесін қайталап басыңыз.

## Арналар тізімін жүктеу

**Орнатылмаған теледидарлар үшін**

Теледидардың орнатылған-орнатылмағанына байланысты арналар тізімін жүктеудің басқа әдісін пайдалануыңыз керек.

**Әлі орнатылмаған теледидарға**
**1 -** Орнатуды бастау үшін қуат ашасын жалғап, тіл мен елді таңдаңыз. Арналарды іздемей өтуге болады. Орнатуды аяқтаңыз.
**2 -** Екінші теледидардың арналар тізімі бар USB флэш-жадын жалғаңыз.
**3 -** Арналар тізімін жүктей бастау үшін ✿ және **All Settings** (Барлық орнатулар) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Channels** (Арналар) > **Channel List Copy** (Арналар тізімін көшіру) > **Copy to TV** (Теледидарға көшіру) тармағын таңдаңыз. Қажет болған жағдайда PIN кодын енгізіңіз.
**5 -** Арналар тізімі теледидарға сәтті көшірілгенде теледидар хабар береді. USB флэш-жадын ажыратыңыз.

---

**Орнатылған теледидарлар үшін**

Теледидардың орнатылған-орнатылмағанына байланысты арналар тізімін жүктеудің басқа әдісін пайдалануыңыз керек.

**Бұрыннан орнатылған теледидарға**
**1 -** Теледидардың ел параметрін тексеріңіз. (Осы параметрді тексеру үшін «Барлық арналарды қайта орнату» тарауын қараңыз. Ел параметріне жеткенше осы процедураны бастаңыз. Орнатудан бас тарту үшін ← **BACK** пернесін басыңыз.)
Ел дұрыс болса, 2-қадамнан жалғастырыңыз.
Елі қате болса, қайта орнатып бастау керек. «Барлық арналарды қайта орнату» тарауын қарап, орнатуды бастаңыз. Дұрыс елді таңдап, арналарды іздемей өтіңіз. Орнатуды аяқтаңыз. Аяқтаған кезде 2-қадаммен жалғастырыңыз.
**2 -** Екінші теледидардың арналар тізімі бар USB флэш-жадын жалғаңыз.
**3 -** Арналар тізімін жүктей бастау үшін ✿ және **All**

**Settings** (Барлық орнатулар) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Channels** (Арналар) > **Channel List Copy** (Арналар тізімін көшіру) > **Copy to TV** (Теледидарға көшіру) тармағын таңдаңыз. Қажет болған жағдайда PIN кодын енгізіңіз.
**5 -** Арналар тізімі теледидарға сәтті көшірілгенде теледидар хабар береді. USB флэш-жадын ажыратыңыз.

5.4

# Арналар туралы

## Арналар тізімдері

**Арналар тізімдері туралы ақпарат**

Арнаны орнатқаннан кейін, арналар тізімінде барлық арналар пайда болады. Егер осы ақпарат қолжетімді болса, арналар атауымен және логотипімен көрсетіледі.

Әрбір тюнер түріне арналған - Антенна/кабель (DVB-T/C) немесе спутник (DVB-S) - барлық орнатылған арналары бар арналар тізімі бар. Теледидар не тек радио арналарын көрсету үшін осы тізімді сүзуге болады. Болмаса, бірнеше жерсеріктік құрылғы орнатылған кезде, әрбір құрылғыға арналарды сүзіп қоюға болады.

Таңдалған арналар тізімімен арнаны таңдау үшін ∧ (жоғары) немесе ∨ (төмен) көрсеткілерін басып, таңдалған арнаны қарау үшін **OK** түймесін басыңыз.
☰ + немесе ☰ − пернелерімен тізімдегі арналарға реттеуге болады.

**Арна белгішелері**

Арналар тізімінің автоматты арна жаңартылуынан кейін жаңадан табылған арналар ✸ (жұлдызша) белгісімен белгіленеді.
Егер арнаны құлыптасаңыз, ол 🔒 (құлып) белгісімен белгіленеді.
Қазір басқа пайдаланушылар көріп отырған 3 ең таңдаулы арна **1**, **2** немесе **3** деп белгіленеді.

**Радио станциялар**

Сандық таратылым қолжетімді болса, орнату кезінде сандық радиостанция орнатылады. Радио арнасына теледидар арнасына ұқсас ауысуға болады. Кабель (DVB-C) арна орнатуы әдетте радиостансаларды 1001 арна нөмірінен ары қарай орналастырады.

Бұл теледидарда сандық теледидардың DVB стандарты қабылданады. Теледидар толығымен стандартты талаптарға сәйкес емес сандық теледидардың кейбір операторларымен дұрыс істемеуі мүмкін.

**Арналардың тізімін ашу**

Әрбір тюнерге, антеннаға/кабельге немесе жерсеріктік тюнерге арналған барлық арналары бар тізімнен кейін сүзілген тізімді таңдауға болады немесе жасалған таңдаулы тізімдердің біреуін таңдауға болады.

Ағымдағы арналар тізімін ашу үшін…

**1 -** Телеарнаға ауыстыру үшін TV түймесін басыңыз.
**2 -** Ағымдағы арналар тізімін ашу үшін ☰ **LIST*** немесе **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Арналар тізімін жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

Арналар тізімдерінің біреуін таңдау үшін…

**1 -** Экранда арналар тізімі ашық болғанда.
**2 -** Арналар тізімінің үстінде тізім атауын таңдап, тізім мәзірін ашу үшін **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Тізім мәзірінде қолжетімді арналар тізімдерінің бірін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

**Кеңес**

**Ресурстар** мәзірінде екі тюнер арасында оңай ауысуға болады.
«Антенна/Кабель» тюнері арасында ауысу үшін ⇥ **SOURCES** түймесін басып, **Теледидар көру** параметрін таңдаңыз. Жерсерік тюнеріне ауысу үшін **Жерсерік көру** параметрін таңдаңыз.
Теледидар таңдалған тюнер үшін соңғы таңдалған арналар тізімін әрқашан көрсетеді.

* Қашықтан басқару құралында ☰ **LIST** пернесі бар болса

**Арнаны іздеу**

Ұзын арналар тізімін табу үшін арнаны іздеуге болады.

Теледидар 3 негізгі арналар тізімдерінің біреуіндегі арнаны іздейді: антенна, кабель немесе жерсеріктік арналар тізімі.

Арнаны іздеу үшін…

**1 -** TV түймесін басыңыз.
**2 -** Ағымдағы арналар тізімін ашу үшін **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан ⋮ опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Search Channel** (Арнаны іздеу) опциясын таңдап, мәтін өрісін ашу үшін **OK** түймесін басыңыз. Мәтінді енгізу үшін қашықтан басқару құралының пернетақтасын (қолжетімді болса) немесе экрандық пернетақтаны пайдалануға болады.
**5 -** Нөмірін, атауын немесе атауының бөлігін енгізіп, **Apply** (Қолдану) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Теледидар таңдалған тізім ішінен сәйкес арна атауларын іздейді.

Іздеу нәтижелері арналар тізімі ретінде тізімделеді - үстіндегі тізім атауын көріңіз. Басқа арналар тізімін таңдаған кезде немесе іздеу нәтижелері бар тізімді жапқан кезде, іздеу нәтижелері жойылады.

# Арналарды қарау

**Арнаға ауысу**

Теледидар арналарын көру үшін TV түймесін басыңыз. Теледидар соңғы көрген арнаға реттейді.

**Арналарды ауыстыру**

Арналарды ауыстыру үшін ☰ + or ☰ − түймелерін басыңыз. Арна нөмірін білмесеңіз, сандық түймелермен нөмірін теріңіз. Нөмірді енгізген соң тез арада ауысу үшін **OK** түймесін басыңыз.

Ақпаратты интернеттен алуға болатын болса, теледидарда ағымдағы бағдарлама атауы мен мәліметтерінен кейін келесі бағдарлама атауы мен мәліметтері көрсетіледі.

**Алдыңғы арна**

Алдында реттелген арнаға ауысу үшін ←**BACK** түймесін басыңыз.

Сонымен бірге **Арналар тізімінен** арналарға ауыса аласыз.

**Арнаны құлыптау**

**Арнаны құлыптау және босату**

Балалардың арнаны қарауына тыйым салу үшін, оны құлыптауға болады. Құлыпталған арнаны қарау үшін алдымен 4 таңбалы **Child Lock** (Балалардан қорғау құлпы) PIN кодын енгізу қажет. Бағдарламаларды жалғанған құрылғылардан құлыптай алмайсыз.

Арнаны құлыптау үшін…

**1 -** TV түймесін басыңыз.
**2 -** Арналар тізімін ашу үшін **OK** түймесін басыңыз. Қажет болған жағдайда арналар тізімін өзгертіңіз.
**3 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан ⋮ опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Lock/UnLock** (Құлыптау/құлпын ашу) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 -** Теледидар сұраған жағдайда 4 таңбалы PIN кодын енгізіңіз.
**6 -** Құлыптанатын арнаны таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Құлыпталған арна 🔒 (құлып) белгісімен белгіленеді.
**7 -** Бір қадам артқа қайту үшін ❮ (солға) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

Арнаны босату үшін…

**1 -** TV түймесін басыңыз.
**2 -** Арналар тізімін ашу үшін **OK** түймесін басыңыз. Қажет болған жағдайда арналар тізімін өзгертіңіз.
**3 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан ⋮ опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Lock/UnLock** (Құлыптау/құлпын ашу) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 -** Теледидар сұраған жағдайда 4 таңбалы PIN кодын енгізіңіз.
**6 -** Бір қадам артқа қайту үшін ❮ (солға) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

Егер арналар тізімінен құлыптаулы немесе босатылған арналарды көрсеңіз, арналар тізімін жапқан кезде PIN кодын бір-ақ рет енгізесіз.

**Ата-аналық рейтинг**

Балалардың жасына сай емес бағдарламаны көруіне тыйым салу үшін жас шегін реттеуіңізге болады.

Сандық арналарда бағдарламалардың жас деңгейі болуы мүмкін. Бағдарламаның жас деңгейі балаңыздың жас деңгейі ретінде орнатылған жаспен тең немесе одан үлкен болған кезде, бағдарлама құлыпталады. Құлыпталған бағдарламаны көру үшін алдымен **Parental Rating** (Ата-аналық рейтинг) кодын енгізу қажет.

Жас деңгейін орнату үшін…

**1 -** ⚙ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Child Lock** (Балалардан қорғау құлпы) > **Parental Rating** (Ата-аналық рейтинг) тармағын таңдаңыз.
**3 -** 4 сандық Child lock (Балалардан қорғау құлпы) кодын енгізіңіз. Кодты әлі орнатпасаңыз, **Child Lock** (Балалардан қорғау құлпы) ішінде **Set Code** (Кодты орнату) опциясын таңдаңыз. 4 сандық Child Lock (Балалардан қорғау құлпы) кодын енгізіп, растаңыз. Енді жас деңгейін реттеуге болады.
**4 - Parental Rating** (Ата-аналық рейтинг) тармағынан жасты таңдаңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ❮ (солға) түймесін қайталап басыңыз.

Ата-аналық жас деңгейін өшіру үшін, **None (Ешқайсысы)** түймесін басыңыз. Алайда, кейбір елдерде жас деңгейін орнатуыңыз қажет.

Кейбір тарату станциялары/операторлар үшін теледидар жас деңгейі жоғарырақ бағдарламаларды ғана құлыптайды. Ата-аналық жас деңгейі барлық арналар үшін орнатылады.

**Арна параметрлері**

**Параметрлерді ашу**

Арнаны қарағанда кезде, кейбір параметрлерді реттеуге болады.

Көріп жатқан арнаның түріне немесе жасалған теледидар параметрлеріне байланысты, кейбір опцияларды қолдануға болады.

Опциялар мәзірін ашу үшін…

**1 -** Бір арнаны көріп отырған кезде, + **OPTIONS** > ⚌ **Басымдықтар** тармағын басыңыз.
**2 -** Жабу үшін + **OPTIONS** түймесін қайта басыңыз.

**Арнаның атауын өзгерту**

Бір арнаны көріп отырған кезде арна атын өзгертуге болады.

Арнаның атын өзгерту үшін…

**1 -** Арнаны көріп отырып, **+ OPTIONS** түймесін басыңыз.
**2 -** **Басымдықтар** > **Арна атын өзгерту** тармағын таңдаңыз.
**3 -** Ағымдағы атауын жоюға және жаңа атауын енгізуге қашықтан басқару құралы артындағы пернетақтаны пайдаланыңыз.

**Жалпы интерфейс**

Егер жалпы интерфейс ұяларының біреуінде CAM орнатылса, CAM немесе оператор ақпаратын көруге немесе кейбір CAM қатысты параметрлерді істеуге болады.

CAM ақпаратын көру үшін…

**1 -** **SOURCES** түймесін басыңыз.
**2 -** CAM пайдаланылатын арна түрін таңдап, **Watch TV** (Теледидар көру) немесе **Watch Satellite** (Жерсеріктен көру) опциясын таңдаңыз.
**3 -** **+ OPTIONS** түймесін басып, **Басымдықтар** > **Жалпы интерфейс** тармағын таңдаңыз.
**4 -** Жалпы интерфейс ұясын таңдап, **>** (оң жақ) түймесін басыңыз.
**5 -** CAM модулінің теледидар операторын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Келесі терезелер теледидар операторынан келеді.

**Осы арнадағы HbbTV**

Нақты арналарда HbbTV беттеріне кірмеу үшін тек осы арнаға HbbTV беттерін құрсаулай аласыз.

**1 -** HbbTV беттері блокталатын арнаға реттеңіз.
**2 -** **+OPTIONS** түймесін басып, **Басымдықтар** > **Осы арнадағы HbbTV** тармағын таңдап, **>** (оңға) түймесін басыңыз.
**3 -** **Өшіру** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Бір қадам артқа қайту үшін **<** (солға) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

Теледидарда толығымен HbbTV құлыптау үшін…

**1 -** түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** **General Settings** (Жалпы параметрлер) > **Advanced** (Қосымша функциялар) > **HbbTV** тармағын таңдаңыз.
**3 -** **Өшіру** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Бір қадам артқа қайту үшін **<** (солға) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

**Арна туралы ақпарат**

Сандық немесе дыбыс түрі, т. б. сияқты белгілі бір арнаның техникалық сипаттарын көруге болады.

Арнадағы техникалық ақпаратты көру үшін…

**1 -** Арнаға бұрыңыз.
**2 -** **+ OPTIONS** түймесін басып, **Басымдықтар** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** **Channel Info** (Арна ақпараты) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Экранды жабу үшін **OK** түймесін басыңыз.

**Бағдарлама туралы ақпарат**

**Бағдарлама мәліметтерін қарау**

Таңдалған бағдарламаның мәліметтерін шақыру үшін…

**1 -** Арнаға бұрыңыз.
**2 -** **+ OPTIONS** түймесін басып, **Басымдықтар** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** **Programme Info** (Бағдарлама туралы ақпарат) тармағын таңдап, **OK** түймесін басу арқылы бағдарлама туралы ақпаратты көре аласыз.
**4 -** Жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

**Моно / Стерео**

Аналогтық арна дыбысын моно не стерео күйіне ауыстыруға болады.

Моно немесе стерео күйіне ауыстыру үшін…

**1 -** Аналогтық арнаға реттеңіз.
**2 -** **+ OPTIONS** түймесін басып, **Басымдықтар** > **Моно / стерео** тармағын таңдап, **>** (оңға) түймесін басыңыз.
**3 -** **Mono** (Моно) немесе **Stereo** (Стерео) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Бір қадам артқа қайту үшін **<** (солға) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

**Бейнені таңдау**

Сандық телеарналар бірнеше бейне сигналдарын (бірнеше ағынды таратылымдар), бір шараны немесе әр түрлі бағдарламаларды бір теледидар арнасында әртүрлі камера көрініс орындарынан немесе бұрыштарынан көрсете алады. Мұндай телеарналар қол жетімді болса, теледидар хабар көрсетеді.

**Қосарлы I-II**

Аудио сигналда екі аудио тілі болып, бірақ біреуінің не екеуінің де тілі көрсетілмесе, осы параметр қолжетімді болады.

**Карталар арнасы**

Басында бағдарлама туралы ақпарат болмаса, қосымша ақпарат алу үшін карта арнасын орындауға болады.

**1 -** **TV GUIDE** түймесін басып, ортасынан опциясын таңдау үшін навигациялық пернелерді пайдаланыңыз және **OK** түймесін басыңыз.
**2 - TV Guide** (Теледидар нұсқаулығы) > **From the Internet** (Интернеттен) бөлімін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Теледидар нұсқаулығынан арналардың бірін таңдап, таңдалған арнаны көру үшін **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Арнаны көріп отырып, **+ OPTIONS** түймесін басыңыз.
**5 -** **Preferences** (Басымдықтар) > **Map Channel** (Карталар арнасы) тармағын таңдаңыз.
**6 -** Тізімнен бір тармақты таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**7 - Map Channel** (Карталар арнасы) тармағын таңдаңыз.
**8 -** Аяқтаған соң бағдарламада карталанған арна ақпаратын көре аласыз.

**Логотипті өзгерту**

Басында бағдарлама туралы ақпарат болмаса, төмендегі қадамдарды пайдаланып, бағдарлама туралы қосымша ақпарат ала аласыз.

**1 -** **TV GUIDE** түймесін басып, ортасынан опциясын таңдау үшін навигациялық пернелерді пайдаланыңыз және **OK** түймесін басыңыз.
**2 - TV Guide** (Теледидар нұсқаулығы) > **From the Broadcaster** (Таратушыдан) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Теледидар нұсқаулығынан арналардың бірін таңдап, таңдалған арнаны көру үшін **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Арнаны көріп отырып, **+ OPTIONS** түймесін басыңыз.
**5 -** **Preferences** (Басымдықтар) > **Change Logo** (Логотипті өзгерту) тармағын таңдаңыз.
**6 -** Тізімнен бір тармақты таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**7 - Change Logo** (Логотипті өзгерту) тармағын таңдаңыз.
**8 -** Аяқтаған соң бағдарламада карталанған арна ақпаратын көре аласыз.

## Таңдаулы арналар

**Таңдаулы арналар туралы ақпарат**

Таңдаулы арналар тізімінде қалаулы арналарды жинауға болады.

Арнаны оңай ауыстыру үшін таңдаулы арналардың 8 тізімін жасауға болады. Әрбір таңдаулылар тізіміне жеке-жеке атау беруге болады. Тек арналарды қайта реттеуге болатын таңдаулылар тізімі ішінде.

Таңдалған таңдаулылар тізімімен арнаны таңдау үшін (жоғары) немесе (төмен) көрсеткілерін басып, таңдалған арнаны қарау үшін **OK** түймесін басыңыз.
+ немесе − пернелерімен тізімдегі арналарға реттеуге болады.

**Таңдаулылар тізімін жасау**

Арналар тізімінен таңдаулы арналар тізімін жасау үшін...

**1 -** Телеарнаға ауыстыру үшін түймесін басыңыз.
**2 -** Ағымдағы арналар тізімін ашу үшін **LIST** (бар болса) немесе **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Create Favourites list** (Таңдаулылар тізімін жасау) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 -** Сол жақтағы тізімде таңдаулы ретінде қажетті арнаны таңдап, **+ OPTIONS** түймесін басыңыз. Арналар қосқан ретіңізбен оң жақ тізімде пайда болады. Орындамау үшін сол жақ тізімдегі арнаны таңдап, **+ OPTIONS** түймесін қайта басыңыз. Қосқыңыз келетін ауқымның соңғы арнасын таңдау үшін (төмен) түймесін, одан кейін **OK** түймесін басу арқылы арналар ауқымын таңдауға болады.
**6 -** Арналарды қосуды аяқтау үшін **BACK** түймесін басыңыз.
**7 -** Теледидар **Таңдаулылар тізімі** атауын өзгертуді сұрайды. Экрандағы пернетақтаны пайдалануға немесе оны жасыру үшін **BACK** түймесін пайдалануға болады, содан соң жаңа атауды енгізу үшін қашықтан басқару құралының артындағы (бар болса) пернетақтаны пайдаланыңыз.

Арналар тізімі ұзын болса, кез келген арнаны таңдауға болады, содан соң опциялар мәзірін ашу үшін **+ OPTIONS** түймесін басыңыз. Содан соң **Create Favourites list** (Таңдаулылар тізімін жасау) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

**Бар таңдаулы арналар тізімін көшіру арқылы жаңа таңдаулы арналар тізімін жасау үшін...**
**1 -** Телеарнаға ауыстыру үшін түймесін басыңыз.
**2 -** Ағымдағы арналар тізімін ашу үшін **LIST** (бар болса) немесе **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Duplicate Favourites list** (Таңдаулылар тізімін көшіру) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 -** Сол жақтағы тізімде таңдаулы ретінде қажетті арнаны таңдап, **+ OPTIONS** түймесін басыңыз. Арналар қосқан ретіңізбен оң жақ тізімде пайда болады. Орындамау үшін сол жақ тізімдегі арнаны таңдап, **+ OPTIONS** түймесін қайта басыңыз. Қосқыңыз келетін ауқымның соңғы арнасын таңдау үшін (төмен) түймесін, одан кейін **OK** түймесін басу арқылы арналар ауқымын таңдауға болады.
**6 -** Арналарды қосуды аяқтау үшін **BACK** түймесін басыңыз.
**7 -** Теледидар **Таңдаулылар тізімі** атауын өзгертуді сұрайды. Экрандағы пернетақтаны пайдалануға немесе оны жасыру үшін **BACK** түймесін пайдалануға болады, содан соң жаңа атауды енгізу үшін қашықтан басқару құралының артындағы (бар болса) пернетақтаны пайдаланыңыз.

Бір рет өту арқылы арналар ауқымын қосуға болады немесе барлық арналарды арналар тізімімен көшіру

арқылы және қажетсіз арналарды жою арқылы **Таңдаулылар тізімін** бастауға болады.

**Арналар ауқымын қосу**

Арналардың жүйелі ауқымын **Таңдаулылар тізіміне** бір әрекетпен қосу үшін **Ауқымды таңдау** опциясын пайдалануға болады.

Арналар ауқымын қосу үшін…

**1 -** **SOURCE** түймесін басыңыз.
**2 - Favourites (Таңдаулылар) опциясын таңдаңыз.**
**3 -** Арналар ауқымы қосылатынорында **Таңдаулылар тізімін** ашыңыз.
**4 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан ⋮ опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 - Edit Favourites List** (Таңдаулылар тізімін өңдеу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**6 -** Сол жақтағы тізімде қосу керек арналар ауқымын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**7 -** Қосқыңыз келетін ауқымның соңғы арнасын таңдау үшін ⌄ (төмен) түймесін, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
**8 -** Add (Қосу) пәрменін таңдап, OK түймесін басыңыз.
Арналар сол жақта белгіленген.

**Таңдаулылар тізімі атауын өзгерту**

Тек **таңдаулылар тізімі** атауын өзгертуге болады.

**Таңдаулылар тізімі** атауын өзгерту үшін…

**1 -** **SOURCE** түймесін басыңыз.
**2 - Favourites** (Таңдаулылар) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан ⋮ опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Rename Favourite List** (Таңдаулылар тізімінің атауын өзгерту) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 -** Экрандағы пернетақтаны пайдаланыңыз немесе оны жасыру үшін ← **BACK** (Артқа) түймесін пайдаланыңыз, содан соң жаңа атауды енгізу үшін қашықтан басқару құралының артындағы (бар болса) пернетақтаны пайдаланыңыз.
**6 -** Орындалған кезде қашықтан басқару құралын бұрып, **Close** (Жабу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**7 -** Арналар тізімін жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

**Таңдаулылар тізімін жою**

**Таңдаулылар тізімін** тек жоюға болады.

**Таңдаулылар тізімін** жою үшін…

**1 -** **SOURCE** түймесін басыңыз.
**2 - Favourites** (Таңдаулылар) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан ⋮ опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Таңдаулылар тізімін жою** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

**Арналарды қайта реттеу**

Тек **таңдаулылар тізімінде** арналар ретін өзгертуге (қайта реттеуге) болады.

Арналар ретін өзгерту үшін…

**1 -** **SOURCES** (Сигнал көздері) түймесін басып, **Favourites** (Таңдаулылар) опциясын таңдаңыз.
**2 -** Қайта реттегіңіз келген **таңдаулылар тізімін** ашыңыз.
**3 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан ⋮ опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Reorder Channels** (Арналардың ретін өзгерту) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 - Таңдаулылар тізімінде** қайта реттегіңіз келген арнаны таңдап, **OK** түймесін басыңыз. (Арналар сұр ұяшықпен белгіленеді)
**6 -** ⌃ (жоғары) немесе ⌄ (төмен) пернелерімен арнаны қажетті орынға жылжытыңыз.
**7 -** Жаңа орынды растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
**8 - Таңдаулылар тізімін** ← **BACK** пернесімен жапқанша, бір әдіспен арналарды қайта реттеуге болады.

## Text / Teletext (Мәтін/телемәтін)

**Мәтін беттері**

Мәтін/Телемәтін функциясын ашу үшін телеарналарды көріп отырған кезде **TEXT** түймесін басыңыз.
Мәтінді жабу үшін, **TEXT** түймесін қайта басыңыз.

**Мәтін бетін таңдаңыз**

Бетті таңдау. . .

**1 -** Бет нөмірін санды түймелермен енгізіңіз.
**2 -** Шарлау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз.
**3 -** Экранның төменгі жағындағы түспен кодталған тақырыпты таңдау үшін, түсті түйменің біреуін басыңыз.

**Мәтіннің ішкі беттері**

Телемәтін бетінің нөмірінде бірнеше ішкі бет болуы мүмкін. Ішкі бет нөмірлері негізгі бет нөмірінің жанындағы жолақта көрсетіледі.
Ішкі бетті таңдау үшін ❮ немесе ❯ опциясын таңдаңыз.

**T.O.P. Мәтін беттері**

Кейбір тарату станциялары T.O.P. мәтіні.
T.O.P. терезесі ашылады. Text (T.O.P. мәтіні) беттерін мәтінде ашу үшін, + **OPTIONS** түймесін басып, **T.O.P. Overview** (T.O.P. шолуы) опциясын таңдаңыз.

**Таңдаулы беттер**

Теледидар ашылған соңғы 10 Мәтін беттерінің тізімін жасайды. Оларды Таңдаулы мәтін беттері бағанында қайта оңай ашуға болады.

**1 -** Text (Мәтін) ішінде таңдаулы беттер бағанын көрсету үшін экранның жоғарғы сол жақ бұрышындағы ❤ (жүрек) белгішесін таңдаңыз.
**2 -** Бет нөмірін таңдау үшін ⌄ (төмен) немесе ⌃ (жоғары) түймесін басыңыз және бетті ашу үшін **OK** түймесін

басыңыз.
Тізімді **Таңдаулы беттерді жою** опциясының көмегімен жоюға болады.

**Телемәтінді іздеу**

Бір сөзді таңдап, сол сөздің барлық қайталануларын мәтіннен іздеуге болады.

**1 -** Мәтін бетін ашып, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Сөзді немесе санды көрсеткі пернелермен таңдаңыз.
**3 -** Енді осы сөздің немесе нөмірдің келесі қайталануына тікелей өту үшін **OK** түймесін қайта басыңыз.
**4 -** Келесі қайталауға өту үшін **OK** түймесін қайтадан басыңыз.
**5 -** Іздеуді тоқтату үшін ештеңе таңдалмағанша, ^ (жоғары) түймесін басыңыз.

**Жалғанған құрылғыдан келетін телемәтін**

ТД арналарын қабылдайтын кейбір арналар да мәтінді ұсынуы мүмкін.
Қосулы құрылғыдан мәтінді ашу үшін. . .

**1 -** **SOURCES** құрылғыны таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Құрылғыда арнаны көріп жатқанда, **+ OPTIONS** түймесін басып, **Show device keys** (Құрылғы пернелерін көрсету) опциясын, одан кейін опциясын таңдаңыз да **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Құрылғы пернелерін жасыру үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.
**4 -** «Мәтін» терезесін жабу үшін ← **BACK** пернесін қайта басыңыз.

**Сандық телемәтін (тек Ұлыбритания үшін)**

Кейбір таратушылар өздерінің сандық телеарналарында арнайы сандық мәтін немесе интерактивті теледидар қызметін ұсынады. Бұлардың ішіне таңдау және жылжу үшін санды, түрлі түсті және көрсеткі пернелерді пайдаланатын қалыпты мәтін кіреді.

Сандық мәтін терезесін жабу үшін ← **BACK** пернесін басыңыз.

* Арналар теледидардың ішкі тюнеріне тікелей орнатылғанда және құрылғы теледидар режимінде болғанда ғана телемәтінді ашуға болады.
Телеприставканы пайдаланып жатса, телемәтін теледидар арқылы ашылмайды. Мұндай жағдайда орнына телеприставканың телемәтіні қолданылады.

---

**Мәтін опциялары**

Мәтін/телемәтін тармағында келесіні таңдау үшін **+ OPTIONS** түймесін басыңыз…

**• Бетті қатыру**
Ішкі беттерді автоматты түрде бұруды тоқтату.
**• Қос экранды / Толық экран**
Телеарнаны және мәтінді бір-бірінің жанында көрсетеді.
**• Т.О.Р. шолуы**
Т.О.Р. Text (Т.О.Р. мәтіні) терезесін ашу.
**• Ұлғайту**
Ыңғайлы оқу үшін Мәтін бетін үлкейтеді.
**• Көрсету**
Беттегі жасырын ақпаратты көрсетеді.
**• Ішкі беттер арасында ауысу**
Бар болса, ішкі беттер арасында ауысады.
**• Таңдаулы беттерді жасыру/көрсету**
Таңдаулы беттер тізімін жасырады немесе көрсетеді.
**• Таңдаулы беттерді жою**
Таңдаулы беттер тізімін жояды.
**• Тіл**
Мәтін дұрыс көрсету үшін пайдаланатын таңбалар тобын ауыстырады.
**• Телемәтін 2,5**
Қосымша түстер мен жақсырақ графика үшін “Телемәтін 2,5” опциясын іске қосады.

---

**Мәтін параметрлерін орнату**

**Телемәтін тілі**

Кейбір сандық ТД хабар таратушыларының бірнеше мәтін тілі бар.
Бастапқы және қосалқы мәтін тілін орнату үшін. . .

**1 -** түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Аймақ және тіл** опциясын таңдап, > (оң жақ) түймесін басыңыз.
**3 - Language** (Тіл) > **Primary Text** (Негізгі телемәтін) немесе **Secondary Text** (Көмекші телемәтін) тармағын таңдаңыз.
**4 -** Таңдаулы мәтін тілдерін таңдаңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (солға) түймесін қайталап басыңыз.

**Телемәтін 2,5**

Бар болса, Телемәтін 2.5 қызметінің қосымша түстері бар және оның графикасы жақсы болады. “Телемәтін 2,5” стандартты зауытты параметр ретінде іске қосылады.
”Телемәтін 2,5” опциясын өшіру үшін…

**1 - TEXT** түймесін басыңыз.
**2 -** Экранда Мәтін/Телемәтін функциясын ашып, **+ OPTIONS** түймесін басыңыз.
**3 - Text 2.5** (Телемәтін 2.5) > **Off** (Өшірулі) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (солға) түймесін қайталап басыңыз.

---

5.5

# Арналар тізімін сүзу

Барлық арналардан тұратын тізімді сүзуге болады. Тек теледидар арналарын немесе тек радиостансаларды көрсету үшін арналар тізімін орнатуға болады. Антенна/кабель арналары үшін ауасыз немесе шифрланған арналарды көрсету үшін тізімді орнатуға болады. Бірнеше жерсеріктік құрылғы орнатылған кезде, әр құрылғы үшін жерсеріктік арналар тізімін сүзуге болады.

Барлық арналардан тұратын тізімде сүзгіні орнату…

**1 -** TV түймесін басыңыз.
**2 -** Ағымдағы арналар тізімін ашу үшін **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Экранда арналар тізімі ашық болғанда, арналар тізімінің үстінде тізім атауын таңдап, тізім мәзірін ашу үшін **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Тізім мәзірінен сүзу қажет тізімді таңдаңыз.
**5 -** Бір қадам артқа қайту үшін < (солға) түймесін басыңыз не мәзірді жабу үшін ← түймесін басыңыз.

6

# Құрылғыларды жалғау

6.1

## Байланыстар туралы ақпарат

### Байланыс мүмкіндігінің нұсқаулығы

Құрылғыны теледидарға әрқашан жоғары сапалы қосылыммен жалғаңыз. Сондай-ақ, сурет пен дыбыстың жақсы тасымалдануын қамтамасыз ету үшін жоғары сапалы кабельдерді пайдаланыңыз.

Құрылғыны жалғаған кезде, теледидар оның түрін анықтайды және әр құрылғыға дұрыс түр атауын береді. Қаласаңыз, түр атауын өзгертуге болады. Құрылғыға дұрыс түр атауы берілсе, Sources (Көздер) мәзірінде осы құрылғыға ауысқан кезде, теледидар ыңғайлы теледидар параметрлеріне автоматты түрде ауысады.

Бірнеше құрылғыны теледидарға қосу үшін көмек керек болса, Philips TV қосылым мүмкіндігінің нұсқаулығына кіруіңізге болады. Нұсқаулық қосу жолы және пайдаланылатын кабельдер туралы ақпаратты ұсынады.

**www.connectivityguide.philips.com** сайтына өтіңіз

### Антенна порты

Қосымша құрылғы (сандық ресивер) немесе тіркеуіш болса, антенна сигналы теледидарға кірместен бұрын оны приставка және/немесе тіркеуіш арқылы бірінші жүргізу үшін антенна кабельдерін жалғаңыз. Осылайша, антенна және приставка мүмкін қосымша арналарды жазу үшін тіркеуішке жібере алады.




6.2

## HDMI порттары

### HDMI сапасы

HDMI қосылымының көрінісі мен дыбыс сапасы ең жақсы. Бір HDMI кабелі бейне және аудио сигналдарын біріктіреді. Теледидар сигналына арналған HDMI кабелін пайдаланыңыз.

Сигнал тасымалдаудың сапасын жақсарту үшін жоғары жылдамдықты HDMI кабелін пайдаланыңыз және 5 м-ден ұзын HDMI кабелін пайдаланбаңыз.

HDMI ұясына қосылған құрылғы дұрыс жұмыс істемесе, басқа **HDMI Ultra HD** параметрі осы мәселені шешуі мүмкін. Қосымша ақпарат үшін **Анықтама** ішінен **Кілтсөздер** опциясын таңдап, **HDMI Ultra HD** деп іздеңіз.




#### Көшіруден қорғау

HDMI кабельдерінде HDCP 2.2 (жоғары өткізу мүмкіндігі бар сандық мазмұнды қорғау) мүмкіндігі бар. HDCP — DVD немесе Blu-ray дискілерінен мазмұнның көшірілуін болдырмайтын қорғау сигналы. DRM (сандық құқықтарды басқару) деп те аталады.

### HDMI ARC

Теледидардағы барлық HDMI қосылымдарында **HDMI ARC** (Дыбысты қайтару арнасы) бар.

Егер құрылғыда да, әдетте үй кинотеатры жүйесінде (HTS), HDMI ARC қосылымы болса, оны осы теледидардағы HDMI ұяларының кез келгеніне жалғаңыз. HDMI ARC ұясымен теледидар суретінің дыбысын HTS жүйесіне жіберетін сыртқы дыбыс кабелін жалғаудың қажеті жоқ. HDMI ARC ұяшығы екі сигналды біріктіреді.

Бұл теледидарда HTS жүйесіне жалғау үшін кез келген HDMI байланысын пайдалануға болады, бірақ ARC сигналы бір уақытта тек 1 құрылғыда/байланыста қол жетімді болады.

## HDMI MHL

**HDMI MHL** көмегімен Android смартфонында немесе планшетте көрген ақпаратты теледидар экранына жіберуге болады.

Осы теледидардағы **HDMI 4** байланысы **MHL 2,0** (Mobile High-Definition Link) жүйесімен байланысады.

Осы сымды байланыс керемет тұрақтылықты, жолақ енін, төмен кідіріс кезеңін, сымсыз кедергінің болмауын және жақсы сапалы дыбыстың шығуын ұсынады. Оның үстінде MHL байланысы смартфон немесе планшет батареясын зарядтайды. Теледидар күту режимінде болған кезде, мобильді құрылғы зарядталмайды.

Ұялы құрылғыға үйлесімді пассивті MHL кабелі туралы хабарланыз. Жекелеп айтқанда, бір жағында теледидар үшін HDMI коннекторы бар, ал екінші жағында смартфонға немесе планшетке қосылатын коннектор түрі бар.

MHL, Mobile High-Definition Link және MHL логотипі — MHL, LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

## HDMI CEC - EasyLink

HDMI қосылымының көрінісі мен дыбыс сапасы ең жақсы. Бір HDMI кабелі бейне және аудио сигналдарын біріктіреді. Ажыратымдылығы жоғары (HD) теледидар сигналдары үшін HDMI кабелін қолданыңыз. Сигнал тасымалдаудың сапасын жақсарту үшін жоғары жылдамдықты HDMI кабелін пайдаланыңыз және 5 м-ден ұзын HDMI кабелін пайдаланбаңыз.




### EasyLink HDMI CEC

Егер құрылғыларыңыз HDMI көмегімен қосылса және оларды EasyLink болса, оларды теледидардың қашықтан басқару құралымен басқаруға болады. EasyLink HDMI CEC теледидарда және қосылған құрылғыда қосылуы керек.

EasyLink арқылы теледидардың қашықтан басқару құралымен қосылған құрылғыны пайдалануға болады. EasyLink қосылған құрылғылармен байланысу үшін HDMI CEC (тұтынушылық электрониканы басқару) мүмкіндігін пайдаланады. Құрылғылар HDMI CEC сигналын қолдауы және HDMI қосылымы арқылы жалғануы тиіс.

### EasyLink параметрлерін орнату

EasyLink мүмкіндігі теледидарда қосылып келеді. Қосылған EasyLink құрылғыларында барлық HDMI CEC параметрлері дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. EasyLink басқа маркалы құрылғылармен жұмыс істемеуі мүмкін.

### Басқа маркалардағы HDMI-CEC

HDMI-CEC функциясының аты әр компанияларда әртүрлі болады. Кейбір мысалдар: Anynet, Aquos Link, Bravia Theatre Sync, Kuro Link, Simplink және Viera Link. Бұл маркалардың барлығы EasyLink мүмкіндігімен үйлесімді бола бермейді.

Мысалы, HDMI CEC марка атаулары тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

## DVI - HDMI

Егер сізде DVI қосылымы ғана бар құрылғы әлі де болса, құрылғыны **HDMI** ұясының кез келгеніне DVI - HDMI адаптері арқылы жалғаңыз.

Құрылғыда DVI ұяшығы ғана болса, DVI-HDMI адаптерін пайдаланыңыз. HDMI қосылымдарының біреуін пайдаланып, дыбыс үшін теледидардың артқы жағында Audio L/R кабелін (3,5 мм шағын қосқыш) **Audio IN** ұясына жалғаңыз.



## Көшіруден қорғау

DVI және HDMI кабельдерінде HDCP (жоғары өткізу мүмкіндігі бар сандық мазмұнды қорғау) мүмкіндігі бар. HDCP — DVD немесе Blu-ray дискілерінен мазмұнның көшірілуін болдырмайтын қорғау сигналы. DRM (сандық құқықтарды басқару) деп те аталады.

6.3

# Y Pb Pr - Компоненттік

**Y Pb Pr** - Компоненттік бейне жоғары сапалы қосылым болып табылады.

YPbPr қосылымын ажыратымдылығы жоғары (HD) теледидар сигналдарына пайдалануға болады. Y, Pb және Pr сигналдарының жанына дыбысқа арналған Audio Left and Right (Сол жақ және оң жақ дыбыс) сигналдарын қосыңыз.

Жалғаған кезде YPbPr (жасыл, көк, қызыл) коннектор түстерін кабель ашаларына сәйкестендіріңіз. Құрылғыңыздың даусы болса, Audio L/R кабелін пайдаланыңыз.




6.4

# Scart

**SCART** — сапасы жақсы қосылым.

SCART қосылымын CVBS және RGB бейне сигналдарына пайдалануға болады, бірақ ажыратымдылығы жоғары (HD) теледидар сигналдарына қолдануға болмайды. SCART қосылымы бейне және дыбыс сигналдарын біріктіреді. Сондай-ақ, SCART қосылымы NTSC ойнатуын қолдайды.




6.5

# Дыбыс шығысы - оптикалық

**Дыбыс шығысы - оптикалық** — жоғары сапалы дыбыс қосылымы.

Бұл оптикалық қосылым 5.1 аудио арналарын тасымалдайды. Құрылғыңызда, әдетте үй кинотеатры жүйесінде (HTS) HDMI ARC ұялары болмаса, осы қосылымды HTS жүйесінде «Дыбыс шығысы - оптикалық» қосылымымен пайдалануға болады. «Дыбыс шығысы - оптикалық» қосылымы дыбысты теледидардан HTS бейнесіне жібереді.




6.6

# Смарт карталы CAM - CI+

## CI+ туралы ақпарат

**Ескертпе:** Азия, Тынық мұхиты, Қиыр шығыс және Африка елдерінде қолдау көрсетілмейді.

## CI+

Бұл теледидар **CI+ шартты кіру** үшін дайын.

CI+ мүмкіндігімен аймағыңыздағы сандық теледидар операторлары ұсынатын фильмдер мен спорт сияқты ажыратымдылығы жоғары бағдарламаларды қарауға болады. Бұл бағдарламаларды теледидар операторы шифрланған және алдын ала төленген CI+ модулімен шифрынан ашады.
Үздік бағдарламаларына жазылған кезде, сандық теледидар операторлары CI+ модулін (шартты кіру модулі - CAM) және онымен бірге жүретін смарт картаны береді. Бұл бағдарламалардың көшіруден қорғау деңгейі жоғары.

Шарттар мен ережелері бойынша қосымша ақпарат алу үшін сандық теледидар операторына хабарласыңыз.

## Смарт карта

Үздік бағдарламаларына жазылған кезде, сандық теледидар операторлары CI+ модулін (шартты кіру модулі - CAM) және онымен бірге жүретін смарт картаны береді.

Смарт картаны CAM модуліне енгізіңіз. Оператор ұсынған нұсқаулықты қараңыз.

CAM модулін теледидарға енгізу үшін…

**1 -** Дұрыс салу әдісін көру үшін CAM модулінен қараңыз. Дұрыс салынбаса, CAM мен теледидар зақымдалуы мүмкін.
**2 -** Теледидарға CAM модулінің алдыңғы жағы сізге қараған күйде қарап, CAM модулін **ЖАЛПЫ ИНТЕРФЕЙС** ұясына мұқият енгізіңіз.
**3 -** CAM модулін кіргенше салыңыз. Оны ұяда қалдырыңыз.




Теледидарды қосқан кезде, CAM іске қосылуы бірнеше минут уақыт алады. CAM модулі енгізіліп, жазылым ақылары төленсе (жазылым әдістері әртүрлі болуы мүмкін), CAM смарт картасы қолдау көрсететін шифрланған арналарды қарай аласыз.

CAM модулі мен смарт карта арнайы теледидарыңызға арналған. CAM модулін алып тастасаңыз, CAM смарт картасы қолдау көрсететін шифрланған арналарды бұдан былай қарай аласыз.

## Құпия сөздер және PIN кодтары

Кейбір CAM модульдерінің арналарын қарау үшін PIN кодын енгізу қажет. CAM модуліне PIN кодын орнатсаңыз, теледидарды құлыптан ашуға пайдаланылатын кодты қолдануға кеңес береміз.

CAM модуліне PIN кодын орнату үшін…

**1 -** **SOURCES** түймесін басыңыз.
**2 - Watch TV** (Теледидар көру) үшін CAM модулін пайдаланатын арна түрін таңдаңыз.
**3 -** + **OPTIONS** түймесін басып, **Common Interface** (Жалпы интерфейс) опциясын таңдаңыз.
**4 -** CAM модулінің теледидар операторын таңдаңыз. Келесі терезелер теледидар операторынан келеді. PIN код параметрін іздеу үшін экрандағы нұсқауды орындаңыз.

6.7

# Қабылдағыш - теледидардың абоненттік қосымшасы

## Кабель жәшігі

Антеннаны теледидардың абоненттік қосымшасына (сандық қабылдағыш) және теледидарға жалғау үшін 2 антенна кабелін пайдаланыңыз.




Антенна байланыстарынан кейін теледидардың абоненттік қосымшасын теледидарға жалғау үшін HDMI кабелін қосыңыз.
Егер теледидардың абоненттік қосымшасында HDMI байланысы болмаса, SCART кабелін пайдалануға болады.




**Автоматты өшіру таймері**

Тек теледидардың абоненттік қосымшасының қашықтан басқару құралын пайдаланып отырған болсаңыз, автотаймерді өшіріңіз. Теледидардың қашықтан басқару құралында ешбір перне 4 сағат бойы басылмағандықтан, теледидардың автоматты түрде өшуін болдырмау үшін осы таймерді өшіріңіз.

## Спутник тюнері

Тарелка антеннасының кабелін спутниктік қабылдағышқа жалғаңыз.

Антенна байланыстарынан кейін құрылғыны теледидарға жалғау үшін HDMI кабелін қосыңыз.
Егер құрылғыда HDMI байланысы болмаса, SCART кабелін пайдалануға болады.




**Автоматты өшіру таймері**

Тек теледидардың абоненттік қосымшасының қашықтан басқару құралын пайдаланып отырған болсаңыз, автотаймерді өшіріңіз. Теледидардың қашықтан басқару құралында ешбір перне 4 сағат бойы басылмағандықтан, теледидардың автоматты түрде өшуін болдырмау үшін осы таймерді өшіріңіз.

6.8

# Үй кинотеатры жүйесі — HTS

## HDMI ARC арқылы қосылу

Үй кинотеатрының жүйесін (HTS) теледидарға жалғау үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз. Philips Дыбыс жолағын немесе HTS жүйесін ішіне орнатылған диск ойнатқышымен жалғауға болады.

**HDMI ARC**

Егер үй кинотеатры жүйесінде HDMI ARC ұяшығы болса, жалғау үшін теледидардағы кез келген HDMI ұяшығын пайдалануға болады. HDMI ARC болса, қосымша дыбыстық кабельді жалғау қажет емес. HDMI ARC қосылымы екі сигналды да біріктіреді.
Теледидардағы барлық HDMI қосылымдары дыбыс қайтару арнасының (ARC) сигналын ұсынуы мүмкін. Бірақ үй кинотеатры жүйесіне қосылғаннан кейін теледидар ARC сигналын тек осы HDMI қосылымына жібере алады.




**Дыбыс-бейне синхрондауы**

Егер дыбыс экрандағы бейнеге сәйкес болмаса, диск ойнатқышы бар үй кинотеатры жүйелерінің көпшілігінде кідірісті дыбыс бейнеге сай болатындай орнатуға болады.

## HDMI арқылы қосылу

Үй кинотеатрының жүйесін (HTS) теледидарға жалғау үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз. Philips Дыбыс жолағын немесе HTS жүйесін ішіне орнатылған диск ойнатқышымен жалғауға болады.

Егер үй кинотеатрының жүйесінде HDMI ARC ұяшығы болмаса, теледидардағы сурет дыбысын үй кинотеатрының жүйесіне жіберу үшін оптикалық дыбыс кабелін (Toslink) жалғаңыз.




**Дыбыс-бейне синхрондауы**

Егер дыбыс экрандағы бейнеге сәйкес болмаса, диск ойнатқышы бар үй кинотеатры жүйелерінің көпшілігінде кідірісті дыбыс бейнеге сай болатындай орнатуға болады.

## HTS дыбысында мәселелер бар

**Қатты шуы бар дыбыс**

Бейнені қосылған USB жад құрылғысынан немесе қосылған компьютерден көрсеңіз, үй кинотеатры жүйесінің дыбысы бұрмалануы мүмкін. Бұл шу дыбыс немесе бейне файлында DTS дыбысы болғанда, бірақ үй кинотеатры жүйесінде DTS дыбыс өңдеуі болмаған кезде шығады. Оны теледидардың **Audio Out Format** (Дыбыс шығысының пішімі) параметрін **Stereo** (Стерео) (босатылған) мәніне орнату арқылы түзете аласыз.

⚙ түймесін басып, **All Settings** (Барлық орнатулар) > **Sound** (Дыбыс) > **Advanced** (Қосымша функциялар) > **Audio Out Format** (Дыбыс шығысының пішімі) тармағын таңдаңыз.

**Дыбыс жоқ**

Үй кинотеатры жүйесінде теледидардың дыбысын ести алмасаңыз, үй кинотеатры жүйесінде HDMI кабелін **HDMI ARC** ұясына жалғағаныңызды тексеріңіз. Теледидардағы барлық HDMI ұялары HDMI ARC ұялары болып табылады.

6.9

# Смартфондар және планшеттер

Смартфонды немесе планшетті теледидарға жалғау үшін сымсыз немесе сымды байланысты пайдалануға болады.

**Ток сымысыз**

Сымсыз байланыс үшін смартфонда немесе планшетте таңдаулы қолданбалар дүкенінен Philips теледидарды қашықтан басқару қолданбасын жүктеп алыңыз.

**Сымды**

Сымды байланыс үшін теледидар артындағы HDMI 4 MHL байланысын пайдаланыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін **Анықтама** ішінен **Кілтсөздер** түймесін басып, **HDMI MHL** деп іздеңіз.

6.10

# Blu-ray диск ойнатқышы

Blu-ray диск ойнатқышын теледидарға жалғау үшін **жоғары жылдамдықты HDMI** кабелін пайдаланыңыз.




Blu-ray диск ойнатқышында EasyLink HDMI CEC болса, ойнатқышты теледидардың қашықтан басқару құралымен пайдалануға болады.

6.11

# DVD ойнатқышы

DVD ойнатқышын теледидарға жалғау үшін HDMI кабелін пайдаланыңыз.
Егер құрылғыда HDMI қосылымы болмаса, SCART кабелін пайдалануға болады.




DVD ойнатқышы HDMI кабелімен жалғанып, онда EasyLink CEC болса, ойнатқышты теледидардың қашықтан басқару құралымен басқаруға болады.

6.12

# Bluetooth - динамиктер және джойстиктер

## Сізге не қажет

Сымсыз құрылғыны – сымсыз динамикті, сабвуферді, дыбыс жолағын немесе құлақаспапты Bluetooth® арқылы теледидарға қосуға болады. Сымсыз джойстикті Bluetooth LE арқылы да жалғауға болады.

Теледидар дыбысын сымсыз динамиктен ойнату үшін, сымсыз динамикті теледидармен жұптастыруға болады. Кейбір сымсыз динамиктерді және ең көбі 4 Bluetooth LE (төмен қуат) құрылғысын жұптастыруға болады. Теледидарда бір уақытта бір-ақ динамик дыбысын ойнатуға болады. Сабвуферді жалғасаңыз, дыбыс теледидарда және сабвуферде ойналады. Дыбыс жолағын жалғасаңыз, дыбыс жолағында дыбыс қана ойнатылады.

**Назар аударыңыз - Аудио және бейне синхрондау**

Көптеген Bluetooth динамик жүйелерінде жоғары «кідіріс кезеңі» болады. Жоғары кідіріс кезеңі — синхрондалмаған «бейне мен дыбыс ауытқуына» себеп болатын бейнеден кейінгі аудио дыбыстар. Сымсыз Bluetooth динамигі жүйесін сатып алудан бұрын, ең жаңа үлгілер туралы хабарлап, төмен кідіріс кезеңі деңгейіне ие құрылғыны іздеңіз. Дилерден кеңес алыңыз.

## Құрылғыны жұптастыру

Сымсыз динамикті теледидардан 5 метр қашықтыққа орналастырыңыз. Жұптастыру және сымсыз ауқым туралы нақты ақпаратты алу үшін пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз. Теледидарда Bluetooth параметрі қосылғанын тексеріңіз.

Сымсыз джойстик жұптастырылса, оны пайдалануға болады. Сымсыз динамик жұптастырылған кезде, теледидар дыбысын ойнату үшін таңдауға болады. Құрылғы жұптастырылған кезде құрылғыны алмай тұрып, қайта жұптастыруға болмайды.

Сымсыз динамикті теледидармен жұптастыру үшін…

**1 -** Сымсыз динамикті қосып, теледидар ауқымында қойыңыз.
**2 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 - Wireless and Networks** (Сымсыз байланыс және желілер) тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін › (оң жақ) түймесін басыңыз.
**4 - Bluetooth** > **Search Bluetooth Device** (Bluetooth құрылғысын іздеу) тармағын таңдаңыз.
**5 - Start** (Іске қосу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Құрылғыны теледидармен жұптайсыз және теледидар қосылымды сақтайды. Жұптастырылған құрылғылардың саны ең көп мөлшеріне жетсе, бірінші жұптастырылған құрылғыны үзу қажет болуы мүмкін.
**6 -** Құрылғы түрін (құлақаспап, сабвуфер, …) таңдаңыз.
**7 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (солға) түймесін қайталап басыңыз.

* Егер теледидар Bluetooth LE жүйесімен үйлесімді болмаса, ол Bluetooth сабвуферін және Bluetooth динамиктерін қолдамайды.

** Егер Bluetooth жүйесімен үйлесімді болса, дыбыс жолағы, динамик және басқа аудио құрылғы үшін HDMI қосылымы қажет.

## Құрылғыны таңдау

Сымсыз Bluetooth динамигі жұптастырылған кезде, теледидар дыбысын ойнату үшін таңдауға болады.

Теледидар дыбысын ойнататын динамикті таңдау үшін…

**1 -** ✿ түймесін басып, **Speakers** (Динамиктер) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Қажетті динамик жүйесін таңдаңыз.
**3 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (солға) түймесін қайталап басыңыз.

## Құрылғыны алып тастау

Сымсыз Bluetooth құрылғысын жалғауға немесе ажыратуға болады. Bluetooth құрылғысы қосылған кезде, джойстик пайдалануға болады немесе сымсыз динамик арқылы теледидар дыбысын естуге болады. Сонымен қатар, сымсыз Bluetooth құрылғысын алып тастауға болады. Егер Bluetooth құрылғысы алынып тасталса, құрылғы жұптастырылмайды.

Сымсыз құрылғыны алып тастау немесе ажырату үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Wireless and Networks** (Сымсыз байланыс және желілер) опциясын таңдаңыз.
**3 - Bluetooth** > **Remove Device** (Құрылғыны алып тастау) опциясын таңдаңыз.
**4 -** Тізімнен сымсыз құрылғыны таңдаңыз.
**5 - Disconnect** (Ажырату) немесе **Remove** (Жою) опциясын таңдаңыз.
**6 - OK** тармағын таңдаңыз.
**7 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (солға) түймесін қайталап басыңыз.

6.13

# Құлақаспап

Құлақаспаптар жинағын теледидардың артқы бөлігіндегі 🎧 байланысына жалғаңыз. Байланыс — 3,5 мм шағын ұя. Құлақаспаптың дыбыс деңгейін бөлек реттеуге болады.

Дыбыс деңгейін реттеу үшін...

**1 -** ⚙ түймесін басып, **Headphone Volume** (Құлақаспаптың дыбыс деңгейі) опциясын таңдаңыз.
**2 -** Мәнді реттеу үшін ^ (жоғары) немесе v (төмен) көрсеткілерін басыңыз.
**3 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (солға) түймесін қайталап басыңыз.




6.14

# Ойын консолі

## HDMI

Ең жақсы сапа үшін ойын консолін жылдамдығы жоғары HDMI кабелінің көмегімен теледидарға жалғаңыз.




## Y Pb Pr

Ойын консолін компоненттік бейне кабель (Y Pb Pr) және дыбыстық L/R кабелі көмегімен теледидарға жалғаңыз.




## Scart

Ойын консолін композиттік кабель (CVBS) және теледидарға арналған дыбыстық L/R кабелінің көмегімен теледидарға қосыңыз.

Ойын консолінде тек Video (CVBS) және Audio L/R шығысы болса, SCART адаптеріне (жеке сатылады) қосу үшін Video Audio L/R - SCART адаптерін пайдаланыңыз.




## Үздік параметр

Қосылған ойын консолінен ойын ойнауды бастау алдында **Game** (Ойын) параметрінде теледидар орнату ұсынылады.

Теледидарды ыңғайлы параметрге реттеу үшін...

**1 -** ⚙ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Picture** (Сурет) тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін > (оң жақ) түймесін басыңыз.
**3 - Picture Style** (Сурет мәнері) > **Game** (Ойын) тармағын таңдаңыз.
**4 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (солға) түймесін қайталап басыңыз.

6.15

# Джойстик

## Джойстикті қосу

Интернет ойындарын осы теледидардан ойнау үшін сымсыз джойстиктердің белгілі бір ауқымын қоса аласыз. Bluetooth қосулы джойстиктерді немесе USB нано ресиверлі джойстиктерді пайдалануға болады.

Джойстикті USB нано ресиверіне қосу үшін…

**1 -** Теледидардың бүйіріндегі USB ұяларының біріне шағын нано-қабылдағышты жалғаңыз. Сымсыз нано-қабылдағыш джойстикпен келеді.
**2 -** Джойстик қосулы болса, оны пайдалануға болады.

Теледидардың бүйіріндегі екінші USB ұясына екінші джойстикті жалғауға болады.

## Мәселелер

Теледидардың басқа сымсыз құрылғылармен ықтимал кедергілерін шешу үшін…

• USB ұзартқыш сымын пайдаланып, нано-қабылдағышты теледидардан 1 метр алысқа жылжытыңыз.
• Не болмаса, теледидарға жалғанған USB хабын пайдалануға және USB хабындағы нано-қабылдағышты жалғауға болады.

6.16

# USB қатты дискісі

## Сізге не қажет

Егер USB қатты дискісін қоссаңыз, сандық теледидар таратылымдарын (DVB таратылымдары немесе ұқсас) тоқтата тұруыңызға немесе жазып алуыңызға болады.

**Ең аз диск орны**
• Кідірту
Таратылымды кідірту үшін сізге кемінде 4 ГБ бос орны бар USB 2.0 портымен үйлесімді қатты диск қажет.
• Жазу
Таратылымды кідірту және жазу үшін кемінде 250 ГБ бос орын қажет.

## Орнату

Таратылымды кідірту немесе жазу алдында USB қатты дискісін жалғау және пішімдеу қажет. Пішімдеген кезде USB қатты дискісіндегі барлық файлдар жойылады.

**1 -** USB қатты дискісін теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуіне жалғаңыз. Пішімдеу кезінде басқа USB құрылғысын екінші USB порттарына қоспаңыз.

**2 -** USB қатты дискісі мен теледидарды қосыңыз.
**3 -** Теледидар сандық теледидар арнасына реттелген болса, **II** (Кідірту) түймесін басыңыз. Кідірту әрекеті пішімдеуді бастайды.

Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

USB қатты дискісі пішімделгеннен кейін тұрақты жалғанып тұра берсін.




**Ескерту**

USB қатты дискісі осы теледидар үшін арнайы пішімделген, ондағы жазбаларды басқа теледидарда немесе компьютерде қолдану мүмкін емес. USB қатты дискісіндегі жазба файлдарын ешбір компьютер қолданбасымен көшіруге немесе өзгертуге болмайды. Әйтпесе, жазбалар бүлінеді. Басқа USB қатты дискісін пішімдеген кезде оның мазмұны жоғалады. Теледидарда орнатылған USB қатты дискісін компьютерде пайдалану үшін қайта пішімдеу керек.

## Пішімдеу

Хабар таратуды кідірту, не жазу, не қолданбаларды сақтаудың алдында USB қатты дискісін жалғап, пішімдеу қажет. Пішімдеген кезде USB қатты дискісіндегі барлық файлдар жойылады. Егер таратылатын хабарды теледидар нұсқаулығының деректері арқылы интернеттен жазғыңыз келсе, USB қатты дискісін орнатудың алдында интернетке қосылу қажет.

**Ескерту**

USB қатты дискісі осы теледидар үшін арнайы пішімделген, ондағы жазбаларды басқа теледидарда немесе компьютерде қолдану мүмкін емес. USB қатты дискісіндегі жазба файлдарын ешбір компьютер қолданбасымен көшіруге немесе өзгертуге болмайды. Әйтпесе, жазбалар бүлінеді. Басқа USB қатты дискісін пішімдеген кезде оның мазмұны жоғалады. Теледидарда орнатылған USB қатты дискісін компьютерде пайдалану үшін қайта пішімдеу керек.

USB қатты дискісін пішімдеу…

**1 -** USB қатты дискісін теледидардағы **USB**

қосылымдарының біреуіне жалғаңыз. Пішімдеу кезінде басқа USB құрылғысын екінші USB порттарына қоспаңыз.
**2 -** USB қатты дискісі мен теледидарды қосыңыз.
**3 -** Теледидар сандық теледидар арнасына реттелген болса, **II** (Кідірту) түймесін басыңыз. Кідірту әрекеті пішімдеуді бастайды. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
**4 -** Теледидарда қолданбаларды сақтау үшін USB қатты дискісін пайдаланғыңыз келетін-келмейтіні туралы сұрайды, пайдаланғыңыз келсе, сұрақпен келісесіз.
**5 -** USB қатты дискісі пішімделгеннен кейін тұрақты жалғанып тұра берсін.




6.17

# USB пернетақтасы

## Жалғау

Теледидарда мәтін енгізу үшін USB пернетақтасын (USB-HID түріндегі) жалғаңыз.

Жалғау үшін **USB** қосылымдарының біреуін пайдаланыңыз.




## Параметрлерді реттеу

**Пернетақтаны орнату**

USB пернетақтасын орнату үшін теледидарды қосыңыз және USB пернетақтасын теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуіне жалғаңыз. Теледидар пернетақтаны бірінші рет анықтағанда пернетақта орналасуын таңдауға және таңдауды сынақтан өткізуге болады. Алдымен Cyrillic (кириллица) немесе Greek (грек) пернетақта орналасуын таңдасаңыз, қосымша латын пернетақта орналасуын таңдай аласыз.

Орналасу таңдалған кезде пернетақта орналасуын өзгерту үшін…

**1 -** ⚙ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - General Settings** (Жалпы параметрлер) тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін › (оңға) түймесін басыңыз.
**3 -** Пернетақта орнатылуын бастау үшін **USB Keyboard Settings** (USB пернетақта параметрлерін) таңдаңыз.

## Арнайы пернелер

**Мәтін енгізуге арналған пернелер**
• Enter пернесі = OK
• Backspace = курсор алдындағы таңбаны жою
• Көрсеткі пернелер = мәтін өрісінде шарлау
• Пернетақта орналасуларын ауыстыру үшін, қосалқы орналасу орнатылса, **Ctrl + Бос орын** пернелерін бірге басыңыз.

**Қолданбалар мен интернет беттеріне арналған пернелер**
• Tab және Shift + Tab = Келесі және алдыңғы
• Home = беттің жоғарғы жағына жылжу
• End = беттің төменгі жағына жылжу
• Page Up = бір бетке жоғары өту
• Page Down = бір бетке төмен өту
• + = бір қадам үлкейту
• - = бір қадам кішірейту
• * = веб-бетті экран еніне сәйкестендіру

6.18

# USB жад құрылғысы

Қосылған USB жад құрылғысынан суреттерді көруге немесе музыканы және бейнені ойнатуға болады.

Теледидар қосылып тұрғанда теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуіне USB жад құрылғысын жалғаңыз.




Теледидар жад құрылғысын анықтап, оның мазмұнын көрсететін тізімді ашады.

Мазмұн тізімі автоматты түрде пайда болмаса, **SOURCES** опциясын таңдап, **USB** түймесін басыңыз.

USB флэш-жадының мазмұнын қарауды тоқтату үшін **EXIT** түймесін басыңыз немесе басқа әрекетті таңдаңыз.
USB флэш-жадын ажырату үшін флэш-жадын кез келген уақытта шығарып алуға болады.

USB жад құрылғысынан контентті көру немесе ойнату туралы қосымша ақпарат алу үшін **Анықтама** ішінен **Кілтсөздер** опциясын таңдап, **Фотосуреттер, бейнелер және музыка** деп іздеңіз.

6.19

# Фотокамера

Сандық фотокамерада сақталған фотосуреттерді көру үшін фотокамераны теледидарға тікелей жалғауға болады.

Жалғау үшін теледидардағы **USB** қосылымдарының біреуін пайдаланыңыз. Қосылымды орнатқаннан кейін камераны қосыңыз.

**3 - Factory Settings (Зауыттық параметрлер) тармағын таңдаңыз.**
**4 - OK тармағын таңдаңыз.**
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

## Теледидарды қайта орнату

Теледидарды толық қайта орнатуға болады. Теледидар толығымен қайта орнатылды.

Теледидарды толық қайта орнату үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - General Settings** (Жалпы параметрлер) тармағын таңдап, **Reinstall TV** (Теледидарды қайта орнату) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Орнату бірнеше минут алуы мүмкін.

12.7

# Сағат, аймақ және тіл

## Мәзір тілі

Теледидар мәзірлерінің және хабарлардың тілін өзгерту үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Аймақ және тіл** опциясын таңдап, > (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Language** (Тіл) > **Menu Language** (Мәзір тілі) тармағын таңдаңыз.
**4 -** Қажет тілді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

## Тіл басымдықтары

**Дыбыс тілі параметрлері**

Сандық теледидар арналары бағдарлама үшін дыбысты бірнеше тілде таратуы мүмкін. Қалаған негізгі және қосымша дыбыс тілін орнатуға болады. Егер дыбыс осы тілдердің бірінде қол жетімді болса, теледидар осы аудиоға ауысады.

Егер қалаған дыбыс тілдерінің ешқайсысы қол жетімді болмаса, қол жетімді басқа дыбыс тілін таңдауға болады.

Негізгі және қосалқы дыбыс тілін реттеу үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Аймақ және тіл** опциясын таңдап, > (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Languages** (Тілдер) > **Primary Audio** (Негізгі дыбыс) немесе **Secondary Audio** (Қосымша дыбыс) тармағын таңдаңыз.
**4 -** Қажетті тілді таңдаңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

**Субтитрлер**

**Қосу**

Субтитрлерді қосу үшін **SUBTITLE** түймесін басыңыз.

Субтитрлерді**Қосу**, **Өшіру** немесе **Үнсіз кезде қосу** күйіне ауыстыруға болады.
Немесе таратылған бағдарлама теледидарда орнатылған тілде болмаған кезде субтитрлерді автоматты түрде көрсету үшін **Автоматты** тармағын таңдаңыз. Бұл параметр дыбысты өшірген кезде де субтитрлерді автоматты түрде көрсетеді.

**Субтитрлер тілі параметрлері**

Сандық арналарда бағдарлама үшін бірнеше субтитр тілі ұсынылуы мүмкін. Қалаған негізгі және қосымша субтитр тілдерін орнатуға болады. Егер осы тілдердің бірінде субтитр қол жетімді болса, теледидар сіз таңдаған субтитрлерді көрсетеді.

Егер қалаған субтитр тілдерінің ешқайсысы қол жетімді болмаса, қол жетімді басқа субтитр тілін таңдауға болады.

Негізгі және қосалқы субтитр тілін реттеу үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Аймақ және тіл** опциясын таңдап, > (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Languages** (Тілдер) > **Primary Subtitles** (Негізгі субтитрлер) немесе **Secondary Subtitles** (Қосымша субтитрлер) тармағын таңдаңыз.
**4 -** Қажетті тілді таңдаңыз.

**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

---

**Мәтіндегі субтитрлер**

Аналогтық арнаға реттесеңіз, әр арна үшін субтитрлерді қолмен қолжетімді етуіңіз қажет.

**1 -** Арнаға ауысып, «Мәтін» бетін ашу үшін **TEXT** түймесін басыңыз.
**2 -** Субтитрлердің бет нөмірін енгізіңіз, әдетте **888** болады.
**3 -** «Мәтін» бетін жабу үшін **TEXT** түймесін қайтадан басыңыз.

Осы аналогтық арнасын қарап отырғанда «Субтитр» мәзірінде **Қосу** мәнін таңдаған болсаңыз, бар болса, субтитрлер көрсетіледі.

---

**Мәтін / Телемәтін тілдері**

---

**Мәтін беттері**

Мәтін/Телемәтін функциясын ашу үшін телеарналарды көріп отырған кезде **TEXT** түймесін басыңыз.
Мәтінді жабу үшін, **TEXT** түймесін қайта басыңыз.

**Мәтін бетін таңдаңыз**

Бетті таңдау. . .

**1 -** Бет нөмірін санды түймелермен енгізіңіз.
**2 -** Шарлау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз.
**3 -** Экранның төменгі жағындағы түспен кодталған тақырыпты таңдау үшін, түсті түйменің біреуін басыңыз.

**Мәтіннің ішкі беттері**

Телемәтін бетінің нөмірінде бірнеше ішкі бет болуы мүмкін. Ішкі бет нөмірлері негізгі бет нөмірінің жанындағы жолақта көрсетіледі.
Ішкі бетті таңдау үшін ‹ немесе › опциясын таңдаңыз.

**T.O.P. Мәтін беттері**

Кейбір тарату станциялары T.O.P. мәтіні.
T.O.P. терезесі ашылады. Телемәтіндегі беттерді ашу үшін + **OPTIONS** түймесін басып, **T.O.P. overview** (T.O.P. шолуы) опциясын таңдаңыз.

**Таңдаулы беттер**

Теледидар ашылған соңғы 10 Мәтін беттерінің тізімін жасайды. Оларды Таңдаулы мәтін беттері бағанында қайта оңай ашуға болады.

**1 -** Text (Мәтін) ішінде таңдаулы беттер бағанын көрсету үшін экранның жоғарғы сол жақ бұрышындағы жұлдызды таңдаңыз.
**2 -** Бет нөмірін таңдау үшін ˅ (төмен) немесе ˄ (жоғары) түймесін басыңыз және бетті ашу үшін **OK** түймесін басыңыз.
**Таңдаулы беттерді жою** опциясының көмегімен тізімді жоюға болады.

**Телемәтінді іздеу**

Бір сөзді таңдап, сол сөздің барлық қайталануларын мәтіннен іздеуге болады.

**1 -** Мәтін бетін ашып, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Сөзді немесе санды көрсеткі пернелермен таңдаңыз.
**3 -** Енді осы сөздің немесе нөмірдің келесі қайталануына тікелей өту үшін **OK** түймесін қайта басыңыз.
**4 -** Келесі қайталауға өту үшін **OK** түймесін қайтадан басыңыз.
**5 -** Іздеуді тоқтату үшін ештеңе таңдалмағанша ˄ (жоғары) түймесін басыңыз.

**Жалғанған құрылғыдан келетін телемәтін**

ТД арналарын қабылдайтын кейбір арналар да мәтінді ұсынуы мүмкін.
Қосулы құрылғыдан мәтінді ашу үшін. . .

**1 -** құрылғыны таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Құрылғыда арнаны көріп жатқанда, + **OPTIONS** түймесін басып, **Show device keys** (Құрылғы пернелерін көрсету) опциясын, одан кейін опциясын таңдаңыз да **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Құрылғы пернелерін жасыру үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.
**4 -** «Мәтін» терезесін жабу үшін ← **BACK** пернесін қайта басыңыз.

**Сандық телемәтін (тек Ұлыбритания үшін)**

Кейбір таратушылар өздерінің сандық телеарналарында арнайы сандық мәтін немесе интерактивті теледидар қызметін ұсынады. Бұлардың ішіне таңдау және жылжу үшін санды, түрлі түсті және көрсеткі пернелерді пайдаланатын қалыпты мәтін кіреді.

Сандық мәтін терезесін жабу үшін ← **BACK** пернесін басыңыз.

---

**Мәтін опциялары**

Мәтін/телемәтін тармағында келесіні таңдау үшін + **OPTIONS** түймесін басыңыз…

• **Бетті қатыру**
Ішкі беттерді автоматты түрде бұруды тоқтату.
• **Қос экранды / Толық экран**
Телеарнаны және мәтінді бір-бірінің жанында көрсетеді.
• **T.O.P. шолуы**
T.O.P. Text (T.O.P. мәтіні) терезесін ашу.
• **Ұлғайту**
Ыңғайлы оқу үшін Мәтін бетін үлкейтеді.
• **Көрсету**
Беттегі жасырын ақпаратты көрсетеді.
• **Ішкі беттер арасында ауысу**
Бар болса, ішкі беттер арасында ауысады**.**
• **Тіл**
Мәтін дұрыс көрсету үшін пайдаланатын таңбалар тобын ауыстырады.
• **Телемәтін 2,5**
Қосымша түстер мен жақсырақ графика үшін “Телемәтін 2,5” опциясын іске қосады.

### Мәтін параметрлерін орнату

#### Телемәтін тілі

Кейбір сандық ТД хабар таратушыларының бірнеше мәтін тілі бар.
Бастапқы және қосалқы мәтін тілін орнату үшін. . .

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Аймақ және тіл** опциясын таңдап, › (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Language** (Тіл) > **Primary Text** (Негізгі телемәтін) немесе **Secondary Text** (Көмекші телемәтін) тармағын таңдаңыз.
**4 -** Таңдаулы мәтін тілдерін таңдаңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

#### Телемәтін 2,5

Бар болса, Телемәтін 2.5 қызметінің қосымша түстері бар және оның графикасы жақсы болады. “Телемәтін 2,5” стандартты зауытты параметр ретінде іске қосылады. ”Телемәтін 2,5” опциясын өшіру үшін…

**1 - TEXT** түймесін басыңыз.
**2 -** Экранда Мәтін/Телемәтін функциясын ашып, + **OPTIONS** түймесін басыңыз.
**3 - Телемәтін 2,5** > **Өшіру** тармағын таңдаңыз.
**4 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

## Сағат

### Күн мен уақыт

#### Автоматты

Теледидар сағатына арналған стандартты параметр — **Automatic** (Автоматты). Сағат туралы ақпарат UTC жүйесінен (Әлемдік координацияланған уақыт ақпараты) таратылады.

Сағат қате болған жағдайда теледидар уақытын **Country Dependent** (Елге байланысты) опциясында орнатсаңыз болады. Кейбір елдер үшін арнайы уақыт зонасы немесе уақыт бойынша қозғалу режимдерін таңдасаңыз болады. Кейбір елдерде кейбір желі операторлары үшін сағат дұрыс емес орнатылмауы үшін сағат параметрлері жасырын болады.

Теледидар сағатын түзету үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Region and Language** (Аудан пен тіл) опциясын, **Clock** (Сағат) > **Auto Clock Mode** (Автоматты сағат режимі) тармағын таңдаңыз.
**3 - Automatic** (Автоматты) немесе **Country Dependent** (Елге байланысты) тармағын таңдаңыз.
**4 -** Бір қадам кері өту үшін ‹ (сол жақ) түймесін басыңыз.

#### Қолмен

Егер автоматты параметрлердің ешқайсысы сағатты дұрыс көрсетпесе, оны қолмен орнатсаңыз болады.

Алайда, жазбаларды теледидар нұсқаулығынан жоспарласаңыз, уақыт пен күнді қолмен өзгертпеуге кеңес беріледі. Кейбір елдерде кейбір желі операторлары үшін сағат дұрыс емес орнатылмауы үшін сағат параметрлері жасырын болады.

Теледидар уақытын қолмен орнату үшін (қолжетімді болса)…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Region and Language** (Аудан және тіл) Clock (Сағат) > **Auto Clock Mode** (Авто сағат режимі) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 - Manual** (Қолмен) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** ‹ (солға) түймесін басып, **Күн** немесе **Уақыт** опциясын таңдаңыз.
**5 -** Мәнді реттеу үшін ^ (жоғары) немесе ˅ (төмен) түймесін басыңыз.
**6 -** Бір қадам кері өту үшін ‹ (сол жақ) түймесін басыңыз.

### Уақыт белдеуі

Кейбір елдер үшін теледидар уақытын дұрыс орнату мақсатында арнайы сағат белдеулерін таңдасаңыз болады.

Уақыт белдеуін орнату үшін (қолжетімді болса)…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Аймақ және тіл** опциясын таңдап, › (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Clock** (Сағат) > **Time Zone** (Уақыт белдеуі) тармағын таңдаңыз.
**4 -** Еліңізге сәйкес, теледидар уақытын дұрыстау үшін сағат белдеуін немесе уақыт бойынша қозғалу режимін таңдасаңыз болады.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

### Ұйқы таймері

**Ұйқы таймері** көмегімен теледидарды белгіленген уақыт өткенде күту режиміне автоматты түрде өтетін етіп реттеуге болады.

Sleep Timer (Ұйқы таймерін) реттеу үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Аймақ және тіл** опциясын таңдап, › (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Clock** (Сағат) > Sleep Timer (Ұйқы таймері) тармағын таңдаңыз.
**4 -** Жүгірткі жолағының көмегімен уақытта 5 минуттық

қадамдармен 180 минутқа дейін орнатуға болады. Егер 0 минутқа орнатсаңыз, ұйқы таймері өшіріледі. Әрқашан кері санақ кезінде теледидарды ертерек өшіруге болады немесе уақытты ысыруға болады.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

## Қашықтан басқару құралы пернетақтасы

Пернетақта орналасуын Azerty пернетақтасына реттеу үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Аймақ және тіл** опциясын таңдап, › (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Remote Control Keyboard** (Қашықтан басқару құралының пернетақтасы) опциясын таңдаңыз.
**4 - Azerty** немесе **Qwerty** пернетақтасын таңдаңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

12.8

# Әмбебап қол жеткізу

## Қосу

**Әмбебап қол жеткізу** қосылған кезде, теледидар есту, көру қабілеті нашар адамдардың пайдалануына дайындалады.

**Қосу**

Орнату барысында **Әмбебап қол жеткізу** параметрін қоспаған болсаңыз, оны әлі де **Әмбебап қол жеткізу** мәзірінен қосуға болады.
Қолжетімділікті қосу...

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Әмбебап қол жеткізу** тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін › (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Universal Access** (Әмбебап қол жеткізу) опциясын бір қадамнан кейін таңдаңыз.
**4 - Қосу** опциясын таңдаңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

## Есту қабілеті нашар

Кейбір сандық телеарналар есту қабілеті нашар немесе естімейтін адамдарға бейімделген арнайы дыбысты және субтитрлерді таратады. **Есту қабілеті нашар** мүмкіндігін қосу арқылы теледидар, бар болса, бейімделген дыбыс пен субтитрлерге ауысады. **Hearing impaired** (Есту қабілеті нашар) мүмкіндігін қоспас бұрын, **Universal Access** (Әмбебап қол жеткізу) мүмкіндігін қосуыңыз қажет.

**Есту қабілеті нашар** параметрін қосу үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Әмбебап қол жеткізу** тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін › (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Есту қабілеті нашар** тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін › (оң) түймесін басыңыз.
**4 - Қосу** опциясын таңдаңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

## Аудио сипаттама

**Қосу**

Сандық телеарналар экранда не болып жатқанын сипаттайтын арнайы аудио түсініктемені таратуы мүмкін. Көру қабілеті нашарлар арналған аудионы және әсерлерді орнату үшін алдымен **Дыбыстық сипаттама** параметрін қосу керек.
Сондай-ақ, **Audio Description** (Дыбыстық сипаттама) параметрін қоспастан бұрын, **Universal Access** (Әмбебап қол жеткізу) параметрін орнату мәзірінен қосу керек.

**Дыбыстық сипаттама** көмегімен қалыпты дыбысқа айтушының аңғартпалары қосылады.
Түсініктемеге ауысу (бар болса)...

**Дыбыстық сипаттама** параметрін қосу үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Әмбебап қол жеткізу** тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін › (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Дыбыстық сипаттама** тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін › (оң) түймесін басыңыз.
**4 -** Бір қадам әрі тұрған **Audio description** (Дыбыстық сипаттама) опциясын таңдаңыз.
**5 - Қосу** опциясын таңдаңыз.
**6 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

**Аралас дыбыс деңгейі**

Қалыпты дыбыстың дыбыс деңгейін дыбыстық аңғартпалармен араластыруға болады.

Дыбыс деңгейін араластыру үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Әмбебап қол жеткізу** тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін › (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Audio Description** (Дыбыстық сипаттамасы) > **Mixed Volume** (Аралас дыбыс деңгейі) тармағын таңдаңыз.
**4 -** Мәнді реттеу үшін ^ (жоғары) немесе ˅ (төмен) көрсеткілерін басыңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (сол) түймесін қайталап басыңыз.

**Дыбыс әсері**

Кейбір дыбыстық аңғартпаларда стерео немесе бәсеңдейтін дыбыс сияқты қосымша дыбыстық әсерлер болуы мүмкін.

**Дыбыс әсерлері** параметрін қосу үшін (бар болса)…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Әмбебап қол жеткізу** тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін > (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Audio Description** (Дыбыстық сипаттамасы) > **Audio Effects** (Дыбыстық әсерлер) тармағын таңдаңыз.
**4 - Қосу** опциясын таңдаңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

**Сөз**

Сондай-ақ, дыбыстық аңғартпалар айтылған сөздер үшін субтитрлерді қамтуы мүмкін.

Осы субтитрлерді қосу (бар болса). . .

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Әмбебап қол жеткізу** тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін > (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Audio Description** (Дыбыстық сипаттамасы) > **Speech** (Сөйлеу) тармағын таңдаңыз.
**4 - Descriptive** (Сипаттамалық) немесе **Subtitles** (Субтитрлер) тармағын таңдаңыз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

12.9

# Балалардан қорғау құлпы

## Ата-аналық рейтинг

Рейтингті бағдарламаларды қарауға минималды жасты орнату үшін...

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Балалар құлпы** опциясын таңдап, > (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Parental Rating** (Ата-аналық рейтинг) тармағын таңдап, тізімнен бір жасты таңдаңыз.
**4 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

## Қолданба құлпы

Қосымша ақпарат алу үшін **Анықтама** ішінен **Кілтсөздер** түймесін басып, **ҚОЛДАНБА құлпы** деп іздеңіз.

## Кодты орнату / Кодты өзгерту

Child Lock (Балалардан қорғау құлпы) PIN коды арналарды немесе бағдарламаларды құлыптау не құлыптан ашу үшін қолданылады.

Құлыптау кодын орнату немесе ағымдағы кодты өзгерту үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Балалар құлпы** опциясын таңдап, > (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Set Code (Кодты орнату) немесе Change Code (Кодты өзгерту) тармағын таңдаңыз.**
**4 -** Қалаған 4 сандық код енгізіңіз. Код орнатылып қойса, ағымдағы Child Lock (Балалардан қорғау құлпы) кодын, содан кейін жаңа кодты екі рет енгізіңіз.
**5 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

Жаңа код орнатылады.

**Child Lock (Балалардан қорғау құлпы) PIN кодын ұмыттыңыз ба?**

PIN кодын ұмытсаңыз, ағымдағы кодты қайта жазып, жаңа кодты енгізуіңізге болады.

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Мәзірге кіру үшін **Балалар құлпы** опциясын таңдап, > (оң) түймесін басыңыз.
**3 - Change Code** (Кодты өзгерту) тармағын таңдаңыз.
**4 - 8888** қайта анықтау кодын енгізіңіз.
**5 -** Енді жаңа Child Lock (Балалардан қорғау құлпы) PIN кодын енгізіңіз және растау үшін оны қайтадан енгізіңіз.
**6 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

Жаңа код орнатылады.

13

# Бейнелер, фотосуреттер және музыка

13.1

## USB қосылымынан

Жалғанған USB флэш жадынан немесе USB қатты дискісінен фотосуреттерді көруге немесе музыка мен бейнелерді ойнатуға болады.

Теледидар қосулы кезде USB жад құрылғысын немесе USB қатты дискісін USB қосылымдарының біріне жалғаңыз. Теледидар құрылғыны анықтап, мультимедиалық файлдардың тізімін береді.

Егер файлдардың тізімі автоматты түрде көрсетілмесе…

**1 -** **SOURCES** түймесін басып, **USB** параметрін таңдаңыз, содан соң **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** Дискіде реттеген қалта құрылымындағы файлдарды шолу үшін **USB құрылғылары** тармағын таңдап, > (оңға) түймесін басыңыз.
**3 -** Бейнелерді, фотосуреттерді және музыканы ойнатуды тоқтату үшін **EXIT** түймесін басыңыз.

**Ескерту**

USB қатты жалғанған күйде бағдарламаны кідірту немесе жазу әрекетін жасасаңыз, Теледидар USB қатты дискісін пішімдеуді сұрайды. Бұл пішімдеу USB қатты дискісіндегі бүкіл ағымдағы файлдарды жояды.

13.2

## Компьютерден немесе NAS қоймасынан

Компьютерден немесе үй желісіндегі NAS (Желіге тіркелген қоймадан) фотосуреттерді көруге немесе музыканы және бейнелерді ойнатуға болады.

Теледидар және компьютер немесе NAS бірдей үй желісінде болуы қажет. Компьютерде немесе NAS қоймасында медиа сервер бағдарламалық құралын орнату қажет. Медиа сервер файлдарды теледидармен ортақ пайдалануға реттелуі қажет. Теледидар файлдар мен қалталарды медиа сервер арқылы жасалғандай немесе компьютерде не NAS қоймасында құрастырылғандай көрсетеді.

Теледидар компьютерден немесе NAS жүйесінен келетін бейне ағындарындағы субтитрлерді қолдамайды.

Медиа сервер файлдарды іздеуге қолдау көрсетсе, іздеу өрісі қолжетімді.

Файлдарды компьютерде шолып ойнату…

**1 -** **SOURCES** түймесін басып, **Network** (Жел) параметрін таңдаңыз, содан соң **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** SimplyShare құрылғысы жалғанғаннан кейін, **SimplyShare құрылғылары** элементінің атауы жалғанған құрылғының атауына ауысады.
**3 -** Файлдарды шолуға және ойнатуға болады.
**4 -** Бейнелерді, фотосуреттерді және музыканы ойнатуды тоқтату үшін **EXIT** түймесін басыңыз.

13.3

## Бұлтқа сақтау қызметінен

Онлайн бұлтқа сақтау қызметіне жүктелген фотосуреттерді көруге немесе музыка мен бейнелерді ойнатуға болады*.

**Cloud Explorer** қолданбасы арқылы Бұлт орналастыру қызметтерін қосуға болады. Қосу үшін логин мен құпия сөзді пайдалануға болады.

**1 -** **HOME** түймесін басыңыз.
**2 -** Төмен жылжып, **Apps** (Қолданбалар) > **Cloud Explorer** бөлімін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Қажетті орналастыру қызметін таңдаңыз.
**4 -** Қосылып, логин мен құпия сөз арқылы орналастыру қызметінің жүйесіне кіріңіз.
**5 -** Ойнатқыңыз келген фотосурет пен бейнені таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**6 -** Бір қадам артқа қайту үшін < (солға) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

* Dropbox™ сияқты сақтау қызметі.

13.4

## Таңдаулылар, Танымал, Соңғы рет ойнатылған мәзірі

**Таңдаулы файлдарды қарау**
**1 -** **SOURCES** түймесін басып, **USB** параметрін таңдаңыз, содан соң **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** **USB құрылғылары** тармағын, одан кейін ♥ **Таңдаулылар** опциясын таңдаңыз.
**3 -** Тізімдегі барлық таңдаулы файлдарды көруге болады.

**Танымал файлдарды қарау**
**1 -** **SOURCES** түймесін басып, **USB** параметрін таңдаңыз, содан соң **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** **USB құрылғылары** тармағын, одан кейін ★ **Танымал** опциясын таңдаңыз.
**3 -** Тізімдегі файлдарды қарау үшін **OK** түймесін немесе танымал файлдар тізімін тазалау үшін + **OPTIONS** түймесін басыңыз.

**Соңғы рет ойнатылған файлдарды қарау**
**1 -** **SOURCES** түймесін басып, **USB** параметрін таңдаңыз, содан соң **OK** түймесін басыңыз.
**2 -** **USB құрылғылары** тармағын, одан кейін ▷**Соңғы рет ойнатылған** опциясын таңдаңыз.

**3 -** Тізімдегі файлдарды қарау үшін **OK** түймесін немесе соңғы рет ойнатылған файлдар тізімін тазалау үшін **+ OPTIONS** түймесін басыңыз.

13.5

# Бейнелерді ойнату

**Басқару жолағы**

Бейнені ойнату кезінде басқару жолағын көрсету немесе жасыру үшін **INFO*** пернесін басыңыз.

**1 -** Орындау жолы
**2 -** Ойнатуды басқару жолағы
- ⏮ : Қалтадағы алдыңғы бейнеге өту
- ⏭ : Қалтадағы келесі бейнеге өту
  ◀◀ : Кері айналдыру
  ▶▶ : Алға жылдам айналдыру
  ⏸ : ойнатуды уақытша тоқтату

**3 -** Таңдаулы деп белгілеу
**4 -** Барлық бейнелерді ойнату
**5 -** Субтитр: субтитрлерді қосады, өшіреді немесе үнсіз кезде қосады.
**6 -** Субтитрлер тілі: субтитрлер тілін таңдайды
**7 -** Дыбыс тілі: дыбыс тілін таңдайды
**8 -** Кездейсоқ: файлдарды кездейсоқ ретпен ойнатады
**9 -** Қайталау: осы қалтадағы барлық бейнелерді бір рет немесе үздіксіз ойнатады

* Қашықтан басқару құралында **INFO** пернесі бар болса

13.6

# Фотосуреттерді көру

**Басқару жолағы**

Слайд көрсетілімін ойнату кезінде басқару жолағын көрсету немесе жасыру үшін **INFO*** пернесін басыңыз.




**1 -** Ойнатуды басқару жолағы
- ⏮ : Қалтадағы алдыңғы фотосуретке өту
- ⏭ : Қалтадағы келесі фотосуретке өту
  ⏸ : слайд көрсетілімін ойнатуды уақытша тоқтату

**2 -** Таңдаулы деп белгілеу
**3 -** Слайд көрсетілімін бастау
**4 -** Фотосуретті айналдыру
**5 -** Кездейсоқ: файлдарды кездейсоқ ретпен ойнатады
**6 -** Қайталау: осы қалтадағы барлық суреттерді бір рет немесе үздіксіз ойнатады
**7 -** Артқы жағында ойнап тұрған музыканы тоқтатыңыз
**8 -** Слайд көрсетілімінің жылдамдығын орнатады

* Қашықтан басқару құралында **INFO** пернесі бар болса

13.7

# Музыка ойнату

**Басқару жолағы**




**1 -** Орындау жолы
**2 -** Ойнатуды басқару жолағы
- ⏮ : Қалтадағы алдыңғы музыкаға өту
- ⏭ : Қалтадағы келесі музыкаға өту
  ◀◀ : Кері айналдыру
  ▶▶ : Алға жылдам айналдыру
  ⏸ : ойнатуды уақытша тоқтату

**3 -** Таңдаулы деп белгілеу
**4 -** Барлық музыканы ойнату
**5 -** Кездейсоқ: файлдарды кездейсоқ ретпен ойнатады

**6 -** Қайталау: осы қалтадағы барлық музыканы бір рет немесе үздіксіз ойнатады

14

# Теледидар нұсқаулығы

14.1

## Сізге не қажет

Теледидар нұсқаулығымен арналардың ағымдағы және жоспарланған теледидар бағдарламаларының тізімін көруге болады. Теледидар нұсқаулығы ақпаратының (деректерінің) берілген жеріне байланысты аналогтық және сандық арналар немесе тек сандық арналар көрсетіледі. Теледидар нұсқаулығы ақпаратын барлық арналар ұсынбайды.

Теледидар теледидарда орнатылған арналар үшін теледидар нұсқаулығының мәліметтерін жинай алады. Сандық ресиверден көрілген арналардың теледидар нұсқаулығы мәліметтерін жинай алмайды.

14.2

## Теледидар нұсқаулығының деректері

Теледидар нұсқаулығы мәліметтерді (деректерді) хабар тарататын станциялардан немесе интернеттен алады. Кейбір аймақтарда және кейбір арналар үшін теледидар нұсқаулығының мәліметтері қол жетімді болмауы мүмкін. Теледидар теледидарда орнатылған арналар үшін теледидар нұсқаулығының мәліметтерін жинай алады. Теледидар сандық ресиверден немесе декодерден көрілген арналар үшін теледидар нұсқаулығының мәліметтерін жинай алмайды.

Теледидармен берілген ақпарат **From the Broadcaster** (Таратушыдан) параметріне орнатылған.

Теледидар нұсқаулығының мәліметтері интернеттен келсе, сандық арналардың жанына аналогтық арналардың тізімін де бере алады. Теледидар нұсқаулығының мәзірі ағымдағы арна бар шағын терезені де көрсетеді.

**Интернеттен жаңарту**

Егер теледидар интернетке қосылған болса, теледидарды теледидар нұсқаулығының ақпаратын интернеттен қабылдайтын етіп орнатуға болады.

Теледидар нұсқаулығының ақпаратын орнату үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - General Settings** (Жалпы параметрлер) тармағын таңдап, мәзірге кіру үшін › (оң жақ) түймесін басыңыз.
**3 - Advanced** (Қосымша функциялар) > **TV Guide** (Теледидар нұсқаулығы) > **From the Internet** (Интернеттен) бөлімін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін ‹ (солға) түймесін қайталап басыңыз.

**Жоқ жазбалар**

Кейбір жазбалардың жазбалар тізімінен жоғалып кеткенін байқасаңыз, теледидар нұсқаулығының ақпараты (деректері) өзгертілген болуы мүмкін. Егер параметрді **From the Internet** (Интернеттен) параметріне немесе керісінше етіп орнатсаңыз, **From the Broadcaster** (Таратушыдан) параметрімен жасалған жазбалар тізімде көрінбейтін болады. Теледидар автоматты түрде **From the Internet** (Интернеттен) опциясына ауысқан болуы мүмкін. Жазбалар тізімінде жазбаларды қолжетімді ету үшін жазбалар жасалғанда таңдалған параметрге ауысыңыз.

14.3

## Теледидар нұсқаулығын пайдалану

### Теледидар нұсқаулығын ашу

Теледидар нұсқаулығын ашу үшін ☰ **TV GUIDE** түймесін басыңыз. Теледидар нұсқаулығы табылған тюнер арналарын орнатады.

Жабу үшін ☰ **TV GUIDE** пернесін қайтадан басыңыз.

Теледидар нұсқаулығын бірінші рет ашқанда бағдарлама ақпараты үшін теледидар барлық телеарналарды тексереді. Оған бірнеше минут кетуі мүмкін. Теледидар нұсқаулығының деректері теледидарда сақталады.

### Бағдарламаға дәлдеу

Теледидар нұсқаулығынан ағымдағы бағдарламаға ауысуыңызға болады.

Бағдарламаға (арнаға) ауысу үшін бағдарламаны таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

**Бағдарлама мәліметтерін қарау**

Таңдалған бағдарламаның мәліметтерін шақыру үшін…

**1 -** + **OPTIONS** түймесін басып, **Preferences** (Басым параметрлер) опциясын таңдаңыз.
**2 - Channel Info** (Арна ақпараты) тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

### Күнді өзгерту

Теледидар нұсқаулығы алдағы күндер (ең көбі 8 күн) үшін жоспарланған бағдарламаларды көрсетеді.

**1 -** ☰ **TV GUIDE** пернесін басыңыз.
**2 - Now** (Қазір) пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Қажетті күнді таңдаңыз.

## Еске салғышты орнату

Бағдарлама үшін еске салғышты орнатуға болады. Бағдарлама басында сізді хабармен ескертеді. Осы арнаны дереу қосуға болады.

Теледидар нұсқаулығындағы еске салғышы бар бағдарлама ⏲ (сағат) белгісімен белгіленеді.

Еске салғышты орнату үшін…

**1 -** ☰ **TV GUIDE** пернесін басып, кіріс бағдарламаны таңдаңыз.
**2 -** + **OPTIONS** түймесін басыңыз.
**3 - Set Reminder** (Еске сал. орн.) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Мәзірді жабу үшін ←**BACK** түймесін басыңыз.

Еске салғышты өшіру үшін…

**1 -** ☰ **TV GUIDE** пернесін басып, еске салғыш бар бағдарламаны таңдаңыз.
**2 -** + **OPTIONS** түймесін басыңыз.
**3 - Clear Reminder** (Еске сал. өш-у) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Мәзірді жабу үшін ←**BACK** түймесін басыңыз.

## Жанр бойынша іздеу

Ақпарат қол жетімді болса, жоспарланған бағдарламаларды фильмдер, спорт, т. б. сияқты жанр бойынша іздеуге болады.

Жанр бойынша бағдарламаларды іздеу…

**1 -** ☰ **TV GUIDE** пернесін басыңыз.
**2 -** Ортасынан ⋮ опциясын таңдау үшін жылжу пернелерін қолданып, **OK** түймесін басыңыз.
**3 - Search by Genre** (Жанр бойынша іздеу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Қажет жанрды таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Табылған бағдарламалар тізімі пайда болады.
**5 -** Мәзірді жабу үшін ←**BACK** түймесін басыңыз.

## Жазбаны орнату

Теледидар нұсқаулығында жазбаны орнатуға болады*.

Теледидар нұсқаулығында жазылатын бағдарлама ⏲ белгісімен белгіленеді.

Бағдарламаны жазу үшін…

**1 -** ☰ **TV GUIDE** пернесін басып, ағымдағы бағдарламада болашақ нұсқасын таңдаңыз.
**2 -** + **OPTIONS** түймесін басып, **Жазу** опциясын таңдаңыз.
**3 -** Мәзірді жабу үшін ←**BACK** түймесін басыңыз.

* Қосымша ақпаратты **Теледидарды және жазбаларды уақытша тоқтату** бөлімін көріңіз.

15

# Теледидарды жазу және кідірту

15.1

## Жазу

### Сізге не қажет

Сандық теледидар таратылымын жазуға және кейінірек көруге болады.

Қажетті теледидар бағдарламасын жазу үшін…

• осы теледидарда пішімделген қосылған USB қатты дискісі
• осы теледидарға орнатылған сандық теледидар арналары
• экрандағы теледидар нұсқаулығына арналған арна туралы ақпаратты алу үшін
• сенімді теледидар сағатының параметрі. Теледидар сағатын қолмен қалпына келтірсеңіз, жазудың орындалмауы мүмкін.

Теледидарды кідіртуді пайдаланған кезде жазу мүмкін емес.

Авторлық құқық туралы заңдардың шарттарына сәйкес кейбір DVB провайдерлері DRM (сандық құқықтарды басқару) технологиясымен әр түрлі шектеу қолдануы мүмкін. Қорғалған арналарды тарату жағдайында жазба, жазу жарамдылығы немесе көріністер саны шектелуі мүмкін. Жазуға толығымен тыйым салынуы мүмкін.
Қорғалған таратуды жазу немесе мерзімі өткен жазбаны ойнату кезінде қате туралы хабар пайда болуы мүмкін.

**Ескертпе:**
Жазу функциясы тек сандық теледидар таратылымына арналған. Мазмұнды сыртқы құрылғылардан (мысалы, HDMI) жазу мүмкін емес.

### Бағдарлама жазу

**Қазір жазу**

Көріп отырған бағдарламаны жазу үшін қашықтан басқару құралындағы ● (Жазу) пернесін басыңыз. Жазу бірден басталады.

Жазуды тоқтату үшін ■ (Тоқтату) пернесін басыңыз.

Теледидар нұсқаулығы қолжетімді болғанда, көріп отырған бағдарлама пернені басқаннан бастап, бағдарлама аяқталғанша жазылады. Теледидар нұсқаулығының деректері болмаса, жазу 30 минутқа ғана жалғасады. **Recordings** (Жазбалар) тізіміндегі жазудың аяқталу уақытын реттеуге болады.

**Жазуды жоспарлау**

Бүгін немесе бірнеше күнде (ең көбі 8 күн) көрсетілетін бағдарламаны жазылатын етіп жоспарлауға болады. Теледидар жазуды бастау және аяқтау үшін деректерді теледидар нұсқаулығынан алады.

Бағдарламаны жазу үшін…

**1 -** **TV GUIDE** пернесін басыңыз.
**2 - Now** (Қазір) опциясын таңдау үшін навигация пернелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.
**3 - Now** (Қазір), **Later** (Кейінірек), **Tomorrow** (Ертең) немесе қажетті күнді таңдап, мәзірді жабу үшін **OK** немесе ← **BACK** (Артқа) түймесін басыңыз.
**4 -** Жазғыңыз келетін бағдарламаны таңдап, + **OPTIONS** түймесін басыңыз, содан соң ● **Record** (Жазу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Бағдарлама жазуға жоспарланады. Жазулар бір уақытта жоспарланған кезде ескерту автоматты түрде көрсетіледі. Бағдарлама жазуды өзіңіз жоқ кезде жоспарласаңыз, теледидарды күту режиміне ауыстырып, USB қатты дискісін қосуды ұмытпаңыз.
**5 -** Мәзірді жабу үшін ←**BACK** түймесін басыңыз.

**Жазу қайшылықтары**

Екі жоспарланған жазба уақыттары қабаттасса, жазу қайшылықтары болады. Жазу қайшылығын шешу үшін бір немесе екі жоспарланған жазбалардың басталу және аяқталу уақытын реттеуге болады.

Жоспарланған жазбалардың басталу және аяқталу уақытын реттеу…

**1 -** **SOURCES** (Сигнал көздері) түймесін басып, ● **Recordings** (Жазбалар) опциясын таңдаңыз.
**2 -** Экран үстінде **Scheduled** (Жоспарланған) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Жоспарланған жазбалар мен еске салғыштар тізімінен **Recordings** (Жазбалар) опциясын таңдап, тек жоспарланған жазбаларды көру үшін **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Басқа жоспарланған жазбамен қайшы келетін жоспарланған жазбаны таңдап,+ **OPTIONS** түймесін басыңыз.
**5 - Adjust Time** (Уақытты реттеу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**6 -** Басталу және аяқталу уақытын таңдап, ^ (жоғары) немесе ⌄ (төмен) пернелері арқылы уақытты өзгертіңіз. **Apply** (Қолдану) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**7 -** Мәзірді жабу үшін ←**BACK** түймесін басыңыз.

**Автоматты аяқтау шегі**

Теледидар әрбір жоспарланған жазбаның соңына автоматты түрде қосатын уақыт шегін орнатуға болады.

Автоматты аяқталу уақытының шегін орнату…

**1 -** **SOURCES** (Сигнал көздері) түймесін

басып, ● **Recordings** (Жазбалар) опциясын таңдаңыз.
**2 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан ⋮ опциясын таңдау үшін навигация пернелерін қолданып, **OK** түймесін басыңыз.
**3 - Auto End Margin** (Автоматты түрде аяқтау шегі) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**4 -** Жазбаға автоматты түрде қосылған уақыт шегін орнату үшін ^ (жоғары) немесе ⌄ (төмен) түймесін, сосын **OK** түймесін басыңыз. Жазбаға 45 минутқа дейін қосуға болады.
**5 -** Мәзірді жабу үшін ←**BACK** түймесін басыңыз.

---

**Қолмен жазу**

Теледидар бағдарламасымен байланыспаған жазбаны жоспарлауға болады. Тюнер түрін, арнаны және басталу мен аяқталу уақытын өзіңіз орната аласыз.

Жазуды қолмен жоспарлау…

**1 - SOURCES** (Сигнал көздері) түймесін басып, ● **Recordings** (Жазбалар) опциясын таңдаңыз.
**2 -** Экранның жоғарғы жағындағы **Scheduled** (Жоспарланған) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан ⋮ опциясын таңдау үшін навигация пернелерін қолданып, **OK** түймесін басыңыз.
**4 - Schedule** (Кесте) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 -** Жазғыңыз келген тюнерді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**6 -** Жазатын арнаны таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**7 -** Жазбаның күнін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**8 -** Жазбаның басталу және аяқталу уақытын белгілеңіз. Сағат пен минутын қою үшін түймені таңдап, ^ (жоғары) немесе ⌄ (төмен) пернелерін пайдаланыңыз.
**9 -** Қолмен жазуды жоспарлау үшін **Schedule** (Жоспар) бөлімін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Жазба жоспарланған жазбалар мен еске салғыштар тізімінде пайда болады.

---

## Жазбаны көру

Жазбаны көру үшін…

**1 - SOURCES** (Сигнал көздері) түймесін басып, ● **Recordings** (Жазбалар) опциясын таңдаңыз.
**2 -** Жазбалар тізімінде қажетті жазбаны таңдап, көре бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** **II** (кідірту), ▶ (ойнату), ◀◀ (Артқа айналдыру), ▶▶ (Жылдам алға айналдыру) немесе ■ (тоқтату) пернелерін пайдалануға болады.
**4 -** Теледидарды көруге қайта ауысу үшін **EXIT** пернесін басыңыз.

---

## Жазбаны жою немесе атауын өзгерту

Жазбаны жою немесе атауын өзгерту үшін…

**1 - SOURCES** (Сигнал көздері) түймесін басып, ● **Recordings** (Жазбалар) опциясын таңдаңыз.
**2 -** Жазбалар тізімінен қажетті жазбаны таңдап, **INFO/+ OPTIONS** пернесін басыңыз.
**3 -** Жазба атауын өзгерту үшін **Атауын өзгерту** немесе осы жазбаны жою үшін **Жою** түймесін басыңыз.
**4 -** Теледидарды көруге қайта ауысу үшін **EXIT** пернесін басыңыз.

---

15.2

# Теледидарды кідірту

---

## Сізге не қажет

Сандық телехабар таратылымын кідіртуге және кейінірек жалғастырып көруге болады.

Қажетті теледидар бағдарламасын кідірту үшін…

• осы теледидарда пішімделген қосылған USB қатты дискісі
• осы теледидарға орнатылған сандық теледидар арналары
• экрандағы теледидар нұсқаулығына арналған арна туралы ақпаратты алу үшін

Қосылған және пішімделген USB қатты дискісі арқылы теледидар көріп отырған теледидар таратылымын үздіксіз сақтайды. Басқа арнаға ауысқан кезде, алдыңғы арнаның таратылымы жойылады. Сондай-ақ, теледидарды күту режиміне ауыстырған кезде, таратылым жойылады.

Жазып алу кезінде теледидарды кідірту мүмкіндігін пайдалану мүмкін емес.

Қосымша ақпарат алу үшін **Көмек** ішінен **Кілтсөздер** опциясын таңдап, **USB қатты дискісі, орнату немесе Орнату, USB қатты дискісі** деп іздеңіз.

---

## Бағдарламаны кідірту

Таратылымды кідірту және жалғастыру үшін…

• Таратылымды кідірту үшін **II** (Кідірту) пернесін басыңыз.
• Көруді жалғастыру үшін, ▶ (Ойнату) түймесін басыңыз.

Экранда орындау жолы болған кезде кідіртілген таратылымды көруді бастағыңыз келетін орынды таңдау үшін ◀◀ (Кері айналдыру) немесе ▶▶ (Алға айналдыру) пернесін басыңыз. Жылдамдығын өзгерту үшін осы пернелерді қайта-қайта басыңыз.

Таратуды ең көбі 90 минут уақытқа кідірте аласыз.

Онлайн теледидар таратылымына қайта ауысу үшін ■ (Тоқтату) пернесін басыңыз.

## Қайталау

Теледидар көріп отырған таратылымды сақтайтындықтан, таратылымды бірнеше секунд қайта ойнатуға болады.

Ағымдағы таратылымды қайта ойнату үшін…

**1 -** ⏸ (Кідірту) пернесін басыңыз
**2 -** ◀◀ (Артқа айналдыру) пернесін басыңыз. Кідіртілген таратылымды көре бастағыңыз келген жерден таңдау үшін ◀◀ пернесін қайталап басуға болады. Жылдамдығын өзгерту үшін осы пернелерді қайта-қайта басыңыз. Бір кезде таратылым жадының басталуына немесе ең көп уақыт аралығына жетесіз.
**3 -** Таратылымды қайта қарау үшін ▶ (Ойнату) пернесін басыңыз.
**4 -** Таратылымды онлайнда көру үшін ■ (Тоқтату) пернесін басыңыз.

16

# Смартфондар және планшеттер

16.1

## Теледидарды қашықтан басқару қолданбасы

Смартфондағы немесе планшеттегі жаңа **Philips TV Remote App** қолданбасы — жаңа теле досыңыз.

Теледидарды қашықтан басқару қолданбасы арқылы айналаңыздағы мультимедиа шеберіне айналасыз. Үлкен теледидар экранына фотосуреттер, музыка немесе бейнелер жіберіңіз, не болмаса теледидар арналарының кез келгенін планшеттен немесе телефоннан көріңіз. Теледидар нұсқаулығынан көргіңіз келген нәрсені іздеп, оны телефоннан немесе теледидардан көріңіз. Теледидарды қашықтан басқару қолданбасы арқылы телефонды қашықтан басқару құралы етіп пайдалануға болады.

Таңдаулы қолданбалар дүкенінен бүгін Philips TV теледидарын қашықтан басқару қолданбасын сатып алыңыз.

Philips TV теледидарын қашықтан басқару қолданбасы iOS және Android жүйелері үшін қолжетімді және тегін беріледі.

16.2

## Google Cast

### Сізге не қажет

Егер мобильді құрылғыдағы қолданбада Google Cast қызметі болса, қолданбаны осы теледидарға беруге болады. Мобильді қолданбадан Google Cast белгішесін іздеңіз. Теледидардағы элементтерді бақылау үшін мобильді құрылғыны пайдалануға болады. Google Cast қызметі Android және iOS жүйесінде жұмыс істейді.

Мобильді құрылғы теледидармен бір Wi-Fi негізгі желісіне қосылуы қажет.

**Google Cast қызметі бар қолданбалар**

Жаңа Google Cast қолданбалары күн сайын қолжетімді. Оны дәл қазір YouTube, Chrome, Netflix, Photowall … немесе Chromecast жүйесіне арналған Big Web Quiz қызметімен пайдаланып көруге болады. Сондай-ақ, google.com/cast веб-сайтын қараңыз

Кейбір Google Play өнімдері және мүмкіндіктері барлық елдерде қолжетімді емес.

Қосымша ақпаратты **support.google.com/androidtv** веб-сайтынан алыңыз

### Теледидарға беру

Қолданбаны теледидар экранына беру…

**1 -** Смартфонда немесе планшетте Google Cast қызметін қолдайтын қолданбаны ашыңыз.
**2 -** Google Cast белгішесін түртіңіз.
**3 -** Бергіңіз келген теледидарды таңдаңыз.
**4 -** Смартфонда немесе планшетте ойнату түймесін басыңыз. Таңдалған элемент теледидарда ойнатылады.

16.3

## AirPlay

AirPlay функцияларын Android теледидарына қосу үшін дәл осы әрекетті орындайтын бірнеше Android қолданбаларының біреуін жүктеп орнатыңыз. Осы қолданбалардың бірнеше нұсқасын **Google Play™ Store** дүкенінен табуға болады.

16.4

## MHL

Бұл теледидар MHL™ қызметімен үйлесімді.

Егер мобильді құрылғы да MHL қызметімен үйлесімді болса, мобильді құрылғыны MHL кабелі арқылы теледидарға жалғауға болады. Қосылған MHL кабелі арқылы мобильді құрылғыдағы контентті теледидар экранында бөлісуге болады. Мобильді құрылғы оның батареясын бір уақытта зарядтайды. MHL қосылымы теледидарда ұзақ уақыт бойы мобильді құрылғыдағы фильмдерді көруге және ойын ойнауға ыңғайлы.

**Зарядтау**

MHL кабелімен жалғанған кезде, теледидар қосулы кезде құрылғы зарядталады (күту режимінде емес).

**MHL кабелі**

Мобильді құрылғыны теледидарға жалғау үшін белсенді емес MHL кабелі (HDMI - Micro USB) қажет. Мобильді құрылғыға жалғау үшін қосымша адаптер қажет болуы мүмкін. MHL кабелін теледидарға қосу үшін **HDMI 4 MHL** қосылымын пайдаланыңыз.

MHL, Mobile High-Definition Link және MHL логотипі — MHL, LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

17

# Games (Ойындар)

17.1

## Сізге не қажет

Бұл теледидарда ойын ойнауға болады…

• Негізгі мәзірдегі «Қолданбалар» бөлімінен
• Негізгі мәзірдегі **Google Play™ Store** дүкенінен
• қосылған ойын консолінен

«Ойындар» қолданбаларын ойнау алдында олар жүктеп алынып, теледидарға орнатылуы керек. Кейбір ойындарды ойнау үшін джойстик қажет.

Ойын қолданбаларын орнату үшін теледидар интернетке жалғануы қажет. Қолданбаларды пайдалану үшін пайдалану шарттарына келісу қажет. Google Play қолданбаларын және **Google Play™ Store** дүкенін пайдалану үшін Google тіркелгісімен жүйеге кіру қажет.

17.2

## Ойын ойнау

### Ойын консолінен

Ойын консолінен ойынды бастау…

**1 -** Ойын консолін қосыңыз.
**2 -** **SOURCES** түймесін басып, ойын консолін немесе қосылымның атауын таңдаңыз.
**3 -** Ойынды бастаңыз.
**4 -** ← **BACK** түймесін қайталап басыңыз немесе **EXIT** түймесін басыңыз не оның арнайы шығу/тоқтату түймесі арқылы қолданбаны тоқтатыңыз.

Қосымша ақпарат үшін **Анықтама** ішінен **Кілтсөздер** опциясын таңдап, **Ойын консолі, қосу** деп іздеңіз.

18

# Ambilight

18.1

## Ambilight мәнері

### Бейнеге сәйкестігі

Теледидардың бейне немесе дыбыс динамикасына сәйкес болу үшін Ambilight параметрлерін орнатуға болады. Не болмаса, алдын ала орнатылған түс стилін көрсету үшін Ambilight параметрін орнатуға немесе Ambilight мүмкіндігін өшіруге болады.

Егер **Follow Video** (Бейнеге сәйкестігі) параметрін таңдасаңыз, теледидар экранындағы суреттің динамикасына сәйкес болатын стильдерінің біреуін таңдауға болады.

Ambilight мәнерін орнату үшін…

**1 -** **AMBILIGHT** түймесін басыңыз.
**2 - Follow Video** (Бейнеге сәйкестігі) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Қажет стильді таңдаңыз.
**4 -** Бір қадам артқа қайту үшін ‹ (солға) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

Қолжетімді **Follow Video** (Бейне сәйкестігі) стильдері…

• **Стандартты** - теледидарды күнделікті көруге ыңғайлы
• **Табиғи** - суретке немесе дыбысқа барынша табиғи сәйкестендіреді
• **Шомуға әкелетін** - боевик фильмдерге ыңғайлы
• **Жанды** - күндізгі жарық жағдайларында қарауға ыңғайлы

• **Game** (Ойын) - ойнауға ыңғайлы
• **Жайлылық** - кешкі тыныш уақытқа ыңғайлы
• **Демалу** - демалуға ыңғайлы

### Аудиоға сәйкестігі

Теледидардың бейне немесе дыбыс динамикасына сәйкес болу үшін Ambilight параметрлерін орнатуға болады. Не болмаса, алдын ала орнатылған түс стилін көрсету үшін Ambilight параметрін орнатуға немесе Ambilight мүмкіндігін өшіруге болады.

Егер **Follow Audio** (Дыбыс сәйкестігі) параметрін таңдасаңыз, дыбыстың динамикасына сәйкес келетін стильдердің біреуін таңдауға болады.

Ambilight мәнерін орнату үшін…

**1 -** **AMBILIGHT** түймесін басыңыз.
**2 - Follow Audio** (Аудиоға сәйкестігі) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Қажет стильді таңдаңыз.
**4 -** Бір қадам артқа қайту үшін ‹ (солға) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

Қолжетімді **Follow Audio** (Дыбыс сәйкестігі) стильдері…

• **Lumina** — Аудио динамиктерін бейне түстерімен араластырады
• **Түсті** - Аудио динамиктеріне негізделген
• **Retro** - Аудио динамиктеріне негізделген
• **Spectrum** - Аудио динамиктеріне негізделген
• **Scanner** - Аудио динамиктеріне негізделген
• **Rhytm** - аудио динамиктеріне негізделген
• **Party** — Барлық дыбыс сәйкестігі стильдерінің араласқан жиынтығы, бірінен соң бірі

### Түске сәйкестігі

Теледидардың бейне немесе дыбыс динамикасына сәйкес болу үшін Ambilight параметрлерін орнатуға болады. Не болмаса, алдын ала орнатылған түс стилін көрсету үшін Ambilight параметрін орнатуға немесе Ambilight мүмкіндігін өшіруге болады.

Егер **Follow Colour** (Түске сәйкестігі) параметрі таңдалса, алдын ала орнатылған түс стильдерінің бірін таңдауға болады.

Ambilight мәнерін орнату үшін…

**1 -** **AMBILIGHT** түймесін басыңыз.
**2 - Follow Colour** (Түске сәйкестігі) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Қажет стильді таңдаңыз.
**4 -** Бір қадам артқа қайту үшін ‹ (солға) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

Қолжетімді **Follow Colour** (Түске сәйкестігі) стильдері…

• **Hot Lava** (Қызған лава) - қызыл түс өзгерулері
• **Deep Water** (Терең су) - көк түс өзгерулері
• **Fresh Nature** (Адам тимеген табиғат) - жасыл түс өзгерулері
• **ISF Warm White** (ISF жылы ақ) - статикалық түс
• **Cool White** (Салқын ақ) - статикалық түс

### Қолданбаға сәйкестігі

Бұл функцияны Ambilight жарығын қолданбамен басқарған кезде қолдануға болады.

Ambilight мәнерін орнату үшін…

**1 -** **AMBILIGHT** түймесін басыңыз.
**2 - Follow App** (Қолданбаға сәйкестігі) опциясын таңдаңыз.
**3 -** Экрандағы нұсқауды орындаңыз.
**4 -** Бір қадам артқа қайту үшін ‹ (солға) түймесін басыңыз немесе мәзірді жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

18.2

## Ambilight өшірулі

Ambilight мүмкіндігін өшіру…

**1 -** **AMBILIGHT** түймесін басыңыз.
**2 - Өшіру** опциясын таңдаңыз.
**3 -** Бір қадам артқа қайту үшін ‹ (солға) түймесін басыңыз

немесе мәзірді жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

18.3

# Ambilight параметрлері

Қосымша ақпарат алу үшін **Анықтама** ішінен **Кілтсөздер** түймесін басып, **Ambilight параметрлері** деп іздеңіз.

18.4

# «Бөлме жарығы» режимі

Теледидардың «Бөлме жарығы» режимі теледидар күту режимінде болғанда Ambilight күйін қосуға мүмкіндік береді. Сондықтан Ambilight қолданбасы арқылы бөлменің жарығын қосуға болады.

Теледидарды күту режиміне ауыстырып, Ambilight бөлме жарығына ауыстыру қажет болғанда, осы қадамдарды орындаңыз:

**1 -** **AMBILIGHT** түймесін басыңыз.
**2 -** **AMBILIGHT** түймесін басқаннан кейін, Ambilight бөлме жарығы қосылады.
**3 -** Егер басқа жарық әсеріне өзгерту қажет болса, **AMBILIGHT** түймесін қайта басыңыз.
**4 -** Ambilight бөлме жарығын қшіру үшін **AMBILIGHT** түймесін жарықтар өшкенін көргенше басып тұрыңыз.
**AMBILIGHT** түймесін бірнеше басу қажет болуы мүмкін.

19

# Жоғарғы таңдаулар

19.1

## Жоғарғы таңдаулар туралы ақпарат

Top Picks (Жоғарғы таңдаулар) опциясымен теледидарыңыз мыналарды ұсынады…

• **Now on TV** (Қазір теледидарда) қызметіндегі ағымдағы телебағдарламалар
• **Video on Demand** (Талап бойынша бейне) қызметіндегі соңғы жалға алынатын бейнелер
• **TV on Demand** (Талап бойынша теледидар) функциясындағы онлайн теледидар қызметтері (Catch Up TV) (Эфирден кейінгі теледидар)

Жоғарғы таңдауларды пайдалану үшін теледидарды интернетке қосыңыз. Пайдалану шарттарына келіскеніңізді тексеріңіз. Жоғарғы таңдаулар ақпараты және қызметтері тек таңдалған елдерде қолжетімді.

**Пайдалану шарттары**

Теледидар арқылы осы ұсыныстарды жасау үшін пайдалану шарттарына келісу қажет. Көру әдістері негізінде дербес ұсыныстар алу үшін **Serving your personalized viewing recommendations** (Дербес көру ұсыныстарын беру) ұяшығына белгі қойылғанын тексеріңіз.

Пайдалану шарттарын ашу…

**1 -** **TOP PICKS** түймесін басыңыз.
**2 -** Жоғарғы оң жақ бұрыштан опциясын таңдау үшін навигация пернелерін қолданып, **Terms of Use** (Пайдалану шарттары) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

19.2

## Бағдарламалар, ұсыныстар

### Now on TV (Қазір теледидарда) туралы

**Now on TV** (Қазір теледидарда) мүмкіндігі арқылы теледидар қазіргі кезде көруге болатын ең танымал бағдарламаларды ұсынады.

Ұсынылған бағдарламалар орнатылған арналардан таңдалады. Таңдау еліңіздегі арналардан жасалады. Сондай-ақ, **Now on TV** (Қазір теледидарда) бағдарламасына тұрақты қаралатын бағдарламаларға негізделген жекелей ұсыныстар жасауға рұқсат ете аласыз.

Now on TV (Қазір теледидарда) ақпаратын қолжетімді ету үшін…

• Now on TV (Қазір теледидарда) ақпараты еліңізде қолжетімді болуы қажет.
• Теледидарда арналар орнатылуы қажет.
• Теледидар интернетке қосылуы қажет.
• Теледидар сағаты Automatic (Автоматты) немесе Country Dependent (Елге байланысты) ретінде орнатылуы қажет.
• Terms of Use (Пайдалану шарттарын) қабылдауыңыз қажет (Интернетке қосылған кезде қабылдап қоюыңыз мүмкін.).

### Now on TV (Қазір теледидарда) мүмкіндігін пайдалану

Now on TV (Қазір теледидарда) мүмкіндігін ашу үшін…

**1 -** **TOP PICKS** түймесін «Жоғарғы таңдаулар» мәзірін ашу үшін басыңыз.
**2 -** Экран үстінде **Now on TV** (Қазір теледидарда) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Теледидар нұсқаулығын ашу үшін **More** (Қосымша) опциясын таңдаңыз.

**Now on TV** (Қазір теледидарда) мүмкіндігін ашқан кезде, теледидардың бет мәліметтерін жаңартуы үшін бірнеше секунд қажет болуы мүмкін.

19.3

## TV on Demand

### «Талап бойынша теледидар» туралы

**TV on Demand** (Талап бойынша теледидар) мүмкіндігі арқылы өткізіп алынған теледидар бағдарламаларын қарауға немесе сүйікті бағдарламаларды өзіңізге ыңғайлы уақытта қарауға болады. Сонымен қатар, осы қызмет Эфирден кейінгі теледидар, теледидар қайта ойнату немесе онлайн теледидар деп аталады. Талап бойынша теледидарда қолжетімді бағдарламаларды көру тегін.

Теледидар орнатуына және тұрақты қарайтын бағдарламаларға сәйкес TV on Demand (Талап бойынша теледидар) мүмкіндігінің бағдарламалардың кейбір жеке ұсыныстарын орындауына рұқсат ете аласыз.

Талап бойынша теледидарда қолжетімді кезде, белгішесі тек экран үстінде пайда болады.

### Талап бойынша теледидар пайдалану

Талап бойынша теледидар ашу үшін…

**1 -** **TOP PICKS** түймесін «Жоғарғы таңдаулар» мәзірін ашу үшін басыңыз.
**2 -** Экран үстінде **TV on Demand** (Талап бойынша теледидар) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** **All Broadcast** (Барлық таратылым) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Егер бірнеше таратушы қолжетімді болса, белгілі біреуін таңдауға болады.
**4 -** Жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

**TV on Demand** (Талап бойынша теледидар) мүмкіндігін

ашқан кезде, теледидардың бет мәліметтерін жаңартуы үшін бірнеше секунд қажет болуы мүмкін.

Бағдарлама іске қосылғаннан кейін ▶ (Ойнату) және II (Кідірту) пернелерін пайдалануға болады.

19.4

# Тапсырыс бойынша бейне

## «Талап бойынша бейне» туралы

**Video on Demand** (Талап бойынша бейне) көмегімен онлайн бейне дүкенінен фильмдерді жалға алуға болады.

Еліңізге, теледидар орнатуына және тұрақты қарайтын бағдарламаларға сәйкес Video on Demand (Талап бойынша бейне) мүмкіндігінің фильмдердің кейбір жеке ұсыныстарын орындауына рұқсат ете аласыз.

**Video on Demand** (Талап бойынша бейне) қызметін пайдалану мүмкін болған кезде белгішесі тек экран үстінде көрсетіледі.

**Төлем**

Фильмді жалға алу немесе сатып алу кезінде несие картасымен бейне дүкенін қауіпсіз түрде сатып алуға болады. Көптеген бейне дүкендері фильмді бірінші жалға алған кезде жүйеге кіру тіркелгісін жасауды сұрайды.

**Интернет трафигі**

Көп бейнелерді тасымалдау ай сайынғы интернет трафигі шегінен асуға әкелуі мүмкін.

## Талап бойынша бейнені пайдалану

Талап бойынша бейнені ашу үшін…

**1 -** **TOP PICKS** түймесін «Жоғарғы таңдаулар» мәзірін ашу үшін басыңыз.
**2 -** Экран үстінде **Video on Demand** (Талап бойынша бейне) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Қалауыңызға қарай **All Stores** (Барлық қоймалар), **Recommended** (Ұсынылған) немесе **Popular** (Танымал) опциясын таңдаңыз.
**4 -** Жабу үшін ← **BACK** түймесін басыңыз.

**Video on Demand** (Талап бойынша бейне) мүмкіндігін ашқан кезде, теледидардың бет мәліметтерін жаңартуы үшін бірнеше секунд қажет болуы мүмкін.

Егер бірнеше бейне дүкені қолжетімді болса, белгілі біреуін таңдауға болады.

Фильмді жалға алу үшін…

**1 -** Фильм хабарындағы белгіге өтіңіз. Шектеулі ақпарат бірнеше секундтан кейін пайда болады.
**2 -** Фильмнің қысқаша мазмұнына арналған бейне дүкенін ашу үшін **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Тапсырысты растаңыз.
**4 -** Теледидарда төлем жасаңыз.

**5 -** Көруді бастаңыз. ▶ (Ойнату) және II (Кідірту) пернелерін пайдалануға болады.

20

# Netflix

Егер Netflix мүшелік жазылымы болса, осы теледидарда Netflix мүмкіндігін пайдалануға болады. Теледидар интернетке қосылған болуы керек. Аймағыңызда Netflix қолданбасы болашақ бағдарламалық құралды жаңартуларымен ғана қолжетімді болуы мүмкін.

Netflix қолданбасын ашу үшін қашықтан басқару құралындағы NETFLIX пернесін басыңыз. Netflix қолданбасын күту режиміндегі теледидардан тікелей ашуға болады.

www.netflix.com

21

# Бірнеше көрініс

21.1

## Мәтін және теледидар

Мәтінді қарап жатқанда Бірнеше көрініс кішкентай экранындағы Теледидар арнасын қарауға болады.

Мәтінді қарап жатқанда Теледидар арнасын қарау үшін…

**1 -** **Multi View*** (Бірнеше көрініс) немесе түймесін басып, **TV Menu** (Теледидар мәзірін) ашыңыз.
**2 - Multi View** (Бірнеше көрініс) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Экранда **Multi View: On** (Бірнеше көрініс: қосу) опциясын таңдаңыз. Қаралатын арна кішкентай экранда көрсетіледі.

Кішкентай экранды жасыру үшін, **Multi View: Off** (Бірнеше көрініс: өшіру) опциясын таңдаңыз.

* Қашықтан басқару құралында **Multi View** (Бірнеше көрініс) пернесі бар болса

21.2

## HDMI және теледидар

Қосылған HDMI құрылғысынан бейнені қарап жатқанда Multi View (Бірнеше көрініс) кішкентай экранында теледидар арнасын қарауға болады.

Қосылған HDMI құрылғысынан бейнені қарау кезінде теледидар арнасын қарау*…

**1 -** **Multi View*** (Бірнеше көрініс) немесе түймесін басып, **TV Menu** (Теледидар мәзірін) ашыңыз.
**2 - Multi View** (Бірнеше көрініс) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Экранда **Multi View: On** (Бірнеше көрініс: қосу) опциясын таңдаңыз. Қаралатын арна кішкентай экранда көрсетіледі.

Кішкентай экранды жасыру үшін, **Multi View: Экрандағы Өшіру**.
Ескертпе: Теледидар арнасының кескінін Multi view режимінде ғана көруге болады және теледидар арнасының дыбысы өшеді.

* Қашықтан басқару құралында **Multi View** (Бірнеше көрініс) пернесі бар болса

21.3

## Nettv және ТД

Nettv қолданбасын қарап жатқанда «Multi View» мүмкіндігінің кішкентай экранында теледидар арнасын қарауға болады.

Nettv қолданбасын қарап отырғанда теледидар арнасын қарау…

**1 -** **Multi View*** (Бірнеше көрініс) немесе түймесін басып, **TV Menu** (Теледидар мәзірін) ашыңыз.
**2 - Multi View** (Бірнеше көрініс) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Экранда **Multi View: On** (Бірнеше көрініс: қосу) опциясын таңдаңыз. Қаралатын арна кішкентай экранда көрсетіледі.
**4 -** Кішкентай экранда арналарды ауыстыру үшін + or − түймесін басыңыз

Кішкентай экранды жасыру үшін, **Multi View: Off** (Бірнеше көрініс: өшіру) опциясын таңдаңыз.

Ескертпе: Егер қолданба Multi view мүмкіндігіне қолдау көрсете алмаса, әрбір Nettv қолданбасы теледидармен Multi view мүмкіндігін қолдай бермейді. Бұл жағдайда теледидарда мынадай хабар көрсетіледі: **Multi View режимі қолданылмайды**.

* Қашықтан басқару құралында **Multi View** (Бірнеше көрініс) пернесі бар болса

21.4

## Nettv және HDMI

Қосылған HDMI құрылғысынан бейнені қарап жатқанда «Multi View» кішкентай экранында Nettv қолданбасын көруге болады.

**1 -** **Multi View*** (Бірнеше көрініс) немесе түймесін басып, **TV Menu** (Теледидар мәзірін) ашыңыз.
**2 - Multi View** (Бірнеше көрініс) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Экранда **Multi View: On** (Бірнеше көрініс: қосу) опциясын таңдаңыз.

Кішкентай экранды жасыру үшін, **Multi View: Off** (Бірнеше көрініс: өшіру) опциясын таңдаңыз.

Ескертпе: Егер қолданба Multi view мүмкіндігіне қолдау көрсете алмаса, әрбір Nettv қолданбасы теледидармен Multi view мүмкіндігін қолдай бермейді. Бұл жағдайда теледидарда мынадай хабар көрсетіледі: **Multi View режимі қолданылмайды**.

* Қашықтан басқару құралында **Multi View** (Бірнеше көрініс) пернесі бар болса

22

# Бағдарламалық құрал

22.1

## Бағдарламалық құралды жаңарту

### Интернет арқылы жаңарту

Теледидар интернетке қосылса, теледидар бағдарламалық құралын жаңарту хабарын алуыңыз мүмкін. Жылдамдығы жоғары (кең ауқымды) интернет байланысы қажет. Осы хабарды алсаңыз, жаңарту орындауға кеңес береміз.

Экрандағы хабармен **Update** (Жаңарту) опциясын таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Сонымен қатар, бағдарламалық құрал жаңартуын іздеуге болады.

Бағдарламалық құралды жаңарту барысында сурет пен теледидар өшіп қайта қосылады. Бұл бірнеше рет орын алуы мүмкін. Жаңарту әрекеті бірнеше минут алуы мүмкін. Теледидар суреті кері оралғанша күтіңіз. Бағдарламалық құралды жаңарту барысында теледидардағы немесе қашықтан басқару құралындағы қуат қосқышын ⏻ баспаңыз.

Бағдарламалық құрал жаңартуын өзіңіз іздеу үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Update Software** Бағдарламалық құралды жаңарту) > **Search for Updates** (Жаңартуларды іздеу) тармақтарын таңдаңыз.
**3 - Internet** (Интернет) опциясын таңдаңыз.
**4 -** Теледидарда интернет жаңартуы ізделеді.
**5 -** Егер жаңарту қолжетімді болса, бағдарламалық құралды жаңартуға болады.
**6 -** Бағдарламалық құралды жаңартуға бірнеше минут кетуі мүмкін. Теледидардағы немесе қашықтан басқару құралындағы ⏻ пернесін баспаңыз.
**7 -** Жаңартып болған соң, теледидар көріп отырған арнаңызға оралады.

### USB арқылы жаңарту

Теледидардың бағдарламалық құралын жаңарту қажет болуы мүмкін.

Бағдарламалық құралды теледидарға жүктеу үшін, жылдамдығы жоғары Интернет байланысы бар компьютер және USB флэш-жады керек болады. Кем дегенде 500 Мбайт бос орны бар USB флэш-жадын пайдаланыңыз. Жазу қорғауының ажыратылғанын тексеріңіз.

Теледидар бағдарламалық құралын жаңарту үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Update Software** Бағдарламалық құралды жаңарту) > **Search for Updates** (Жаңартуларды іздеу) тармақтарын таңдаңыз.
**3 - USB** > **Жергілікті жаңартулар** параметрін таңдап, **OK** пернесін басыңыз.

**Теледидарды анықтау**
**1 -** USB флэш-жадын теледидардың USB қосылымдарының біреуіне жалғаңыз.
**2 - Start** (Іске қосу) опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз. Идентификация файлы USB флэш-жадында жазылған.

**Бағдарламалық құралды жүктеу**
**1 -** USB флэш-жадын компьютерге енгізіңіз.
**2 -** USB флэш-жадынан **update.htm** файлын тауып, екі рет басыңыз.
**3 - Send ID (Идентификатор жіберу)** түймесін басыңыз.
**4 -** Егер жаңа бағдарламалық құрал қол жетімді болса, .zip файлын жүктеңіз.
**5 -** Жүктеген соң файлды мұрағаттан шығарып, **autorun.upg** файлын USB флэш жадына көшіріңіз. Осы файлды қалтаға орналастырмаңыз.

**Теледидардың бағдарламалық құралын жаңарту**
**1 -** USB флэш-жадын теледидарға қайта енгізіңіз. Жаңарту автоматты басталады.
**2 -** Бағдарламалық құралды жаңартуға бірнеше минут кетуі мүмкін. Теледидардағы немесе қашықтан басқару құралындағы ⏻ пернесін баспаңыз. USB флеш дискісін алып тастамаңыз.
**3 -** Жаңартып болған соң, теледидар көріп отырған арнаңызға оралады.

Егер жаңарту кезінде электр жарығы өшіп қалса, USB флэш-жадын теледидардан ажыратпаңыз. Электр жарығы қайта жанғанда, жаңарту жалғасады.

Теледидар бағдарламалық құралының кездейсоқ жаңартылуын болдырмау үшін, autorun.upg файлын USB флэш-жадынан жойыңыз.

### OAD жаңартуларын құлыптау

OAD (әуе арқылы жүктеп алу) бағдарламалық құралының жаңартуын іздеу үшін сканерлеңыз.

OAD жаңартуларын іздеу...

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Бағдарламалық құралды жаңарту** > **OAD жаңартуларын іздеу** тармағын таңдаңыз.
**3 -** Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

* Ескертпе: OAD бағдарламалық құралының жаңартуын белгілі бір елдерде ғана қолжетімді.

22.2

# Бағдарламалық құрал нұсқасы

Ағымдағы теледидар бағдарламалық құралының нұсқасын көру үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Update Software (Бағдарламалық құралды жаңарту)** > **Current Software Info (Ағымдағы бағдарламалық құрал туралы ақпарат)** тармақтарын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**3 -** Нұсқа, шығарылым ескертпелері және жасалған күн көрсетіледі. Сонымен қатар, Netflix ESN нөмірі қолжетімді кезде көрсетіледі.
**4 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

22.3

# Бағдарламалық құралдардың автоматты түрде жаңартуы

Теледидардың бағдарламалық құралын автоматты үрде жаңарту үшін бағдарламалық құралдарды автоматты түрде жаңарту опциясын қосыңыз. Теледидарды пайдаланбағанда, оны күту режимінде қалдырыңыз.

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Бағдарламалық құрал жаңартуы** > **Бағдарламалық құралдарды автоматты түрде жаңарту** тармақтарын таңдап, **Қосу/Өшіру** түймесін басыңыз.
**3 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

22.4

# Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал

Бұл теледидарда бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал бар. TP Vision Europe B.V. компаниясы осымен сұрау бойынша тиісті лицензиялар арқылы осындай ұсыныс сұралса, бұл өнімде қолданылған, авторлық құқықпен қорғалған бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал бумаларының тиісті толық бастапқы код көшірмесін ұсынады.

Бұл ұсыныс осы ақпаратты қабылдаған кез келген адамға өнім сатып алынған күннен бастап үш жыл жарамды болады.
Ресурс кодын алу үшін мына мекенжайға ағылшын тілінде хат жазыңыз. . .

**open.source@tpvision.com**

22.5

# Бастапқы коды ашық лицензия

## Бастапқы коды ашық лицензия туралы ақпарат

TP Vision Netherlands B.V. бөліктерінің бастапқы кодына арналған README. Бастапқы коды ашық лицензиясына кіретін теледидар бағдарламалық құралы.

Бұл — GNU Жалпы әлеуметтік лицензиясына (GPL) немесе GNU Шектеулі жалпы әлеуметтік лицензиясына (LGPL) немесе басқа бастапқы коды ашық лицензияға жататын TP Vision Netherlands B.V. теледидарында пайдаланылатын бастапқы код таралуын сипаттайтын құжат. Осы бағдарламалық құрал көшірмелерін алу бойынша нұсқауларды «Пайдалану нұсқаулары» бөлімінен табуға болады.

TP Vision Netherlands B.V. ҰЙЫМЫ ОСЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛҒА ҚАТЫСТЫ БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ НЕМЕСЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ САПА КЕПІЛДІКТЕРІНЕ ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ. TP Vision Netherlands B.V. ұйымы осы нұсқа үшін қолдау ұсынбайды. Алдыңғы нұсқа сатып алынған TP Vision Netherlands B.V. өнім(дер)іне қатысты кепілдіктерге және міндетті құқықтарға әсер етпейді. Бұл тек сізге жасалған осы бастапқы кодқа қолданылады.

22.6

# Хабарландырулар

Хабарландыруды жүктеп алуға болатын жаңа теледидар бағдарламалық құралы немесе бағдарламалық құралдармен байланысты басқа мәселелер үшін алуыңыз мүмкін.

Бұл хабарландыруларды оқу үшін…

**1 -** ✿ түймесін басыңыз да, **Барлық параметрлер** опциясын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**2 - Update Software (Бағдарламалық құралды жаңарту)** > **Announcements (Хабарландырулар)** тармақтарын таңдаңыз.
**3 -** Егер хабарландыру бар болса, оны оқуға болады немесе қолжетімді хабарландырулардың бірін таңдаңыз.
**4 -** Қажет болса, мәзірді жабу үшін < (сол) түймесін қайталап басыңыз.

23

# Ерекшеліктер

23.1

## Қоршаған ортаға қауіпсіз

### Еуропаның энергиялық тиімділік белгісі

**Еуропалық Одақтың энергиялық тиімділік белгісі** осы өнімнің қуатты пайдалану тиімділік дәрежесін көрсетеді. Осы өнімнің энергиялық тиімділік класы жасылырақ болған сайын, ол тұтынатын энергия төменірек болады. Жапсырмадан энергиялық тиімділік класын, қолданылып жатқан өнімнің орташа қуат тұтынуын және 1 жылдағы орташа қуат тұтынылуын табуға болады. Осы өнімнің қуатты тұтыну мөлшерін сіздің елге арналған [www.philips.com/TVsupport](http://www.philips.com/TVsupport) **мекенжайы бойынша Philips веб-сайтынан көруге болады.**

### Өнімнің микрофишасы

**49PUS6581**
- Энергия тиімділігінің класы: B
- Көрінетін экран өлшемі: 123 см / 49 дюйм
- Қосулы қуат шығыны (Вт): 99 Вт
- Жылдық энергия шығыны (кВтсағ)*: 144 кВт/сағ
- Күту режиміндегі қуат шығыны (Вт)**: 0,30 Вт
- Дисплей ажыратымдылығы (пиксельдер): 3840 x 2160 p

**55PUS6581**
- Энергия тиімділігінің класы: Өрнектелген
- Көрінетін экран өлшемі: 139 см / 55 дюйм
- Қосулы қуат шығыны (Вт): 105 Вт
- Жылдық энергия шығыны (кВтсағ)*: 153 кВтсағ
- Күту режиміндегі қуат шығыны (Вт)**: 0,30 Вт
- Дисплей ажыратымдылығы (пиксельдер): 3840 x 2160 p

* Жыл сайынғы кВтсағ энергия шығыны күнделікті 4 сағаттық теледидар жұмысының қуат шығынын 365 күнге көбейтуге негізделеді. Нақты энергия шығыны теледидарды пайдалану әдісіне негізделеді.

** Теледидар қашықтан басқару құралымен өшірілген кезде функция белсенді болмайды.

### Пайдалануды аяқтау

**Ескірген бұйымдарды және батареяларды жою**

Өнім қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдардан және бөлшектерден жасалған.

Бұйымнан сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2012/19/EU нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтырудың жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті тәртіпке сәйкес әрекет жасауыңызды және ескі өнімдерді кәдімгі тұрмыстық қалдықпен тастамауыңызды өтінеміз. Ескі өнімді дұрыс тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиетін кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі.

Сіздің бұйымыңызда 2006/66/EC Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды.

Батареяларды бөліп жинақтаудың жергілікті тәртібі туралы ақпаратпен танысқан жөн, себебі оны дұрыс тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиетін кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі.

23.2

## Қуат

Өнімнің техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Осы өнімнің техникалық сипаттамалары туралы қосымша мәліметті [www.philips.com/TVsupport](http://www.philips.com/TVsupport) сайтынан қараңыз

**Қуат**
- Желі кернеуі: 220-240 В айнымалы ток +/-10%
- Сыртқы температура: 5-35 °C
- Қуатты үнемдеу мүмкіндіктері: Эко режимі, Бейнені өшіру (радиоға арналған), автоматты түрде сөну таймері, қоршаған Эко параметрлері мәзірі.

Қуаттың тұтынылуы туралы ақпаратты **Product Fiche** (Өнімнің микрофишасы) тарауынан қараңыз.

Өнімнің жапсырмасында көрсетілген қуат күштілігі қалыпты үйде пайдалану кезіндегі өнімнің тұтынылатын қуат мөлшері болып табылады (IEC 62087 Ed.2). Жақшаға алынған қуаттың ең көп мөлшері электр қауіпсіздігі үшін пайдаланылады (IEC 60065 Ed. 7.2).

23.3

# Операциялық жүйе

Android OS:

Android Oreo 8

23.4

# Қабылдау

• Антенна кірісі: 75 Ом коаксиалды (IEC75)
• Тюнер ауқымдары: Hyperband, S-Channel, UHF, VHF
• DVB: DVB-T2 (HEVC қолдау көрсетіледі), DVB-C (кабель) QAM
• Аналогтық бейне файлды ойнату: SECAM, PAL
• Сандық бейнені ойнату: MPEG2 SD/HD (ISO/IEC 13818-2), MPEG4 SD/HD (ISO/IEC 14496-10)
• Сандық аудионы ойнату (ISO/IEC 13818-3)
• Жерсерік антеннасының кірісі: 75 Ом, F түрі
• Кіріс жиіліктердің ауқымы: 950-2150 МГц
• Кіріс деңгейінің жиілігі: 25-65 дБм
• DVB-S/S2 QPSK, таңба жылдамдығы 2-45 миллион таңба, SCPC және MCPC
• ТШБ: DiSEqC 1.0, 1-4 LNB үшін қолдау көрсетіледі, Полярлықты таңдау 14/18V, ауқым таңдау 22 кГц, үнді күшейту режимі, LNB тогы ең көбі 300 мА

23.5

# Дисплей түрі

**Экранның диагональдік өлшемі**
• 43PUS6501: 108 см / 43 дюйм
• 49PUS65x1: 123 см / 49 дюйм
• 55PUS65x1: 139 см / 55 дюйм
• 65PUS6521: 164 см / 65 дюйм

**Дисплей ажыратымдылығы**
• 3840 x 2160 p

23.6

# Дисплейдің кіріс ажыратымдылығы

**Бейне файл пішімдері**

Ажыратымдылығы — Жаңару жиілігі

• 480 i - 60 Гц
• 480 p - 60 Гц
• 576 i - 50 Гц
• 576 p - 50 Гц
• 720 p - 50 Гц, 60 Гц
• 1080 i - 50 Гц, 60 Гц
• 1080 p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц
• 2160 p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц

**Компьютер форматтары**

Ажыратымдылықтар (басқа түрлердің арасындағы)

• 640 x 480p — 60 Гц
• 800 x 600p — 60 Гц
• 1024 x 768p — 60 Гц
• 1280 x 768p — 60 Гц
• 1360 x 765p — 60 Гц
• 1360 x 768p — 60 Гц
• 1280 x 1024p — 60 Гц
• 1920 x 1080p - 60 Гц
• 3840 x 2160 p - 24 Гц, 25 Гц, 30 Гц, 50 Гц, 60 Гц

23.7

# Өлшемдері және салмақтары

**49PUS6581**
• теледидар тірегінсіз:
1099,2 мм (ені) - 643,1 мм (биіктігі) - 78,6 мм (қалыңдығы) - ±11,97 кг (салмағы)
• теледидар тірегімен:
1099,2 мм (ені) - 693 мм (биіктігі) - 220 мм (қалыңдығы) - ±15,68 кг (салмағы)

**55PUS6581**
• теледидар тірегінсіз:
1239,2 мм (ені) - 711,6 мм (биіктігі) - 85,6 мм (қалыңдығы) - ±16,1 кг (салмағы)
• теледидар тірегімен:
1239,2 мм (ені) - 772,8 мм (биіктігі) - 234,8 мм (қалыңдығы) - ±16,8 кг (салмағы)

23.8

# Байланыс мүмкіндігі

**Теледидардың бүйірі**
• HDMI 3 кірісі - ARC
• HDMI 4 кірісі - MHL - ARC
• USB 2 - USB 2.0
• USB 3 - USB 3.0 (көк)
• 1x Ортақ интерфейс ұясы: CI+/CAM
• Құлақаспап - стерео, 3,5 мм шағын ұяшығы

**Теледидардың артқы жағы**
• Audio In (DVI - HDMI) - стерео, 3,5 мм шағын ұяшық
• SCART: Audio L/R, CVBS кірісі, RGB
• YPbPr: Y Pb Pr, Audio L/R

**Теледидардың төменгі жағы**
• HDMI 1 кірісі - HDCP 2.2
• HDMI 2 кірісі - HDCP 2.2
• USB 1 - USB 2.0
• Дыбыс шығысы - оптикалық Toslink
• Желілік LAN - RJ45
• Антенна (75 Ом)
• Жерсерік тюнері

23.9

# Дыбыс

• wOOx
• HD стерео
• Шығыс қуат (RMS): 20 Вт
• Dolby Digital Plus®
• DTS Premium Sound ™

23.10

# Мультимедиа

**Байланыстар**
• USB 2.0 / USB 3.0
• Ethernet LAN RJ-45
• Wi-Fi 802.11a/b/g/n/ac (кірістірілген)
• EDR бар BT2.1 және BLE бар BT4.0

**Қолдауы бар USB файл жүйелері**
• FAT 16, FAT 32, NTFS

**Ойнату пішімдері**
• Контейнерлер: 3GP, AVCHD, AVI, MPEG-PS, MPEG-TS, MPEG-4, Matroska (MKV), Quicktime (MOV, M4V, M4A), Windows Media (ASF/WMV/WMA)
• Бейне кодектері: MPEG-1, MPEG-2, MPEG-4 Part 2, MPEG-4 Part 10 AVC (H264), H.265 (HEVC), VC-1, WMV9
• Дыбыс кодектері: AAC, HE-AAC (v1/v2), AMR-NB, Dolby Digital, Dolby Digital Plus, DTS Premium Sound™, MPEG-1/2/2.5 Layer I/II/III (соның ішінде MP3), WMA (v2 мен v9.2 аралығында), WMA Pro (v9/v10)
• Субтитрлар:
- Форматтар: SAMI, SubRip (SRT), SubViewer (SUB), MicroDVD (TXT), mplayer2 (TXT), TMPlayer (TXT)
– Таңба кодтары: UTF-8, Орталық Еуропа және Шығыс Еуропа (Windows-1250), Кириллица (Windows-1251), Грек (Windows-1253), Түрік (Windows-1254), Батыс Еуропа (Windows-1252)
• Сурет кодектері: JPEG, PNG, BMP
• Шектеулер:
– Мультимедиалық файл үшін ең көп қолдау көрсетілетін жалпы сандық ағын жылдамдығы – 30 Мбайт/сек.
– Мультимедиалық файл үшін ең көп қолдау көрсетілетін бейне сандық ағынының жылдамдығы – 20 Мбайт/сек.
– MPEG-4 AVC (H.264) @ L5.1 дейін қолдау көрсетіледі.
– H.265 (HEVC) Main / Main 10 Profile және 5.1 деңгейіне дейін қолдау көрсетіледі
– VC-1 параметрі @ L3 кеңейтілген профильге дейін қолдау көрсетіледі.

**Қолдау көрсетілетін мультимедиалық сервер бағдарламалық құралы (DMS)**
• DLNA V1.5 сертификатталған медиа сервері бағдарламалық құралын пайдалануға болады (DMS класы).
• Мобильді құрылғыларда Philips TV Remote қолданбасын (iOS және Android) пайдалануға болады.

Пайдаланылатын мобильді құрылғы мен бағдарламалық құралға байланысты өнімділік деңгейі әртүрлі болуы мүмкін.

24

# Анықтама және қолдау

24.1

## Теледидарды тіркеңіз

Теледидарды тіркеп, әртүрлі артықшылықтарды, соның ішінде толық қолдауды (жүктеулерді қоса), жаңа өнімдер туралы ақпарат алу, арнайы ұсыныстар мен жеңілдіктер, сыйлықтар ұтып алу және тіпті жаңа өнімдер туралы арнайы сауалнамаларға қатысу мүмкіндіктерін пайдаланыңыз.

**www.philips.com/TVsupport веб-сайтына өтіңіз.**

24.2

## Анықтаманы пайдалану

Бұл теледидар экрандағы анықтаманы ұсынады ? .

**Анықтама бөлімін ашу**

⚙ **Анықтама** **OK** түймесін басыңыз.

Анықтаманы кітап ретінде оқу үшін **Book** (Кітап) параметрін таңдаңыз. Кілтсөзді іздеу үшін **Кілтсөз** опциясын таңдаңыз.

Сондай-ақ, теледидар мәзірінде ? **Анықтама** бөлімін ашыңыз.

Анықтама нұсқауларын орындамас бұрын Анықтама бөлімін жабыңыз.

Мәтін (телемәтін) сияқты кейбір әрекеттер үшін түрлі түсті түймелердің арнайы функциялары болып, анықтаманы ашпауы мүмкін.

**Планшетте, смартфонда немесе компьютерде Теледидар Анықтамасы**

Кеңейтілген нұсқаулардың реттіліктерін оңайырақ орындау үшін теледидардың анықтамасын PDF пішімінде жүктеп, смартфонда, планшетте немесе компьютерде оқуға болады. Не болмаса, тиісті «Анықтама» бетін компьютеріңізден басып шығаруға болады. Анықтаманы (пайдаланушы нұсқаулығын) жүктеп алу үшін **www.philips.com/TVsupport веб-бетіне өтіңіз.**

24.3

## Ақаулықтарды жою

### Қосу және қашықтан басқару

**Теледидар қосылмайды**

• Қуат кабелін розеткадан ажыратыңыз. Бір минут күтіңіз де, қайта жалғаңыз.
• Қуат кабелі берік қосылғанын тексеріңіз.

**Іске қосылу немесе өшу кезіндегі сықырлаған дыбыс**

Теледидарды қосқанда, өшіргенде немесе күту режиміне қойғанда, теледидардың корпусынан сықырлаған дыбысты естисіз. Сықырлаған дыбыс теледидардың сууы және жылуы кезіндегі қалыпты кеңею және тарылуына байланысты болады. Бұл өнімділікке әсер етпейді.

**Теледидар қашықтан басқару құралына жауап бермейді**

Теледидардың іске қосылуына біраз уақыт қажет. Бұл уақытта теледидар қашықтан басқару құралына немесе теледидарды басқару тетіктеріне жауап бермейді. Бұл — қалыпты әрекет.
Егер теледидар қашықтан басқару құралына одан әрі жауап бермей жатса, ұялы телефонның камерасы арқылы қашықтан басқару құралы жұмыс істеп жатқанын тексеруге болады. Телефонды камера режиміне өткізіп, қашықтан басқару құралын камера объективіне бағыттаңыз. Егер қашықтан басқару құралында кез келген пернені бассаңыз және камерада инфрақызыл жарық диодының жыпылықтауын байқасаңыз, қашықтан басқару құралы жұмыс істеп тұр. Теледидарды тексеру қажет. Жыпылықтауды байқамасаңыз, қашықтан басқару құралы бұзылған немесе оның батареяларының заряды төмен болуы мүмкін.
Қашықтан басқару құралын тексерудің бұл әдісі теледидармен сымсыз жұпталған қашықтан басқару құралымен мүмкін емес.

**Philips бастапқы экранын көрсеткеннен кейін теледидар қайтадан күту режиміне өтеді**

Теледидар күту режимінде қуат көзінен ажыратылып, қайта қосылса, бастапқы экран көрсетіліп, теледидар күту режиміне оралады. Бұл — қалыпты әрекет. Теледидарды қайтадан күту режимінен қосу үшін қашықтан басқару құралындағы немесе теледидардағы ⏻ түймесін басыңыз.

**Күту режимінің шамы жыпылықтай береді**

Қуат кабелін розеткадан ажыратыңыз. Қуат кабелін қайта қоспай тұрып, 5 минут күтіңіз. Егер қайта жыпылықтаса, Philips TV тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

## Арналар

**Орнату кезінде ешқандай сандық арналар табылмады**

Сіздің еліңізде теледидар DVB-T немесе DVB-C пішімін қолдайтынын тексеру үшін техникалық сипаттамаларды қараңыз.
Барлық кабельдер дұрыс қосылғанын және дұрыс желі таңдалғанын тексеріңіз.

**Арналар тізімінде алдында орнатылған арналар жоқ**

Дұрыс арналар тізімі таңдалғанын тексеріңіз.

**DVB-T2 HEVC арнасы**

Сіздің еліңізде теледидар DVB-T2 HEVC пішімін қолдайтынын тексеру үшін және DVB-T арнасын қайта орнату үшін техникалық сипаттамаларды қараңыз.

## Сурет

**Сурет жоқ / бұрмаланған сурет**
• Антенна теледидарға дұрыстап қосылғанын тексеріңіз.
• Дисплей көзі ретінде дұрыс құрылғы таңдалғанын тексеріңіз.
• Сыртқы құрылғы немесе көз дұрыс қосылғанын тексеріңіз.

**Дыбыс бар, бірақ сурет жоқ**
• Сурет параметрлері дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

**Антеннаның қабылдауы нашар**
• Антенна теледидарға дұрыстап қосылғанын тексеріңіз.
• Дауыс зорайтқыштар, жерге қосылмаған аудио құрылғылар, неон шамдар, биік ғимараттар және басқа үлкен нысандар қабылдау сапасына әсер етуі мүмкін. Мүмкін болса, антенна бағытын өзгерту немесе құрылғыларды теледидардан ары жылжыту арқылы қабылдау сапасын жақсартып көріңіз.
• Тек бір арнада қабылдау нашар болса, сол арнаны дәл реттеңіз.

**Құрылғыдан келетін сурет нашар**
• Құрылғының дұрыстап қосылғанын тексеріңіз.
• Сурет параметрлері дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

**Сурет параметрлері біраздан кейін өзгереді**

**Орын** параметрі **Негізгі бет** күйіне орнатылғанын тексеріңіз. Бұл режимде параметрлерді өзгертуге және сақтауға болады.

**Жарнамалық баннер пайда болады**

**Location (Орын)** параметрі **Home (Үй)** деп орнатылғанын тексеріңіз.

**Сурет экранға сыймайды**

Басқа сурет пішіміне өзгертіңіз.

**Әр түрлі арналарда сурет пішімі өзгеріп отырады**

«Auto» (Авто) емес сурет пішімін таңдаңыз.

**Суреттің орны дұрыс емес**

Кейбір құрылғылардан келетін сурет сигналдары экранға дұрыс сыймауы мүмкін. Қосылған құрылғының сигнал шығысын тексеріңіз.

**Компьютердің суреті тұрақты емес**

Компьютер қолдау көрсетілетін ажыратымдылықты және жаңарту жиілігін пайдаланатынын тексеріңіз.

## Дыбыс

**Дыбыс жоқ немесе дыбыстың сапасы нашар**

Егер аудио сигнал анықталмаса, теледидар аудио шығысын автоматты түрде өшіреді: ол бұрыс жұмыс істеуді білдірмейді.

• Дыбыс параметрлері дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
• Барлық кабельдер дұрыстап қосылғанын тексеріңіз.
• Дыбыс өшірілмегенін немесе нөл мәніне орнатылмағанын тексеріңіз.
• Теледидардың дыбыс шығысы үй кинотеатры жүйесіндегі дыбыстық кіріске қосылғанын тексеріңіз. HTS динамиктерінен дыбыс естілуі керек.
• Кейбір құрылғылар HDMI аудио шығысын қолмен қосуды қажет етуі мүмкін. Егер HDMI аудиосы қосылып қойылған болса, бірақ аудионы әлі де естімесеңіз, құрылғының аудио форматын PCM (Pulse Code Modulation) деп өзгертіп көріңіз. Нұсқауларды құрылғымен бірге келген құжаттамадан қараңыз.

## HDMI және USB

**HDMI**
• HDCP (жоғары өткізу жиілігі бар сандық мазмұнды қорғау) қолдау теледидарда HDMI құрылғысынан келетін мазмұнды көрсету үшін кететін уақытты кідірте алатынын ескеріңіз.
• Егер теледидар HDMI құрылғысын танымаса және сурет көрсетілмесе, көзді бір құрылғыдан екіншісіне және қайтадан кері ауыстырыңыз.
• Егер **HDMI 1** немесе **HDMI 2** ұясына жалғанған құрылғының суреті және дыбысы бұрмаланса, құрылғыны осы теледидардағы **HDMI 3** немесе **HDMI 4** ұясына жалғаңыз.
• Егер HDMI жүйесімен қосылған құрылғы суреті және дыбысы бұрмаланса, басқа **HDMI Ultra HD** параметрі осы мәселені шешуі мүмкін. Қосымша ақпарат үшін **Анықтама** ішінен **Кілтсөздер** опциясын таңдап, **HDMI Ultra HD** деп іздеңіз.
• Егер үзік-үзік дыбыс үзілістері болса, HDMI құрылғысының шығыс параметрлері дұрыс екенін тексеріңіз.
• Егер HDMI-DVI адаптерін немесе HDMI-DVI кабелін пайдалансаңыз, қол жетімді болса, AUDIO IN (тек шағын ұяшық) ұясына қосымша аудио кабель жалғанғанын тексеріңіз.

**HDMI EasyLink жұмыс істемейді**
• HDMI құрылғылары HDMI-CEC үйлесімді екенін тексеріңіз. EasyLink мүмкіндіктері тек HDMI-CEC үйлесімді құрылғыларда жұмыс істейді.

**Дыбыс деңгейінің белгішесі көрсетілмейді**
• HDMI-CEC аудио құрылғысы қосылып, құрылғының дыбыс деңгейін реттеуге теледидардың қашықтан басқару құралы пайдаланылса, осы әрекет қалыпты болады.

**USB құрылғысындағы фотосуреттер, бейнелер және музыка көрсетілмейді**
• USB жад құрылғысы жад құрылғысының құжаттамасында сипатталғандай сыйымды жад дәрежесімен үйлесімді деп орнатылғанын тексеріңіз.
• USB жад құрылғысы теледидармен үйлесімді екенін тексеріңіз.
• Теледидар аудио және сурет файлы пішімдерін қолдайтынын тексеріңіз.

**USB файлдарын үзік-үзік ойнату**
• USB жад құрылғысының тасымалдау өнімділігі теледидарға деректерді тасымалдау жылдамдығын шектеп, нашар ойнатуды тудыруы мүмкін.

## Сымсыз желі

**Wi-Fi желісі табылмады немесе бұрмаланған**
• Жақын жердегі қысқа толқынды пештер, DECT телефондары немесе басқа Wi-Fi 802.11b/g/n құрылғылары сымсыз желіні бұзуы мүмкін.
• Теледидар көптеген басқа сымсыз маршрутизаторлардың қасына орналастырылғанда (пәтерлер, т.с.с.), маршрутизаторда 5 ГГц жиілікті (802.11ac) пайдалануды ұсынамыз.
• Желідегі қорғаныс жүйесі теледидардың сымсыз қосылымына кіру мүмкіндігін беретінін тексеріңіз.
• Сымсыз желі оңай орнатылуы үшін SSID тарату станциясын өшіру арқылы маршрутизатордың атауын жасырмаңыз.
• Егер сымсыз желі үйіңізде дұрыс жұмыс істемесе, сымды желі орнатымын пайдалануға болады.

**Wi-Fi желі қосылымы баяу**
• Маршрутизатор үшін жылдамдығы жоғары Интернет қосылымы қажет.
• Бірдей маршрутизаторды пайдаланатын құрылғылардың мөлшерін шектеңіз.
• Үй ішіндегі ауқым, беру жылдамдығы және сигнал сапасының басқа факторлары туралы ақпаратты сымсыз маршрутизатордың пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

**DHCP**
• Байланыс сәтсіз болса, маршрутизатордың DHCP (Динамикалық хост конфигурация протоколы) параметрін тексеруге болады. DHCP параметрі қосулы болуы қажет.

## Bluetooth

**Жұптастыруды орындау мүмкін емес**
• Құрылғы жұптастыру режимінде екенін тексеріңіз. Құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.
• Маршрутизаторда және сымсыз динамикті теледидарға мүмкіндігінше жақын ұстаңыз.
• Сымсыз желідегі әрекеттің жоғары мөлшері бар орындар — сымсыз маршрутизаторлар көп бөлмелер — сымсыз қосылымға кедергі келтіруі мүмкін.
• Бірнеше құрылғыларды теледидармен бір уақытта жұптастырып көру істемеуі мүмкін.

**Bluetooth жоғалған байланысы**
• Сымсыз динамикті теледидардан әрқашан 5 метр ауқымында орналастырыңыз.

**Bluetooth аудио және бейне синхрондау**
• Сымсыз Bluetooth динамигін сатып алардан бұрын, аудиодан бейнеге синхрондау сапасын хабарлаңыз, ол «шеткі синхрондау» деп аталады. Барлық Bluetooth құрылғылары дұрыс орындалмайды. Дилерден кеңес алыңыз.

## Интернет

**Интернет жұмыс істемейді**
• Егер маршрутизатормен қосылым дұрыс болса, маршрутизатордың Интернетпен қосылымын тексеріңіз.

## Қате мәзір тілі

**Қате мәзір тілі**

Тілді қайта өз тіліңізге өзгертіңіз.

**1 -** Негізгі экранға өту үшін ⌂ **HOME** пернесін басыңыз.
**2 -** Негізгі экрандағы «Жүйе» тақтасынан ⚙ белгішесін (Параметрлер) таңдап, **OK** пернесін басыңыз.
**3 -** ∨ (төмен) түймесін 5 рет басыңыз.
**4 -** › (оң жақ) түймесін 3 рет басып, тілді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
**5 -** Мәзірді жабу үшін ← BACK түймесін басыңыз.

24.4

# Онлайндық анықтама

Philips TV қатысты кез келген мәселені шешу үшін, желідегі қолдау қызметін пайдалануға болады. Тілді таңдап, өнімнің үлгі нөмірін енгізуге болады.

www.philips.com/TVsupport веб-сайтына өтіңіз.

Қолдау қызметінің сайтында еліңіздің бізге хабарласуға арналған телефон нөмірін, сондай-ақ, жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар табуға болады. Кейбір елдерде қызметкерлеріміздің бірімен сөйлесіп, сұрағыңызды тікелей қоюға немесе электрондық хабар арқылы жіберуге

болады.
Жаңа теледидар бағдарламалық құралын немесе нұсқаулықты компьютеріңізден оқу үшін жүктеп алыңыз.

24.5

# Қолдау көрсету және жөндеу

Қолдау алу және жөндеу үшін еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығының жедел желісіне қоңырау шалуға болады. Біздің қызмет көрсетуші инженерлеріміз қажет кезінде жөндеп береді.

Теледидармен келген құжатта телефон нөмірін табыңыз. Не болмаса, **www.philips.com/TVsupport** веб-бетіне өтіп, қажет болса, еліңізді таңдаңыз.

**Теледидардың үлгі мен сериялық нөмірі**

Теледидардың үлгі нөмірі және сериялық нөмірі сұралуы мүмкін. Бұл нөмірлерді ораманың немесе теледидардың артқы яки төменгі жағындағы жапсырмасында табуға болады.

**⚠ Ескерту**

Теледидарды өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Бұл ауыр жарақатқа әкелуі, теледидарды жөнделмейтіндей зақымдауы немесе кепілдіктің күшін жоюы мүмкін.

25

# Қауіпсіздік және қызмет көрсету

25.1

## Қауіпсіздік

### Маңызды

Қауіпсіздік нұсқауларының барлығын теледидарды пайдаланбас бұрын оқып, түсініп алыңыз. Нұсқауларды қадағаламау нәтижесінде зақым пайда болса, кепілдік күшін жояды.

### Ток соғу немесе өрт шығу қаупі бар

• Ешқашан теледидарға жаңбырға немесе суға тигізбеңіз. Ешқашан теледидар жанына вазалар сияқты сұйықтық құйылған ыдыстар қоймаңыз.
Егер сұйықтық теледидардың үстіне немесе ішіне төгілсе, теледидарды бірден ток көзінен ажыратыңыз.
Теледидарды пайдаланбас бұрын оны тексеріп алу үшін Philips TV тұтынушыларды қолдау
орталығына хабарласыңыз.
• Теледидарды, қашықтан басқару құралын немесе батареяларды қатты ыстыққа тастамаңыз. Оны ешқашан жанған шырақтарға, ашық жалынға немесе күн сәулесін қоса ыстық көздерге қоймаңыз.
• Теледидардың желдету тесіктеріне немесе басқа ашық жерлеріне заттар салмаңыз.
• Қуат сымына ешқашан ауыр зат қоймаңыз.
• Қуат ашаларына күш түсірмеңіз. Бос қуат ашалары электр тежелуіне немесе отқа себеп болуы мүмкін. Теледидар экранын айналдырғанда, қуат сымының керілмейтіндігін қамтамасыз етіңіз.
• Теледидарды қуат көзінен ажырату үшін теледидардың ашасын ажыратыңыз. Қуаттан ажырату кезінде ашаны ұстап тартыңыз, ешқашан кабелінен тартпаңыз. Ашаға, қуат кабеліне және розеткаға әрдайым қолыңыз жететініне көз жеткізіңіз.

### Жарақат алу немесе теледидарды зақымдау қаупі бар

• Салмағы 25 кг-нан немесе 55 фунттан асатын теледидарды екі адам көтеріп тасымалдауы тиіс.
• Егер теледидарды тұрғыға орнатсаңыз, тек жинақтағы тұрғыны пайдаланыңыз. Тұрғыны теледидарға берік етіп бекітіңіз.
Теледидарды салмағын көтере алатын жазық, тегіс бетке қойыңыз.
• Қабырғаға орнатқанда қабырға бекітпесі теледидардың салмағын қауіпсіз көтере алатынына көз жеткізіңіз. TP Vision компаниясы қабырғаға дұрыс орнатпау салдарынан болған жазатайым оқиғалар, жарақаттар немесе зақымдар үшін жауап бермейді.
• Бұл өнімнің бөліктері шыныдан жасалған болуы мүмкін. Жарақат немесе зақым жағдайларын болдырмау үшін, абайлап ұстаңыз.

**Теледидарды зақымдау қаупі бар!**

Теледидарды қуат көзіне жалғамас бұрын, қуат кернеуінің теледидардың артына басылған мәнге сәйкес келетіндігін тексеріңіз. Кернеу басқаша болған жағдайда теледидарды ешқашан қуат көзіне қоспаңыз.

### Балаларды жарақаттау қаупі бар

Теледидардың балалар үстіне құлап, олардың жарақаттануына жол бермеу үшін мына сақтандыру шараларын орындаңыз:

• Теледидарды сырғанап, тұрмайтын шүберек немесе басқа материал жабылған жерге ешқашан қоймаңыз.
• Теледидардың ешқандай бөлігінің орнатылған жерден салбырап тұрмағанын тексеріңіз.
• Ешқашан теледидарды ұзын жиһазға, кітап шкафы сияқты қабырғаға жиһаз бен теледидарды бекітпей немесе қолайлы демеусіз орналастырмаңыз.
• Балаларды теледидарға жету үшін жиһазға мінуден қауіп-қатерлер болатыны туралы хабардар етіңіз.

**Батареяларды жұтып қою қаупі бар!**

Қашықтан басқару құралында кішкентай балалар оңай жұтып қоятын тиын тәріздес батареялар болуы мүмкін. Бұл батареяларды балалардан әрдайым аулақ ұстаңыз.

### Қатты қызып кету қаупі бар

Теледидарды тар жерге орнатуға болмайды.
Теледидардың айналасынан ауа алмасуы үшін кем дегенде 10 см немесе 4 дюйм қалдырыңыз. Перде немесе басқа заттардың теледидардағы ауа алмасу тесіктерін жауып қалмауын қадағалаңыз.

### Найзағай

Найзағай болардың алдында теледидарды қуат көзі мен антеннадан ажыратып тастаңыз.
Найзағай кезінде теледидардың ешқандай бөлігіне, ток сымына немесе антенна сымына тиіспеңіз.

## Есту қабілетін зақымдау қаупі бар

Құлақаспапты жоғары дауыс деңгейінде немесе ұзақ уақыт пайдаланудан сақтаныңыз.

## Төмен температура

Егер теледидар 5 °C немесе 41 °F мәнінен төмен температурада тасымалданса, теледидарды қуат көзіне жалғамастан бұрын, оны қорабынан шығарып алып, теледидардың температурасы бөлме температурасымен сәйкес келгенше күтіңіз.

## Дымқылдық

Сирек жағдайларда температура мен ылғалдылыққа байланысты теледидардың алдыңғы әйнегінің (кейбір үлгілерде) ішкі жағында аздап конденсат жиналуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін теледидарды күн сәулесі тік түсетін, температурасы жоғары немесе ылғалды жерде сақтамаңыз. Жиналған конденсат теледидар бірнеше сағат бойы істегенде өздігінен жоғалып кетеді. Конденсацияланған ылғал теледидарға зиян келтірмейді немесе дұрыс жұмыс істемеуді тудырмайды.

25.2

# Экран күтімі

• Ешқашан экранды ұстамаңыз, итермеңіз, ысқыламаңыз немесе кез келген нәрсемен ұрмаңыз.
• Тазалау алдында теледидардың сымын ажыратыңыз.
• Теледидар мен жақтауды жұмсақ әрі дымқыл шүберекпен ақырын сүртіңіз. Теледидардың артындағы Ambilight жарық диодтарына тимеңіз. Теледидарға спирт, химиялық заттар немесе тұрмыстық тазартқыш заттарды қолданушы болмаңыз.
• Пішінінің бұзылуын және түсінің оңуын болдырмау үшін, мүмкіндігінше су тамшыларын тез сүртіп алып тұрыңыз.
• Мүмкіндігінше қозғалыссыз кескіндерді көп тұрғызбаңыз. Қозғалыссыз кескіндер дегеніміз - экранда көп уақыт бойы тұратын кескіндер. Қозғалыссыз кескіндерге экран мәзірлері, қара жолақтар, уақыт дисплейлері, т.б. жатады. Егер қозғалыссыз кескіндерді пайдалану керек болса, экран зақымданбау үшін экран контрасты мен жарықтығын азайтыңыз.

26

# Пайдалану шарттары

26.1

## Пайдалану шарттары - Теледидар

2016 © TP Vision Europe B.V. Барлық құқықтар қорғалған.

Бұл өнімді TP Vision Europe B.V. немесе оның аффилиирленген тұлғаларының біреуі (әрі қарай TP Vision деп аталады) нарыққа шығарған, мұндағы TP Vision — өнім өндіруші. TP Vision — осы кітапша бірге оралған теледидарға қатысты кепілдік беруші. Philips және Philips қалқан эмблемасы — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Сауда белгілері Koninklijke Philips N.V компаниясының немесе олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады. TP Vision компаниясы бұрын берілген жабдықтарды тиісінше реттеуді міндетіне алмай, өнімдерді кез келген уақытта өзгерту құқығын өзінде қалдырады.

Теледидармен бірге берілген жазбаша материал және теледидардың жадына сақталған немесе Philips www.philips.com/support веб-сайтынан жүктелген нұсқаулық жүйенің мақсатты пайдаланылуына сай деп есептеледі.

Осы нұсқаулықтағы материал жүйені мақсатты пайдалануға сай деп есептеледі. Егер өнім не оның жекелеген модульдері немесе процедуралары осында көрсетілгеннен басқа мақсаттарға пайдаланылса, олардың жарамдылығы мен сәйкестігі расталуы керек. TP Vision материалдың өзі Америка Құрама Штаттарының ешбір патенттерін бұзбайтынына кепілдік береді. Ешбір қосымша тікелей немесе жанама кепілдік берілмейді. TP Vision осы құжат мазмұнындағы ешбір қателерге не осы құжаттағы мазмұнның нәтижесінде болған ешбір мәселелерге жауапты болмайды. Philips компаниясына есеп берілген қателер қабылданады және Philips қолдау веб-сайтында мүмкіндігінше тез жарияланады.

Кепілдік шарттары — Жарақат алу, теледидарды зақымдау немесе кепілдіктің күшін жою қаупі бар!
Теледидарды өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Теледидарды және қосалқы құралдарды тек өндіруші көрсеткен мақсатта пайдаланыңыз. Теледидар артында басылған сақтық белгі ток соғу қаупін білдіреді. Теледидардың корпусын ешқашан ашпаңыз. Қызмет көрсетуі немесе жөндеуі үшін әрқашан Philips TV тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз. Телефон нөмірін теледидармен бірге берілетін басылған құжаттамадан табуға болады. Не болмаса, **www.philips.com/support** веб-сайтымызға кіріп, қажетті елді таңдаңыз. Осы нұсқаулықта анық тыйым салынған кез келген пайдалану немесе осы нұсқаулықта ұсынылмаған немесе рұқсат етілмеген кез келген реттеулер және жинау процедуралары кепілдіктің күшін жояды.

Пиксел сипаттамалары
Бұл теледидар өнімінде түрлі түсті пикселдердің саны көп. Оның тиімді пикселдері 99,999% немесе көбірек болғанымен, экранда қара нүктелер немесе жарықтың жарық нүктелері (қызыл, жасыл немесе көк) пайда болуы мүмкін. Бұл — дисплейдің құрылымдық сипаты (жалпы сала стандарттарының шеңберінде) және ақаулық болып табылмайды.

CE талаптарына сәйкестік
Осы құжат арқылы TP Vision Europe B.V. осы теледидардың 2014/53/EU (RED), 2009/125/EC (Экодизайн), 2010/30/EU (Энергетикалық таңбалар) және 2011/65/EC (Зиянды заттардың пайдаланылуын шектеу) директиваларының негізгі талаптары мен басқа қатысты шарттарына сай екенін мәлімдейді.

EMF жүйесімен үйлесімді
TP Vision кез келген электрондық құрылғы секілді жалпы электромагниттік сигналдарды шығару және қабылдау мүмкіндігі бар көптеген өнімдерді жасайды және сатады. TP Vision жетекші бизнес принциптерінің біреуі — біздің өнімдердің барлық тиісті талаптарына сай болуы және өнімдерді жасау уақытында тиісті электромагниттік өріс (ЭМӨ) стандартарының шеңберінде қалу үшін барлық қажет денсаулық және қауіпсіздік шараларын қолдану.

TP Vision денсаулыққа кері әсерлерді тигізбейтін өнімдерді әзірлеуге, жасауға және нарыққа шығаруға міндетті. TP Vision өнімдері мақсатына сай дұрыстап пайдаланылса, қазіргі уақытта қол жетімді ғылыми дәлелдерге сай қауіпсіз екенін растайды. TP Vision халықаралық ЭМӨ және қауіпсіздік стандартарын жасауда белсенді рөл ойнайды. Бұл TP Vision компаниясына өнімдеріне ерте ендіру үшін одан әрі дамуды болжауға мүмкіндік береді.

26.2

## Пайдалану шарттары - Philips TV Collection

Қосымша ақпарат алу мақсатында **Анықтама** бөлімінде **Кілтсөздер** тармағын таңдап, қосымша ақпарат алу үшін **Пайдалану шарттары, Philips TV Collection** деп іздеңіз.

27

# Авторлық құқықтар

27.1

## MHL

MHL, Mobile High-Definition Link және MHL логотипі — MHL, LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

27.2

## HDMI

HDMI мен HDMI High-Definition Multimedia Interface сөз тіркестері және HDMI белгісі – Америка Құрама Штаттарындағы немесе басқа елдердегі HDMI Licensing LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

27.3

## Dolby Digital Plus

Dolby Laboratories компаниясынан алынған лицензия бойынша өндірілген. «Dolby» және қос «D» таңбасы – Dolby Laboratories компаниясының сауда белгілері.

27.4

## DTS Premium Sound ™

DTS патенттерін http://patents.dts.com сайтынан қараңыз. DTS Licensing Limited лицензиясы бойынша өндірілген. DTS, таңба және DTS символмен бірге барлығы тіркелген сауда белгілері және DTS Premium Sound — DTS, Inc сауда белгісі. © DTS, Inc. Барлық құқықтары қорғалған.

27.5

## Microsoft

**Windows Media**

Windows Media – Microsoft корпорациясының Америка Құрама Штаттарында және/немесе басқа елдерде тіркелген сауда белгісі немесе сауда белгісі.

**Microsoft PlayReady**

Мазмұн иелері авторлық құқықпен қорғалатын материалды қоса алғанда зияткерлік меншігін қорғау үшін Microsoft PlayReady™ мазмұнға қол жеткізу технологиясын пайдаланады.
Бұл құрылғы PlayReady технологиясымен қорғалатын мазмұнға және/немесе WMDRM технологиясымен қорғалатын мазмұнға қол жеткізу үшін PlayReady технологиясын пайдаланады. Құрылғы мазмұнды пайдалануға қатысты шектеулерді дұрыс қолдана алмаса, мазмұн иелері Microsoft компаниясын құрылғының PlayReady технологиясымен қорғалған мазмұнды қолдануға мүмкіндігінің күшін жоюды сұрауы мүмкін. Бұл мүмкіндіктің күшін жою қорғалмаған немесе басқа технологиялармен қорғалған мазмұнға әсер етпеуі тиіс. Мазмұн иелері мазмұндарына қол жеткізе алуыңыз үшін PlayReady технологиясын жаңартуыңызды талап етуі мүмкін. Жаңартудан бас тартсаңыз, жаңартуды қажет ететін мазмұнға қол жеткізе алмайтын боласыз.

27.6

## Wi-Fi Alliance

**Wi-Fi®, Wi-Fi CERTIFIED логотипі, Wi-Fi логотипі — Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгілері.**

27.7

# Kensington

**(қолданыста болса)**

Kensington және MicroSaver — дүниежүзіндегі басқа елдерде берілген тіркеулері және қараудағы өтініштері бар ACCO Дүниежүзілік корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.

27.8

# Басқа сауда белгілері

Барлық басқа тіркелген және тіркелмеген сауда белгілері олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

28

# Үшінші тараптар ұсынатын қызметтерден және/немесе бағдарламалық құралдан бас тарту

Үшінші тараптар ұсынатын қызметтер және/немесе бағдарламалық құрал ескертусіз өзгертілуі, уақытша тоқтатылуы немесе шектелуі мүмкін. TP Vision мұндай жағдайларда жауапкершіліктен бас тартады.

# Индекс


**A**
Ambilight параметрлері 60
Android параметрлері 41
APP құлыптары 46

**B**
Bluetooth 32
Bluetooth, жұптастыру 32
Bluetooth, Құрылғы таңдау 32
Bluetooth, Құрылғыны алып тастау 32
Brightness (Жарықтық) 53

**D**
DMR, Digital Media Renderer 40
DVI-HDMI қосылымы 27

**А**
Автоматты өшіру таймері 63
Айқындылық 53
Арна 19
Арна, арналар тізімі, ашу 19
Арна, арналар тізімі, сүзгі 24
Арна, арналар тізімі, іздеу 19
Арна, арналар тізімі, қосымша ақпарат 19
Арна, арнаға ауыстыру 20
Арна, жас рейтингі 20
Арна, жерсерікті орнату 13
Арналар тізімін көшіру 18
Арналар тізімін көшіру, ағымдағы нұсқа 18
Арналар тізімін көшіру, жүктеу 18
Арналар тізімін көшіру, көшіру 18
Ата-аналық рейтинг 20
Аудио сипаттама 69

**Б**
Байланыс мүмкіндігінің нұсқаулығы 26
Батареялар, Bluetooth қашықтан басқару құралы 11
Бағдарламалар, ұсыныстар 83
Бағдарламалық құралды жаңарту 87
Бейнекамера, жалғау 36
Бейнені таңдау 21
Бір кабель 14
Бірнеше көрініс 86

**Г**
Гамма 55

**Д**
Дауыспен іздеу, қашықтан басқару құралы 8
Джойстик, қосу 34
Дыбыс деңгейін автоматты түрде реттеу 59
Дыбыс мәнері 57
Дыбыс, Дыбыс деңгейін автоматты түрде реттеу 59

**Е**
Есту қабілеті нашар 69
Есту қабілеті нашар 69
Еуропалық экотаңба 89

**Ж**
Жалғау, USB жад құрылғысы 35
Жарық сенсоры 55
Жас рейтингі 20
Желі параметрлері 39
Желі, Тұрақты IP 39
Желі, параметрлер 39
Желі, параметрлерді көру 39
Желі, сымды 39
Желі, сымсыз 38
Желі, теледидар желісінің атауы 40
Желі, қосу 38
Желі, PIN кодты WPS 38
Желі, Wi-Fi желісімен қосу 40
Желі, Wi-Fi Smart экраны 40
Желі, WoWLAN 40
Желі, WPS 38
Желілік орнату 38
Жерсерік CAM модульдері 13
Жерсерік, Арнаны қолмен жаңарту 14
Жерсерік, Бір кабель 14
Жерсерік, арна бумалары 14
Жерсерік, жерсерік қосу 14
Жерсерік, жерсерікті жою 14
Жерсерік, қолмен орнату 15
Жерсерікті орнату 13
Жоғары жиілікті 58
Жылдам сурет параметрі 57

**И**
Интернет жадын тазалау 40

**К**
Компьютер, жалғау 36
Контраст 53
Контраст режимі 55
Контраст, бейне контрасты 55
Контраст, динамикалық контраст 55
Көзге көрінетін зақым 69
Күту режимі 12

**М**
Мультимедиалық файлдар, бұлтқа сақтау жадынан 71
Мультимедиалық файлдар, компьютерден не NAS қоймасынан 71
Мультимедиалық файлдар, USB құрылғысынан 71
Мәселелер, қашықтан басқару құралы 92

**Н**
Нашар көретін 69
Негізгі экран 42

**О**
Ойын консолі, жалғау 33
Онлайндық қолдау 94
Орын, көру қашықтығы 5
Орын, теледидар орны 5

**П**
Пайдалану шарттары 98
Пайдалану шарттары, Philips TV Collection 42
Пайдалануды аяқтау 89
Проблемалар, HDMI қосылымы 93
Проблемалар, USB қосылымы 93

**Р**
Реттелетін түс температурасы 54
Реңк 54

**С**
Сандық телемәтін 23
Сурет мәнері 52
Сурет пішімі 56
Сымды желі 39
Сымсыз желі 38

**Т**
Тапсырыс бойынша бейне 84
Теледидар көру 20
Теледидар нұсқаулығының деректері 74
Теледидарды кідірту 77
Теледидарды немесе батареяларды қоқысқа тастау 89
Төмен жиілікті 58
Түс температурасы 53
Түс, түсті басқару 54
Түсті жақсарту 53
Түсі 52
Тұтынушыларға қолдау көрсету 95

**У**
Ультра ажыратымдылық 56

**Ф**
Фотокамера, жалғау 36
Фотосуреттер, бейнелер және музыка 71

**Х**
Хабарландырулар 88

**Ш**
Шуылды азайту 56

**Э**
Эко параметрлері 63
Экран күтімі 97

**H**
HDMI MHL 27
HDMI Ultra HD 65
HDMI, ARC 26
HDMI-CEC, EasyLink 27

**M**
Motion (Қозғалыс), Clear LCD (Таза СКД) 56
Motion (Қозғалыс), Perfect Natural Motion (Тамаша табиғи қозғалыс) 56
MPEG ақауларын азайту 56

**Ә**
Әмбебап қол жеткізу 69

**Қ**
Қазір теледидарда 83
Қанықтығы 54
Қауіпсіздік нұсқаулары 96
Қашықтан басқару құралы пернетақтасы 9
Қашықтан басқару құралы, Дауыспен іздеу 8
Қашықтан басқару құралы, ресивер 10
Қашықтан басқару құралы, сенсорлы панель 9
Қашықтан басқару құралы, шолу 7
Қиындықтар, дыбыс 93
Қиындықтар, сурет 93
Қолданбалар 44
Қосылым, антенна қосылымы 6
Қосылым, жерсерік қосылымы 6
Қосылым, қуат кабелі 5
Қуатты қосу 12
Қуатты өшіру 12
Құлақаспап 32
Құлақаспаптың дыбыс деңгейі 58

**Ұ**
Ұйқы таймері 68

**P**
Perfect Natural Motion 56
Philips логотипінің ашықтығы 64

**T**
TV on Demand 83

**U**
USB пернетақтасы 35
USB қатты дискісі 34

**W**
Wi-Fi 38

**Y**
YPbPr қосылымы 28

All registered and unregistered trademarks are property of their respective owners.
Specifications are subject to change without notice.
Philips and the Philips' shield emblem are trademarks of Koninklijke Philips N.V.
and are used under license from Koninklijke Philips N.V.
2017 © TP Vision Europe B.V. All rights reserved.

philips.com